

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
М. БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

А.Ә.Әбішев, Ш.Т.Жайлаубаева

**АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ПО ҚЫЗМЕТІ ПӘНІНЕН
ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША КУРСЫ**

Оқу құралы

Ақтөбе, 2016

ӘОЖ 347.1 (075.8)

КБЖ 67.404 я73

Ә20

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

Пікір берушілер:

С.І.Қорықбаев - Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Экономика және құқық институты, мемлекеттік – құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.

А.Ж.Сейтенов - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының ҚҚЖК кафедрасының бастығы, полиция полковнигі

Әбішев А.Ә.

Ә20 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы ПО қызметі пәнінен дәрістердің қысқаша курсы: оқу құралы/ А.Ә.Әбішев, Ш.Т.Жайлаубаева – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 2016. - 139 б.

ISBN 978-601-7883-14-0

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қай мемлекетте болсын өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ұсынылып отырған дәріс жинағы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бағытындағы қызмет үшін дайындалуға қажетті материалдарды қамтиды. Дәріс жинағын дайындау барысында осы бағытқа арналып дайындалған және бұған дейін жарық көрген оқу құралдары, оқулықтар мен оқу-әдістемлік құралдар пайдаланылды. Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы оқу орындарының оқытушыларына және курсанттарына қолдануға арналған.

ӘОЖ 347 (075.8)

КБЖ 67.404 я73

ISBN 978-601-7883-14-0

© Әбішев А.Ә., Жайлаубаева Ш.Т., 2016

© ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ, 2016

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
1 тақырып Адам құқықтары теориясына кіріспе	5
2 тақырып Тұлғаның құқықтық мәртебесі	12
3 тақырып Адам құқықтарын қорғаудың тетіктері мен халықаралық институттары	27
4 тақырып Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық институттары	42
5 тақырып Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметін ұйымдастырудың құқықтық негізі	51
6 тақырып Тергеу үдерісіндегі адам құқықтарының сақталуы	63
7 тақырып Полиция қызметкерлерімен атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттары	77
8 тақырып Полиция мен қоғамның әрекеттестігі	93
9 тақырып Полиция және халықтың барынша қауқар топтары	103
10 тақырып Төтенше жағдайларда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі полиция қызметі	123
Нормативтік құқықтық актілер	136
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	137

АЛҒЫ СӨЗ

Дәріс жинағы «Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы ІІО қызметі» пәні бойынша мазмұнын ашады.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – бұл қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Мемлекетте емес, партияда емес, басқа біреуде емес, мүддесі, құқығы мен бостандығы бар жай ғана адам әлемнің ортасында тұруы керек. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары әр адамға тумысынан танылады және ол абсолютті деп аталады және ешқашан одан ажыратылмайды. Әрбір адам туылғаннан бастап, өлгенге дейін өзінің құқықтары мен бостандығынан үзіліссіз байланыста болады. Адамға оның құқықтары мен бостандығын мемлекет сыйға тартпайды, тек оны жүзеге асыруға көмектеседі және оларға кепіл береді. Осыны жасауға міндетті. Осы ілім бойынша халықаралық құрылымдар, соның ішінде БҰҰ мен жекелеген мемлекеттер жұмыс жасайды.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану мен сақтау, елдің қауіпсіздігін қатайтады, жекелеген елдердегі сияқты, барлық дүниежүзінде қалыпты қатынаспен қамтамасыз етеді.

Адамның негізгі орнықты құқықтары мен бостандықтары – бұл халықаралық нормаларда бекіткендей, еліміздің негізгі заңы Конституция заңында бекітілген құқық пен бостандық.

Бұл пәнді оқыту, құқық қорғау органдарының тәжірибедегі қызметкерлеріне үлкен мағыналы көмек. Адамның төмендегідей маңызды құқықтарымен қамтамасыз ететін кездегі ҚР ІІО рөлі өте жоғары:

- өмір сүру мен денсаулық қорғау құқығы;
- өмірдің лайықты деңгейіне құқығы;
- еркін еңбек ету құқығы;
- білім алу құқығы;
- шетел мемлекетіне көшу және тарихи Отанына қайтып оралу құқығы;
- жеке басының қадір-қасиетіне және жеке басына қол сұқпау құқығы;
- әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы;
- сөз сөйлеу бостандық құқығы;
- бейбіт жиналыстар өткізу құқығы және т.б.

Осы пәнді меңгере отырып, курсанттар алған теориялық білімі мен тәжірибелік дағдылануына негізделе, заңдылық талаптарын түсіне отырып, барлық сұрақтар бойынша профилактикалық, құқық қолдану және құқықты қорғау бойынша ҚР ІІО қызметін жүзеге асыруға дағдылануды үйренулері керек.

Тақырып № 1

Адам құқықтары теориясына кіріспе

1. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының ұғымы және мәні. Тарихи – философиялық көзқарастар.
2. Адам құқықтарының құралдары.
3. Адам және азаматтардың құқықтары және бостандықтарымен қамтамасыз ететін негізгі принципі.

1. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының ұғымы және мәні. Тарихи – философиялық көзқарастар.

Адам құқықтары теориясының қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Адам құқықтары идеясының өзі ежелгі заманда пайда болды. Бұл ұғымның қалыптасуына жалпыадамдық гуманитарлық философиялық және құқықтық ойдың табиғи эволюциясы жол ашты.

Б.з.д. V-I V ғғ. Афиныдағы билік үшін болған күрес нәтижесінде сол заман үшін демократиялық тәртіп орнатылды. Бұл кезеңдегі адам құқықтарының қайнар көзі мінсіз мемлекеттің критерийлері ретінде оның аталған құқықтарды сақтауы мен қамтамасыз етуі санаған Сократ, Платон мен Аристотель сияқты ежелгі грек философтарының ойларынан табылады. Протагордың (шамамен б.з.д. 481-411 ғғ.) «Бәрінің өлшем бірлігі - адам, әрекет ететіндерінің шамасы олардың әрекет етуінде, ал әрекет етпейтіндерінің - олардың әрекет етпеуінде» деген танымал формуласы - сол замандағы мемлекет турлы философиялық көзқарастардың негізін құрады. Алайда, ежелгі заман ойшылары адам құқықтары, олардың түрлі әлеуметтік топтардағы теңдігі туралы теориялық пікірлерден асып қадамдамады. Іс жүзінде, бұл қоғамға түрлі сыныптар мен сословиелік құрылымдардың арасындағы адам құқықтарының біркелкі таралмауы мен құлдардың толық құқықсыздығы тән болды. Сонымен қатар, соңғылары тіптен адам саналмай, «тілді құралдар» аталды.

Ортағасырлық дін мамандары мен философтар тумысынан тән құқықтар атап айтқанда меншіктің табиғаты мен адам бостандығы туралы ежелгі заман ойшылдарының идеяларын қабылдады (Исидор Севильский. Грациан, Руфинус және басқалары). Алайда, биліктің сипаты оның таңғажайып шығу тегімен айқындалды. Феодалдық қоғамның сословиелік құрылымына сәйкес, адамдаодың әлеуметтік теңсіздігі мен қоғамдық иерархия табиғи (құдайдың) заңдарға сәйкес келеді деген тұжырымның маңызы әлдеқайда басым болды (фома Аквинский).

Түрлі сыныптар мен сословиелердің, ең алдымен туындамалы буржуазияның өз құқықтары мен бостандықтары үшін күресінің нәтижесінде, орта ғасырлық өмір қағидаларына қайшы, мемлекет пен тұлғаның өзара қарым-қатынасының буржуазиялық мемлекеттік-құқықтық концепциялары туындайды.

Билікке және феодалдық шектеулерден босануға ұмтылған жаңа сыныптың әлдеқайда белгілі идеологтары - Г. Гроций, Б. Спиноза, Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш.-Л. Монтескье, Ж.-Ж. Руссо мен басқалары - адам құқықтарын мемлекеттік билікті шектейтін, мемлекет пен азаматтардың жеке өмірлеріне қол сұғу шектерін орнататын құралдар санады. Дж. Локктың пікірінше, мемлекет ешбір жағдайда адамның өмір сүру, бостандық және меншік құқығын шектей алмайды. Г. Гроций - табиғи құқық мектебінің негізін салушылардың бірі сол заманда-ақ адам құқықтарының мәңгі және ажыратылмастығы туралы ойлар айтып, «адам құқықтары тән жаратылыс құқығының оны тіпті Құайдың өзі өзгерте алмайтындай, мызғымас және ажырамас» деп санады. Бұл мектептің негізгі идеясы адамның құқықтары мен бостандықтары оған құдаймен де, мемлекетпен де берілмегендігіне саяды. Бұл табиғи құқықтар қандай да бір заңнамалық немесе жазбалы рәсімдеуді қажет етпейді, және мемлекеттік билікті шектейтін және мемлекеттің өз азаматтарының өміріне орнататын құрал немесе тәсіл болып табылады.

1215 жылы Англияда Бостандықтардың ұлы хартиясы қабылданды, ол ағылшын абсолюттік билігін шектейтін баптармен қатар, адам құқықтары туралы нормалардан құралған. Мысалы, Ұлы хартияның 39 бабы жасалған қылмыстар үшін тең құқылылардың заңды үкімі мен елдің заңы бойынша ғана жаза қолдануды көздейді. Адам құқықтары мен бостандықтарының жаратылыс құқықтық түсінігін нормативтік бекіту жолындағы ары қарайғы қадам 1679 жылғы «Хабеас Корпус Акт» болды, ол азаматтардың сот арқылы қорғалу кепілдемелерін орнатты, соның ішінде тұлғаның жеке басынатиіспеушілік, кінәсездік презумпциясы ұғымдарын, сондай-ақ адам құқықтарын қорғаудың өзге де маңызды ережелерін енгізді.

Жаратылыс құқықтары мектебінің идеялары американ штаттарының колониалды Англиядан тәуелсіздік алу күресінде Т. Пейн және Т. Джефферсонмен дамытылған болатын. 1776 жылғы 12 маусымда қабылданған Вирджиния құқықтарының декларациясы осы штаттың тәуелсіздігінің жариялануымен қатар, «Барлық адамдар табиғатынан тең дәрежеде еркін және тәуелсіз болады, және белгілі бір тумасынан берілетін құқықтарға ие болады бұл меншікті сатып алу және иелену құралдарымен, бақыт пен қауіпсіздікке ұмтылу құқығыменөмір сүру және бостандық құқығы». Бұл декларацияның идеялары 1776 жылғы12 маусымда қабылданған АҚШ тәуелсіздік декларациясында дамытылып, бекітілді. 1787 жылғы АҚШ Конституциясының бастапқы нұсқасында адам құқықтары туралы ұғымдар болмады (тең құқылы азаматтардың қатарынан қара нәсілділер мен үндістер алынып тасталды). Алайда, екі жыл өткен соң бұл Конституцияға алғашқы 10 түзету енгізіліп, «Құқықтар туралы билль» атауына ие болды, 1971 жылы ратификацияланған билль мемлекеттің тарапынан міндетті түрде сақталуы мен қорғалуы тиіс адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының тізімінен құралды.

1879 жылы Ұлы Француз революциясының жеңісі нәтижесінде, Адам мен азамат құқықтарының декларациясы Францияның 1958 жылғы

қолданыстағы. Конституциясының құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи құжат қабылданды. Онда: «Адамдар өз құқықтарында тең және еркін болып дүниеге келеді және қалады. Әрбір мемлекеттік одақтың мақсаты адамның жаратылысынан берілген және ажырамас құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады. Оларға бостандық, меншік, қауіпсіздік және азаптауға қарсы туру жатады» делінген.

Адам құқықтары идеясының қалыптасуына табиғи-құқықтық доктрина шешуші ықпалын тигізді. Алайда, ол жалпы адамзаттық гуманитарлық ойда. жалғыз емес. Оған адам құқықтарына деген позитивтік тәсіл қарсы тұрады, бұл тәсіл құқықтардың мемлекеттен туындайтындығын, ал мемлекет өз қарауы бойынша осындай құқықтардың түрін, көлемі мен мазмұнын анықтайтындығын, яғни «азаматтың жеке өміріне өзінің араласу шегін анықтай отырып, оларды адамға сыйға тартатындығын» көздейді. Бұл бағытты әлдеқайда жарқын өкілдері К. Бергбом, Д. Остин, ГФ. Шершеневич, Н М Палиенко болып табылады. Табиғи және позитивтік құқық мектептерінің қарсы туруы бірнеше жүзжылдықтарға созылды. Адам мен мемлекеттің өзара қарым - қатынастарына қатысты түрлі тәсілдер қазіргі уақытта да бар. Алайда адам құқықтарының қазіргі түсінігі табиғи-құқықтық және позитивтік тәсілдердің өзара үйлесімін көздейді, бұл ретте олардың әрбіреуіне біржақтылық түріндегі кемшіліктер тән. XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік мәселелермен үйлесімдегі табиғи-құқықтық доктрина жеке тұлға үшін айтарлықтай маңызы бар құқықтар мен бостандықтардың тумасынан тән болғандықтан, адам табиғатымен, сондай-ақ олардың іске асырылуы үшін жағымды жағдай жасайтын мемлекетпен немесе осы қоғамның табиғатымен анықталатындығын орнатады. Тәжірибе адамның табиғи құқықтарының позитивтік көздерде, әдетте мемлекеттердің конституцияларында бекітілуі жолымен келеді. Бұл, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданған конституциялардың басым көпшілігіне тән. (ГФР- 1949ж., Италия- 1947 ж, Жапония- 1947 ж. және Еуропа, Азия, Америка мен Африканың көптеген өзге елдері).

Адам құқықтарының доктринасы толығымен бір сөзсіз құндылыққа негізделген. Бұл құндылық - адамның қадір-қасиеті болып табылады. Қадір-қасиет - бірнеше жоспарлар мен деңгейлерден тұратын санат. Ең кең философиялық мағынасында қадір-қасиет-адам тегінің өкілі ретіндегі жиынтық мағынасындағы адамның ажырамас позитивтік сапасы. Адам құқықтары концепциясының негізін қалаушылардың бірі, француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо қадір-қасиет адамның ішінде дейтін: «Өз бостандығынан бас тарту өз қадір-қасиетінен, адам құқықтарынан, және тіпті міндеттерінен бас тарту болып табылады. Мұндай бас тарту адамның табиғатымен үйлеспейді.

Табиғи құқық теориясында адам құқықтары философиясында адамның қадір-қасиетінің өзіндік презумпциясы әрекет етеді. Цицеронның айтуынша, «адамның қадір - қасиетін қорлаудан асқан азап жоқ, құлдықтан асқан кемсітушілік жоқ. Адамның қадыр-қасиеті мен бостандығы оған тумасынан берілген. Оларды қорғаймыз не болмаса абыроймен өлеміз».Бұл тәсілдің

гуманизмі Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында қалыптастырылып, барлық адамдар – бір адамзат отбасының мүшелері, және олар қадір-қасиеттерімен бірге дүниеге келеді, бұл жағынан бәрі тең» деген сезсіз тұжырымнан куралады. Табиғатынан адамдарға сана мен ар-ождан тән, және бір-бірлеріне қатысты ағалық рухында басқа қадір –қасиетті, құқықтары мен бостандықтарын қорғау рухында әрекет етулері тиіс.

Адамның құқықтары мен бостандықтары саласындағы екі әлдеқайда кеңінен таралған теориялардың маңызы зор, олар - сатылас және деңгейлес теориялар жатады.

Біріншісіне сәйкес, адам құқықтары - бұл құқық нормаларында бекітілген, тұлғаның оның билікпен және мемлекетпен өзара қарым-қатынастарындағы мәртебесін сипаттайтын құқықтық ұғым (яғни, сатылас қатынастар). Бұл тұжырым өте орынды, себебі кей жағдайда мемлекет адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізгі бұзушы болып табылады.

Ал екіншісіне сәйкес, адам құқықтары - бұл моральдық-этикалық қағидалар мен нормалардан тұратын, адамдардың арасындағы қарым-қатынастары әлеуметтік реттегіштер жүйесі (яғни, деңгейлес қатынастар). Бұл теория жақтастарының айтатын дәлелдемелерінің бірі мынадай: «Адамның қадір-қасиетімен кіммен - билікке ие шенеунікпен, әлде қарапайым тоғышармен бұзылып жатқандығы маңызды емес, бұл жерде мәселе ең жоғарғы құндылық -адам құқықтарына қатысты».

Адам құқықтары мен бостандықтарын объективті және субъективті мағынада айыра білу қажет. Объективтік мағынада адам құқықтары мен бостандықтары - бұл қоғамдық қатынастардың барлық салаларындағы дербес тұлғалар мен әлеуметтік қауымдардың өкілеттіліктерін мойындайтын, кепілдендіретін, қамтамасыз ететін және қорғайтын адам құқықтары саласындағы мемлекетішілік құқықтық нормалар мен жалпы қабылданған дәстүрлер, қағидалар мен халықаралық құқық нормаларының мен жалпы қабылданған дәстүрлер, қағидалар мен халқаралық құқық нормаларының жүйесі. Субъективтік мағынада адам құқықтары мен бостандығы - бұл ұлттық және халықаралық құқық нормаларымен көзделген (жол берілген), нақты тұлғаға (әлеуметтік қауымдарға) тиесілі заңға сыйымды әрекеттер, қимылдар, мінез құлқы (әлеуметтік қауымдарға) тиесілі заңға сыйымды әрекеттер, қимылдар, мінез-құлқы (өкілеттіліктер) мүмкіндіктері. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану өз құқықтарын іске асыру нақты адамның өз қарауына байланысты. Мысалы, Объективті мағынада некеге тұру - ерлер мен әйелдердің заңға сыйымды өкілеттіліктер мойындайтын, кепілдендіретін, қамтамасыз ететін және қорғайтын мемлекетішілік құқықтық норма. Ерлер мен әйелдердің заңға сыйымды өкілеттіліктері, яғни субъективті құқықтар некеге тұру мүмкіндігінен, яғни некелік-отбасылық заңнама нормаларымен кезделген және жол берілетін әрекеттерді мүмкіндіктерінен тұрады.

2. Адам құқықтарының құралдары

Адам құқықтары теориясында құқықтар мен бостандықтарды түрлі негіздер бойынша жіктеу көзделген, соған қарамастан кез келген жіктеу шартты.

Адам құқықтарының жіктемесін екі негіз бойынша әлдеқайда егжей-тегжейлі қарастыру қажет (олардың мазмұнының мәтінмәнінде және туындау уақытында)маөмұны бойынша азаматтың (жеке), саяси, әлеуметтік,экономикалық, мәдени құқықтар мен бостандықтар болып бөлінеді.

Туындау уақыты бойынша бірінші, екінші және үшінші буын құқықтары болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы адам құқықтары мен бостандықтарының нақты жіктемесін толық қамтымайды. Сонымен қатар, ҚР Конституциясының «Адам және азамат» екінші тарауында баяндалған құқықтар мен бостандықтар «жиыны» жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес келеді және БҰҰ қабылданған екі халықаралық пактімен үйлеседі.

Бірінші буынға азаматтық және саяси құқықтар жатады. Бұл адамның жалпы танылған құқықтарының ішіндегі ең «көнесі»- Жеке құқықтардың қатарына жеке басына қол сұқпаушылық құқығы (заңсыз тұтқындаудан бостандық), жеке өмірін қорғау құқығы, хат-хабар жазысу құпиясы, діни сенім құқығы мен басқалары жатады. Саяси құқықтарға сайлау және сайлану құқығы, мемлекеттің істерін басқаруға қатысу және т.б. жатады. Бірінші буын құқықтары XVIII ғасырдың еуропалық және американдық философиясы мен саясат-құқықтық тәжірибеден туындады. Осыдан кейін, бұл құқықтар БҰҰ құқықтарында өз растауын тапты - Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1946 ж.) және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.)

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары (сондай-ақ, мәдени) екінші буын құқықтары болып табылады.

Олар жеке тұлға өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қолдау мен нормативтік бекітуге қатысты, адамдар қорқыныш пен қажеттіліктен еркін болатын жағдайлар жасау мақсатында, оның еңбек пен тұрмыс, жұмыспен қамтылу әл-ауқат және әлеуметтік қорғалу саласындағы жағдайын анықтайды. Бұл құқықтардың көлемі мен іске асырылу дәрежесі көбінесе іске асыру кепілдемелері бірінші буын құқықтары саналатын азаматтық және саяси-құқықтармен салыстырғанда әлдеқайда нашар дамыған.

Үшінші буынға ұжымдық құқықтар немесе ортақ құқықтар жатады. Бұл топтардың (мысалы, мүгедектердің), азшылықтардың (ұлттық, дін, сексуалдық және басқа) халықтардың құқықтары, даму құқығы, құқығы, жағымды қоршаған орта құқығы, ұрпақ жалғастыру құқығы мен басқалары. Өткен ғасырдың 70-80-ші жылдарында БҰҰ азшылықтар мен халықтардың құқықтары туралы құжаттарды өзірлеп, аймақтық халықаралық нормалар қабылдады, мұндағы Хельсинки үдерісінің маңызын айта кеткен жөн. Зерттеушілер мен практиктердің бір бөлігі (сатылас теорияның жақтастары)

ұжымдық құқықтарды (халықтар, ұлттар, азшылықтардың құқықтарыын) адам құқықтарына жатқызбайды, себебі олардың пікірінше, «адам құқықтарын тасушы субъект - жеке тұлға болып табылады. Соған қарамастан, топтар азшылықтар мен халықтардың құқықтарының топтағы, азшылықтағы немесе халықтағы әрбір жеке тұлғаның құқығы болып табылатындығын тусіну қажат.

3. Адам және азаматтардың құқықтары және бостандықтарымен қамтамасыз ететін негізгі принципі.

1946 жылдың қаңтар айында өзінің бірінші сессиясында Бас ассамблея Адам құқықтары туралы халықаралық билльді әзірлеу туралы шешім қабылдады. Комиссияға Адам құқықтары жөніндегі халықаралық билльді әзірлеу міндеті қойылды. Бастапқыда құжат болатындығы болжанды. Содан кейін, билльдің ,үш құжаттан құрылуы тиісті туралы шешім қабылданады: жалпы қағидаларды жариялайтын декларация, ратификациялаған мемлекеттер үшін міндетті сипатқа ие пакт (немесе пактілер) және «іске асыру шаралары», яғни, мемлекеттердің өздерінің міндеттерін орындауларын қадағалау тетіктері. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ ассамблеясымен қабылданды. (Жыл сайын 10 желтоқсан адам құқықтартарының халықаралық күні ретінде аталып келеді).

Оның арналуы – аталған құқықтар мен бостандықтардың жаппай және тиімді танылуы мен сақталуын қамтамасыз ету талпыныстарында «барлық халықтар мен барлық мемлекеттер орындауға ұмтылулары тиіс міндеттер ретіндегі әрекет ету болып табылады.

Декларация 48 дауыспен қабылданды, қарсы шыққандар жоқ. Дауыс беру кезінде 8 мемлекет дауысты беруден ұстанып қалды КСРО, Белоруссия КСР, Украина КСР, Польша, Чехословакия, Югославия және Оңтүстік Африка одағы.

Тек дауыс беру сипатына ие бола отырып, декларация адам құқықтарын қорғау тетіктерін ар қарайғы дамытуда шешуші рөл ойнап, адам құқықтарын қорғау мен іске асырудың әмбебап, сондай-ақ халықаралық аймақтық жүйелерін құрудың негізіне айналды.

Декларация 30 баптан тұрады және жалпы ережелерді тұжырымдайды. Ол іргелі құқықтар мен бостандықтардан құралған азаматтық құқықтар (3-19 баптар), саяси құқықтар (20-21 баптар), сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар (22-28 баптар), бұл ретте декларация олардың арасында ешқандай иерархияны орнатпайды. Жалпыға бірдей декларацияда бекітілген негізгі құқықтар аясында 90 астам халықаралық келісімдер, декларациялар мен өзге құжаттарды әзірлеудің негізіне айналды.

Олардың ішінде:

- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;

- Нәсілдік кемсітілушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенция;
- Әйелдерге қатысты кемсітілушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция;
- Азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция;
- Балалар құқықтары туралы конвенция;
- Еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция.

Адам құқықтарын қорғау тетіктері - бұл белгілі бір ұйымдық құрылымдар (адам құқықтары жөніндегі халықаралық соттар, халықаралық ұйымдар, комитеттер, комиссиялар, жұмыс топтары, арнайы баяндамашылар).

Адам құқықтарын қорғаудың барлық тетіктері былайша бөлінеді:

- Халықаралық (әмбебап, БҰҰ шеңберінде әрекет ететін, аймақтық, мысал үшін, Еуропалық Кеңес, ТМД және т.б. шеңберінде әрекет ететін).
- Ұлттық (әрбір жекелеген мемлекеттің ішінде әрекет ететін).
- БҰҰ жүйесіндегі адам құқықтарын қорғау тетіктері.

Адам құқықтары жөніндегі комитет – Адам құқықтары жөніндегі комиссияның орнын басқан, БҰҰ жүйесіндегі халықаралық құқық қорғау органы. БҰҰ бас ассамблеясының көмекші органы болып табылады. Кеңестің алғашқы отырысы 2006 жылдың 19 маусымында өтті.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия 1946 жылдың 10 желтоқсанында құрылды. 2000-шы жылдардың соңына қарай, негізінен, қатарында адам құқықтарын бұзушылардың, сондай-ақ саясилануы себепті, өзінің беделінен толық айырылды. Комиссияның соңғы отырысы Женевада, 2006 жылдың 27 наурызында өтті.

Адам құқықтары жөніндегі Кеңес БҰҰ Бас Ассамблеясымен 2006 жылдың 3 сәуірінде қабылданған 60/251 қарарымен құрылған.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесін құру туралы қарарда былай делінген: «Кеңестің мүшелері адам құқықтарын ынталандыру мен қорғау саласындағы ең жоғарғы стандартпен ұстанулары тиіс». Кеңес мүшесі адам құқықтарын өрескел және тұрақты бұзатын болса, Бас Ассамблея өз мүшелерінің үштен екі бөлігінің даусымен Кеңес мүшесінің құқықтары мен артықшылықтарының әрекетін тоқтатуға уәкілетті.

Тақырып № 2

Тұлғаның құқықтық мәртебесі

1. Құқықтық мәртебе: түсінігі мен құрылымы.
2. Азаматтық. Азаматтық алу және тоқтау.
3. Адам және азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандық-тарының түрлері.

1. Құқықтық мәртебе: түсінігі мен құрылымы.

Адам құқықтары пайда болу уақытына байланысты алуан түрлі болып келеді, сондықтан адам құқықтары пайда болған уақытты ескере отырып, **«адам құқықтарының ұрпақтары»** деген ұғым қалыптасты.

Соңғы он жылдық ішінде барлық адамдар иеленетін белгілі бір құқықтардың жаратылыс табиғаты туралы ой-пікірлер халықаралық құқықтың негізгі қағидаларына айналды. Негізгі, түпкілікті құқықтар жеке индивидтің құқықтық мәртебесінің өзегі және оларды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің көп күшін талап етпейтін туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтар үшін құқықтық негіз болып табылады.

Адам құқықтарының бірінші ұрпағы — бұл тұлғаның ой бостандығына, ар-ождан және діни бостандыққа құқығы, әрбір азаматтың мемлекеттік істерді жүргізуге катысу құқығы, заң алдындағы теңдікке құқығы, өмір сүруге құқық, тұлғаның бостандық пен қауіпсіздікке құқығы, негізсіз қамалуға, тұтқындалуға немесе қудалануға жол берілмеу құқығы, істі әділеттіктің барлық талаптарын сақтай отырып, тәуелсіз және бейтарап сотпен қаралу құқығы. Бұл құқықтар адам құқықтары үшін ұзақ уақыт күрес жүргізу барысында қалыптасып, демократиялық мемлекеттердің заңнамаларында нақтыланған.

Бірінші ұрпақтағы құқықтардың айрықша белгісі — бұлардың барлығының бостандықтың жағымсыз тұжырымдамасына сүйенетіндігі болып отыр, оның шеңберінде бостандық мәжбүрлеудің болмауын, сондай-ақ басқалардың тарапынан кедергісіз, өз еркі бойынша әрекет ету мүмкіндігін білдіреді. Бірінші ұрпақтағы құқықтар — бұл адамның бостандығына (әкімшілік, сол сияқты заң шығарушылық қызмет үрдісінде де) мемлекеттің негізсіз қол сұғуынан қорғайтын құқықтар. Бірінші ұрпақтағы құқықтар — бұл адам құқықтары институтының (Basic rights) негізі деп есептеледі. Олар халықаралық кұжаттарға сәйкес иеліктен шығарылмайтын және шектелуге жатпайтын құқықтар (осы құқықтарды жүзеге асыру тәсілдерін реттеумен шатастыр-мау қажет) деп түсіндіріледі.

Кейбір батыстық мамандар екінші және үшінші ұрпақтағы құқықтарды тек «әлеуметтік талап» деп тани отырып, бірінші ұрпақтағы құқықтарды ғана тікелей «адам құқықтары» ретінде қарастырады.

Адам құқықтарының екінші ұрпағы — бұл еңбек етуге және қызмет түрін еркін таңдауға құқық, әлеуметтік қамсыздандырылуға, демалысқа және тынығуға құқық, ана мен баланың қорғалуына, білім алуға, қоғамның мәдени өміріне қатысуға құқық. Аталған құқықтар халықтың өз экономикалық

жағдайын көтеру үшін күрес процесінде қалыптасқан. Бұл құқықтарды жүзеге асыру үшін мемлекеттің араласуы қажет, себебі ол жария етілген әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарға кепілдік беруге тиіс. Аталған құқықтарды тану ең алдымен капиталистік елдерде, содан соң Қазан төңкерісі және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік әлеуметтік жүйелер арасындағы қатаң күрес нәтижесі болды.

Екінші ұрпақтағы құқықтарды тануда белгілі бір рөлді КСРО атқарды, — идеологиялық және саяси тұрғыдан емес — себебі, екінші ұрпақтағы құқықтарды халықаралық-құқықтық құжаттарға енгізуді әрдайым талап етті. Нәтижесінде екінші ұрпақтағы құқықтар алдымен Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында (1948 г), содан кейін Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактіде (1966 г.) көрініс тапты. Екінші ұрпақтағы құқықтарды тану адам құқықтарының тұжырымдамасына елеулі өзгерістер әкелетінін білдірді. Бұл өзгерістер бостандықты басқа адамдармен тең негізде өз еркін жүзеге асырудың нақты мүмкіндігі ретінде позитивті тұрғыда түсінуге негізделген. Осындай ұғымдағы бостандықты иелену өзге адамдардың тарапынан мәжбүрлеудің болмауын, сол сияқты белгілі бір мүмкіндіктердің, соның ішінде материалдық ресурстардың болуын қарастырады. Олай болмаған жағдайда, әдетте адам өз құқығын пайдалана алмайды.

Екінші ұрпақтағы құқықтарды жүзеге асырудың тетіктері мүлдем басқа болады және мемлекетке жаңа міндеттер жүктейді. «Классикалық» либералды көзқарастарға сәйкес, мемлекеттік құқықтық реттеу белгілі бір қағидаларға сүйенеді: жалпы «ойын ережелері» жария салаға катысты болады және формалды тұрғыда азаматтардың барлық санаттарына бірдей болады. «Тиісті дәрежеде өмір сүру құқықты» қамтамасыз ету жөніндегі міндетті мемлекетке жүктеу талабы бұл сызбанұсқаны түбегейлі өзгертті. Бір жағынан, жария салаға тән құқықтық реттеу әдістері белгілі бір мөлшерде жеке шарттық қатынастар саласына көшірілді (мысалы, еңбек етудің әділетгі және қолайлы жағдайларын қамтама-сыз ету); бұл өз кезегінде жеке бостандықты шектеу ретінде қабылданды. Екінші жағынан, екінші ұрпақтағы құқықтарды қамтамасыз ету шеңберінде мемлекеттің иеленген билік етуші функциялары әртүрлі санаттағы азаматтарға алуан түрлі қарым-қатынастың (зәңі теңдік қағидасын бұзу деп есептеледі) қажеттілігін білдіреді.

Ақыр соңында екінші ұрпақтағы құқықтар адам құқықтары ретінде халықаралық құжаттарда танылды. Сонымен қатар, аталған құқықтар бірінші ұрпақтағы құқықтарға қарағанда неғұрлым салыстырмалы сипатқа ие болады. Халықаралық қауымдастық бұл құқықтарды жүзеге асыруға қандай да бір қатаң талаптарды қоймайды. Атап айтсақ, «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің» 2-бабында «осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет дербес түрде және халықаралық көмек пен ынтымақтастық ретінде, атап айтқанда, экономикалық және техникалық салаларда, осы Пактіде танылған құқықтарды барлық тиісті тәсілдермен, атап айтқанда, заңнамалық шаралар қабылдауды қоса алғанда, бірте-бірте толық

жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін колда бар ресурстарды барынша ауқымды шегінде шара-лар қабылдауға міндеттенеді» деп көрсетілген. Екінші ұрпақтағы құқықтарды жүзеге асыру, бір жағынан, материалдық ресурстардың болуына, екінші жағынан — қайта бөлудің неғұрлым тиімді ауқымына қатысты әртүрлі көзқарастардың орын алуына байланысты болады.

Адам құқықтарының үшінші ұрпағы — бұл адам құқықтары және халықтың құқықтары: бейбітшілікке құқық, таза қоршаған ортаға құқық, өзін-өзі анықтауға құқық, қарусыздандыруға құқық, адамзаттың жалпы мұрасын иеленуге құқық, сапасы адал өнім-дерге құқық, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастаған азшылықтың құқықтары. Адамның үшінші ұрпақтағы құқықтары негізінен ұжымдық құқықтарды қамтиды және жеке адаммен емес, ұжыммен, қоғаммен, ұйыммен жүзеге асырылады. Мұнда жеке және ұжымдық құқықтар тығыз байланысты болады. Ұжымдық құқықтар еш уақытта жеке адамның құқықтарына үстемдік етпеуі тиіс. Осылайша, өзін-өзі анықтауға құқық — халық пен ұлттың ажырамас құқығы болып табылады және аталған аймақта өмір сүретін әрбір адамның құқықтарын шектемеуі тиіс.

Үшінші ұрпақтағы құқықтарға қатысты ғалымдардың пікірлері сан алуан және қарама-қайшы болып келеді. Олардың иеленушісі негізінен халық пен ұлт болып табылатын және көптеген даулар мен теориялық пікірталастар тудырған «Адам құқықтарының үшінші ұрпағының» Тұжырымдамасы біздің жүзжылдықтың 70 жылдарында пайда болған. Аталмыш тұжырымдаманың идеялық авторы және кеңінен таратушылардың бірі Карел Васак, ол адам құқықтары және бейбітшілік жөніндегі ЮНЕСКО Департаментінің бұрынғы директоры болған. Оның еңбектері 70 жылдардың басы мен 80 жылдардың аяғындағы ынтымақтастық құқығының қалыптасуы мен мазмұнына қатысты пікірталастардың негізіне енгізілген. «Ынтымақтастық құқығы» терминінің өзі немесе «үшінші ұрпақтағы құқықтар» алғаш рет «Курьер ЮНЕСКО» атты ай сайынғы басылымда Васактың «Отызжылдық күрес» мақаласында жарық көрген. Осы жұмыста Васак ынтымақтастық құқығының туындап келе жатқанын көрсетті, оның пікірінше, олар «үшінші ұрпақтағы құқықтар» деп танылып, адам құқықтарының ұхынылған жіктелуіне негіздеме жасады.

Адам құқықтарының екінші ұрпағы 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар; бұлар — жария биліктің тарапынан позитивті әрекеттерді талап ететін позитивті оң құқықтар; бұл теңдікке құқық. Және соңғысы, адам құқықтарының үшінші ұрпағы ынтымақтастық қағидасына негізделген және үшінші әлем мемлекеттерінің отарсыздандыруы мен талаптарының нәтижесі ретінде қалыптасқан; бұл жеке индивидтердің емес, ең алдымен ұжымның құқықтары, және «әлеуметтік сахнадағы барлық тұлғалардың — жеке индивидтің, мемлекеттің, жария және жеке ұйымдардың, халықаралық қауымдастықтың келісілген әрекеттерінің көмегімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін». Осындай ынтымақтастық құқықтарының ішінде Васак

бейбітшілікке құқықты, дамуға құқықты, таза қоршаған ортаға құқықты, адамзаттың жалпы мұрасына қатысу құқығын, және жекелеген еңбектерінде гуманитарлық көмек алуға құқықты атап көрсетеді.

2. Азаматтық. Азаматтық алу және тоқтау.

Тұлғаның қоғамдағы құқықтық жағдайының маңызды заңи алғышарты азаматтық жағдайы, яғни индивидуумның аталған мемлекетке саяси тиесілілігі болып табылады, бұл тиесілілік тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың сипатын белгілейді.

Халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес әрбір адам азаматтық алуға құқылы, бірақ азаматтықты алу белгі — өлшемдері сан алуан. Тууы бойынша азаматтықты ұсыну негізінде екі қағида — «қан құқығы», яғни нақты мемлекеттің азаматтарынан туылу, және «топырақ құқығы», яғни белгілі бір мемлекеттің аумағында туылу қағидасы жатыр. Көптеген мемлекеттердің заңнамасында аралас көзқарастар қалыптасқан. Жалпы ереже бойынша, егер адам мемлекетпен белгілі бір мән-жайлар арқылы — оның аумағында туылуы не өмір сүруіне байланысты болмаса, шетел мемлекетінің азаматтығын алу мүмкіндігі көп емес. Шетел азаматтарын натураландыруға әр түрлі көзқарастар бар. Мемлекеттің қол астына алу (натураландыру) құзыретті органның шешімі негізінде белгілі бір тұлғаларға ұсынылатын басымдық болып табылады.

Азаматтық ең алдымен мемлекет пен азаматтың неғұрлым өзара маңызды құқықтары мен міндеттерін бекітетін мемлекеттік-құқықтық институттардың бірі болып табылады. Бұдан басқа, осы нормалар азаматтықты алу, оны тоқтату және азаматтықты калпына келтірумен байланысты пайда болатын қатынастарды реттейді.

Азаматтық былай деп анықталады:

- тұлғаның мемлекетке тиесілілігі ретінде;
- тұлғаның мемлекетпен құқықтық, саяси-құқықтық немесе әлеуметтік- саяси байланысы ретінде;
- ерекше құқықтық қатынас.

Азаматтық — адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқылық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді. Аталған анықтама «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңның преамбуласында берілген. Бұдан шығатыны, азаматтық — бұл ең алдымен тараптардың өзара құқықтары мен міндеттерінен құралатын екіжақты саяси-құқықтық байланыс. Осылайша, аталған заңның 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын

қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті. Осы құқықтар мен міндеттер кез келген мемлекеттің азаматтығынын мазмұнын құрайды. Тиісінше, құқықтық құбылыс ретіндегі азаматтықтың мазмұны мемлекет пен тұлғаның бір-біріне қатынасындағы құқықтары мен міндеттерін қамтиды, сондай-ақ ішкі мемлекеттік құқық саласына жатқызылады.

Алайда өзара құқықтар мен міндеттердің жай, қарапайым жиынтығы азаматтық мазмұнын құрамайды. Тек олардың бірыңғай құқықтық байланысын құрайтын жиынтығы азаматтық туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Басқаша айтсақ, азаматтықтың қалыптасуы үшін тек жеке құқықтар немесе бостандықтардың ғана емес, олардың жиынтығы болуы тиіс. Азаматтықты тұлғаның белгілі бір мемлекетке тиістілігі деп анықтай отырып, ең алдымен тұлғаның аталған мемлекеттің юрисдикциясында болуын білдіреді. Тиістілік тарихи қалыптасқан мұрагерлік қағидасын ескере отырып анықталады.

Тұлғалардың қандай да бір мемлекеттің азаматтығына тиіс-тілігі олардың шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жүктелмейтін мемлекетке қатысты міндеттерін белгілейді, соның ішінде: азаматтың жоғары атағын ерекше дәрежеде иелену, республиканың мүдделерін қорғау, оның беделін, тәуелсіздігін арттыру, т.б. міндеттерін жүктейді. Өз кезегінде мемлекет әрбір азаматқа қатысты құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етуге, қоғамның барлық салаларында азаматтардың тең құқықтылығын, шетелде тұрақты тұратын өз азаматтарын қорғап, оларға қамқорлық жасауға міндетті.

Тұлға, мемлекет аумағында өмір сүргендіктен немесе мемлекеттік билікке бағынышты болғандықтан емес, азаматтықпен байланысты қатынастардың мазмұнын құрайтын тұлға мен мемлекет арасындағы ерекше байланыстар болғандықтан, азамат ретінде танылады. Тұлға мен мемлекеттің байланысы әрқашанда құқық арқылы реттеліп отыратындықтан, азаматтық — азамат пен мемлекеттің құқықтық байланысы болып табылады. Азаматтықты заңи тұрғыдан рәсімдеу үлкен маңызды саяси және тәжірибелік мазмұнға ие. Осылайша, азаматтың іс жүзінде шетелде болуына қарамастан азаматтық өздігінен токтатылмайды және алынып тасталмайды. Уақытша немесе тұрақты негізде мемлекеттің аумағынан тыс жерде бола отырып, тұлға толық көлемде өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің юрисдикциясында болады.

Азаматтық — тек заңи ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси ұғым болып табылады. Азаматтық саласындағы қатынастарды реттей отырып, мемлекет нақты қалыптасқан әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастарды ескере отырып, әрекет етеді. Мемлекеттің даму деңгейі жоғары болған сайын, азаматтарды қорғау деңгейі сол ғұрлым жоғары болады. Әрбір егеменді мемлекет өз азаматына топырақ құқығы (адамның дүниеге келген

мемлекеті) бойынша немесе қан құқығы (яғни ата-анасының азаматтығы) бойынша ол туған сәттен бастап ұлттың азаматтығын береді.

1991 жылғы 20 желтоқсандағы «ҚР Азаматтық туралы» Заңға сәйкес, азаматтықты алудың өзге тәсілі натурализация (қол астына алу) болып табылады. Аталған тәсіл Қазақстанда үш жолмен жүзеге асырылады: бір мемлекеттің азаматының екінші мемлекеттің азаматымен некеге тұруы; тұлғаның азаматтыққа алу туралы өтініш жасауы; азаматтардың басқа мемлекеттің азаматтығындағы баланы асырап алуы.

Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан оның бүкіл аумағында бірыңғай және тең болып табылады (ҚР Конституциясының 10-бабының 1 тармағын қараңыз). Азаматтық — адамға қоғамның өміріне толық көлемде қатысуға құқық береді, тұлғаның құқықтық мәртебесін, яғни оның белгілі бір мемлекетке тиістілігін анықтайды, Қазақстан Республикасының азаматтары шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, кәсібінің түріне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан заң алдында тең болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты болып табылады. 16 жасқа дейінгі баланың азаматтығы оның туу туралы куәлігімен, ата-анасының қайсысының болса да төлқұжатымен расталады.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға адамның Заңда белгіленген тәртіппен жасаған өтініші негізінде рұқсат етіледі. Егер шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүлкітік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін. Егер шығу туралы өтініш жасаушы адам айыпкер ретінде қылмысты жауапқа тартылған болса не заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе, немесе ол адамның Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға жол берілмейді. Қазақстан Республикасы азаматтығынан:

1) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, әділет органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

2) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

3) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген

негіздер бойынша;

4) егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен үш жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе;

5) егер азамат басқа мемлекеттің азаматтығын алса, ол республика азаматтығынан айырылады.

Қазақстан Республикасында азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адам Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті:

- Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау туралы;
- Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру туралы;
- Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы шешімдер

қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, облыстардың, қалалардың, аудандардың және қаладағы аудандардың ішкі істер басқармалары, бөлімдері: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді; Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында кезделгендей, Қазақстан Республикасының азаматтығына алынғандығын және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығын тіркеуді жүзеге асырады; Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының дипломатиялық, өкілдіктері мен консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттердегі өкілетті өкілдіктері: Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді; Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді.

Белгілі бір елде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері болмаған ретте бұл органдардың міндеттерін тиісті шарттар негізінде басқа мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері атқарады.

Азаматтық мәселелерді алдын ала қарау үшін Қазақстан Республикасының Президенті азаматтық мәселелер жөнінде комиссия құрады. Азаматтық мәселелер жөніндегі арыздар мен ұсыныстарды қараған кезде Комиссия арыз берушінің дәлелдеріне, ұсыныс мазмұнына, мемлекеттік органдар қорытындыларына, өзге де құжаттарға және куәлардың тиісті түрде ресімделген айғақтарына жан-жақты баға береді.

Комиссия өзі жүргізіп отырған іс жөнінде тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден құжаттар мен материалдар талап етуге құқылы, олар қажетті акпаратты комиссия белгілеген мерзімде табыс етеді. Комиссия әрбір арыз немесе ұсыныс бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыныс енгізеді. Азаматтыққа қабылдау, оны өзгерту мәселелері жөнінде және өтініш қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығарылады.

Азаматтық мәселе жөнінде қайталап берілген арыз бұл мәселе жөніндегі осының алдындағы шешімнен кейін бір жыл өткен соң қаралады. Іс үшін арыз берушіге мәлім болмаған және мәлім болуы мүмкін болмаған елеулі мәнжайлар туған ретте қайталап жасалған өтініш ертерек те қаралуы мүмкін. Азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдердің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш жасаушы адам:

- 1) азаматқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шыкса;
- 2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- 3) мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы іс-әрекет жасаса;
- 4) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;
- 5) ланкестік әрекеті үшін сотталған болса;
- 6) сот ерекше қауіпті бауқеспе деп таныса;
- 7) басқа мемлекеттің азаматы болса, Қазақстан Республикасының азаматтығына оның өтініші қабылданбайды;
- 8) Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу;
- 9) Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу салдарынан тоқтатылады.

3. Адам және азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарының түрлері.

Қоғамдағы тұлғаның құқықтық жағдайы немесе құқықтық мәртебесі — бұл заңмен кепілдік берілген адамның құқықтары мен бостандықтарының жиынтығы. Мемлекет және индивид арасында, сондай-ақ азаматтардың бір-бірінің арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынастар мемлекет арқылы белгілі бір заңи нысанда — азаматтың құқықтық мәртебесін құрайтын құқықтар, бостандықтар және міндеттер нысанында бекітіледі. Осылайша, тұлға мен мемлекет арасындағы қатынастар заңмен бекітіліп, реттеледі.

Құқықтар мен бостандықтардың жүйесі — құқықтық саланың жүрегі, орталығы болып табылады және мұнда негізгі заңи мәселелерді шешудің кілті орналасқан. Құқықтар мен міндеттер арқылы мемлекет әлеуметтік жүйенің қалыпты өмір сүруі үшін міндетті, пайдалы және тиімді деп санайтын жүріс-тұрыстың үлгілері, стандарттары бекітіліп қана қоймай, мемлекет және тұлғаның өзара қарым-қатынастарының негізгі қағидаларының мәні ашылады.

Конституциялық құқықтар және бостандықтар, мемлекет пен тұлғаның өзара байланыстары нақты реттілік пен тәртіптілікті талап етеді, себебі жеке индивидтің құқықтық мәртебесі оның азамат, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам ретінде шығуына байланысты ерекшеленеді. Тұлғаның құқықтық мәртебесі бірыңғай болады. Мемлекеттің барлық азаматтары олардың қоғамдық немесе қызметтік жағдайына, біліміне, тұрғылықты жеріне, ұлттық тиесілілігіне карамастан бірдей құқықтық жағдайда болады. Кез келген мәнді жан-жақты ашу үшін әуелі ұғымдарды айқындап алған жөн. С.С. Алексеев әділ атап көрсеткендей, ұйымдардың жүйесін қалыптастыра білу, затты немесе құбылысты әртүрлі қырынан көруге мүмкіндік береді. Әрбір жаңа термин неғұрлым қарапайым, қолжетімді және құқықтық құбылыстың ұғымын балама түрде сипаттайтын болуы тиіс.

«Тұлға» ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылуы мүмкін. В.П. Тугаринов, В. А. Кучинский «тұлға адам болып дүниеге келіп, тұлға ретінде қалыптасады» деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, адам тұлға болуы үшін жеке даралыққа ие болуы тиіс, табиғи және ақыл-ой дамуының тиісті кезеңдерінен өтіп, өзге адамдармен қарым-қатынас барысында қажетті әлеуметтік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Біздің ойымызша, «тұлға» термині адамның әлеуметтік маңыздылығын баса көрсете отырып, тұлға — кез келген адам деп кең ұғым ретінде пайдаланылуы тиіс. М.С. Строгович былай деп дұрыс көрсетіп кеткен: «Әрине, тұлғалар әртүрлі болады. Жоғарғы даму деңгейіндегі тұлғалар бар, бірақ әрбір адам өзіне тұлға ретінде қарым-қатынасқа лайықты». Заңдарда жиі қолданылатын «тұлға» термині жеке индивидке катысты болады және мәні бойынша «тұлға» мен «адам» бір нәрселік ұғымды болып табылады.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі жалпы, арнайы және жеке болуы мүмкін. Тұлғаның қоғамдағы жағдайы оның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымымен, қолданыстағы заңнамамен анықталады. Заң азаматтар, тұлға мен қоғам, тұлға мен мемлекет арасындағы қатынастарды бекітеді және реттейді. Мемлекеттің Негізгі заңында адам және азаматтың барлық маңызды құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ олардың міндеттері белгіленген. Қазақстанның барлық азаматтарының құқықтық мәртебесі жалпы деп танылады, ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен анықталған және ағымдағы мән-жайларға байланысты болмайды.

Студенттердің құқықтық мәртебесі арнайы мәртебеге жатқызылады, ол азаматтардың жекелеген санаттарының жағдайының ерекшеліктерін көрсетеді, ал А. деген азаматтың құқықтық мәртебесі жеке дара бола отырып,

оның тұлғасының ерекшеліктерін: жынысын, жасын, кәсібін, отбасылық жағдайын, қызмет түрін және құқықтық мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

Адам құқықтары — қазіргі әлемдік өркениеттің басты құндылықтарының бірі — өте күрделі ұғым болып табылады. «Адамның құқықтары» және «азаматтың құқықтары», «адамның құқықтары мен бостандықтары», «адамның негізгі (түпкілікті) және өзге құқықтары», «индивидтің құқықтары» және «ұжымдық құқықтар» ұғымдары арасында белгілі бір айырмашылықтар бар.

«Адамның құқықтары» және «азаматтың құқықтары» деген сөздерді қолдана отырып, бұл санаттарының мазмұны бойынша ұқсас еместігін байқау қажет. Екеуінің де ажырамас сипатта болатынына қарамастан, адамның құқықтары табиғи құқықтан, ал азаматтың құқықтары — позитивті құқықтан туындайды. Адамның құқықтары оларды мемлекеттік тұрғыдан танымай және заң жүзінде бекітпей-ақ, құқық иеленушінің қандай да бір мемлекетпен байланысына қарамастан өмір сүре алады. Атап айтар болсак, бұл — барлық адамға және әрқайсысына тумысынан тиесілі табиғи, иеліктен шығарылмайтын құқықтар. Сондықтан олар адамның табиғи құқықтары деген атауға ие болды.

Саяси қайраткер Марк Туллий Цицерон «табиғи құқыққа қайшы келетін мемлекеттің заңы заң ретінде қарастырыла алмайды» деп айтқан. Әлеумеггік құқықтық мемлекетте табиғи және позитивті құқықтарды бір-біріне қарама-қайшы қою үшін негіздер жоқ, себебі соңғысы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бірыңғай жүйесін құрай отырып, адам мен азаматтың табиғи құқықтарын бекітеді және қорғайды.

Ал азаматтың құқықтары өз кезегінде сол тұлға тиесілі болатын мемлекеттің қорғауында болады. Азамат — бұл заңи санат, ол адамның белгілі бір мемлекетпен байланысын көрсетеді. *Азаматтың құқықтары* — бұл мемлекет арқылы қорғалатын және оның мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған заңи тұрғыдан мүмкін болатын жүріс-тұрыстың нормасы. Бұдан басқа, әлемдегі көптеген адамдардың азамат (азаматтығы жоқ адам, апатрид) деген мәртебесі мүлдем жоқ және сәйкесінше олар формалды түрде адам құқықтарын иеленгенімен, азаматтың құқықтарын иеленбейді. Баскаша айтканда, адамның құқықтары әрқашан заңи санат ретінде емес, тек моральдық немесе әлеуметтік санат ретінде қарастырылады.

Заңнамада «құқықтар мен бостандықтар» деген сөздер жиі қолданылады. Негізінен алғанда олар ұқсас ұғымдар. Алайда, «адам-мемлекет» қатынастарындағы құқықтық өкілеттіктерге қатысты олар бір-бірінен ерекшеленеді. Адамның құқықтары — заңмен белгіленген саладағы мемлекет арқылы бекітілген және кепілдік берілген адамның мүмкіндіктері, құқықтық өкілеттігі. Оған қоса, мемлекет заңмен белгіленген саладағы адамның құқыққа сай әрекеттерін қорғауға міндеттенеді. Заңи нысан, жазбаша құқық аталған құқықтардың «қорғалуын» қамтамасыз етеді, соған байланысты позитивті құқық деген атауға ие болды.

Адамның бостандықтары — бұл мемлекет араласуға тыйым салынатын адам қызметінің саласы. Мемлекет тек құқықтық нормалардың көмегімен шекара сызып, соның шегінде адам өз таңдауы және қалауы бойынша әрекет етеді. Осы тұста мемлекет нақты адамның бостандықтарына қол сұғудан бас тартуы тиіс, сондай-ақ өзге тұлғалардың аталған бостандықтардың шекарасына қол сұғудан қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Ю.П. Еременко былай деп көрсетеді: «Бостандық — адамның сыртқы мәжбүрлеу бойынша емес, қоғамдық және жеке мүдделерін қанағаттандыру мақсатында өз еркіне және ішкі сеніміне сәйкес ойлау және әрекет ету мүмкіндігін білдіреді». Тек бостандыққа ие адам ғана өз құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыра алады. Адамның құқықтары рұқсат етілген нәрсенің бөлшегі ретінде анықталады және адам құқықтарын бекіту адамның өз мүмкіндіктерін білуі үшін қажет болып табылады.

«Бостандық — тұлғаның органикалық өмір сүру ортасы, мұнда бостандықты шектеу орын алады, сәйкесінше тұлға психологиялық деформацияға ұшырайды». Азаматтың құқықтары мен бостандықтары — мемлекеттің қорғауында болатын және әрбір адамға тиесілі құқықтары болып саналады.

Егер «құқық» термині адамның нақты әрекеттерін анықтаса, мысалы, «сайлау құқығы және сайлануға құқық», онда «бостандық» термині нақты нәтиженің шеңберін көрсетпей, жекелеген таңдау жасаудың неғұрлым кең мүмкіндіктерін белгілеуге көмектеседі: «әркімнің ар-ождан бостандығына, діни сенім бостандығына кепілдік беріледі...»; «әркімнің ой және сөз бостандығына кепілдік беріледі». Осылайша, бүгінгі күні тұлғаның құқықтары және бостандықтарының көлемі жалпыадамдық құндылықтар мен мәдениеттің деңгейіне байланысты болып отыр.

Құқықтар мен бостандықтар — бұл адамның қадір-қасиетін мемлекет тарапынан орын алатын қол сұғушылықтардан қорғайтын қалқан болып табылады. Құқықтары жоқ адам өзі тәуелді адамдарға өтініш жасауы мүмкін. Бостандыққа ие жеке индивид өз құқығын қызметші ретінде сұрамайды, оны тікелей талап ете алады. Талап ету адамдық қадір-қасиеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. өз кезегінде, қадір-қасиетті қорғау адам құқықтарын қорғаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Конституцияда, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде және өзге заң әдебиеттерінде «қорғау» және «сақтау» деген ұғымдар кездеседі. «Қорғау» ұғымы бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі шараларды қарастырады, ал «сақтау» субъективті құқықтар мен бостандықтардың қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметті білдіреді. Осылайша, Н.И. Матузов «құқықтар мен мүдделер үнемі сақталады, ал олар бұзылған жағдайда қорғалады», деп есептейді.

«Сақтау» ұғымы құқықтар мен бостандықтардың заңсыз бұзылуына қарсы тұруды, осындай бұзушылықтың алдын алуды, сондай-ақ зиянның орнын толтыруды білдіреді, ал «қорғау» — бұл жалпы құқықтық режимді қалыптастыру, яғни құқықтар мен бостандықтар бұзылғанға дейін жүзеге

асырылатын қызмет. «Сақтау» терминін қолдана отырып, заң шығарушы құқықтар мен бостандықтардың бұзылуын жоюға және оған карама-қайшы тұруға бағытталған қызметті, сондай-ақ олардың бұзылмайтындығының кепілдерін анықтауды қоса алғанда, осындай бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қызметті білдіреді.

Қазіргі әлемде адам құқықтарының мәселесі әрбір жекелеген мемлекеттің шегінен асып кеткендіктен, адамның негізгі құқық-тары болып табылатын әмбебап халықаралық-құқықтық стандарттар қалыптастыру қажеттілігі туындады. «Негізгі құқықтардың» болуы басқа «негізгі емес, екінші дәрежелі құқықтардың» болуын білдірмейді.

Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары тұлғаның құқықтары мен мүдделерінің жалпыадамдық стандарттарын белгілеген бірқатар маңызды халықаралық актілерде көрініс тапқан, бұларға сәйкес мемлекет алдында жауапкершілікті тек азаматтар ғана иеленбейді, мемлекетте азаматтардың алдында олардың бостандығын, тұлғаға және оның жеке өмірге қол сұғылмаушылығын, азаматтардың барлық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі үшін жауапкершілікті иеленеді. Жеке индивидтің негізгі құқықтары — бұл оның конституциялық құқықтары болып табылады. Конституцияда және халықаралық-құқықтық актілерде көрініс тапқан *негізгі, түпкілікті құқықтар* индивидтің құқықтық мәртебесінің өзегі және оларды қамтама-сыз ету жөніндегі мемлекеттің көп күшін талап етпейтін туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтар үшін құқықтық негіз болып табылады.

Құрамында адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт, Азаматтық және саяси құқықтар тура-лы халықаралық Пактінің факультативтік хаттамалары бар Адам құқықтары туралы халықаралық Билль тек ішкі мемлекеттік емес, сондай-ақ халықаралық құқықтың да субъектісі болып табылатын адамның құқықсубъектілігіне түбегейлі өзгерістер енгізді.

Халықаралық заңдарға сәйкес, Пактіге қатысушы мемлекетте өмір сүретін немесе осы мемлекеттің юрисдикциясының қол астындағы барлық тұлғалар, нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге көзқарастарына, ұлттық не әлеуметтік шығу тегіне, мүлікті не өзге жағдайына қарамастан пактілерде көздел-ген құқықтарды иеленуге мүмкіндігі болады. Бұл құжатты мойындаған барлық мемлекеттер өзінің ұлттық заңнамасын Пактінің талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

Қатысушы мемлекеттер Пактілерге қосылғаннан кейін халықаралық құқықтық актілер ішкі заңнамадан басым болатын құқықтық жағдайда қалыптасады. Сондықтан саяси немесе азаматтық құқықтары бұзылған азамат егер барлық ішкі құқықтық қорғау тәсілдері таусылған жағдайда, БҰҰ жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комитетке тікелей жүгіне алады (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің №1 Факультативтік хаттамасының 2 -бабы).

1950 жылғы Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенция (ЕКПЧ) құқықтарды қорғаудың ұлттық заңнамада қарастырылған барлық ішкі мемлекеттік құралдарды пайдаланғаннан кейін де сондай жағдайларда адамның бұзылған құқықтарды қорғау үшін Еуропалық сотқа жүгіну мүмкіндігін қарастырады.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы, халықаралық Пактілер, Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенция және өзге де бірқатар халықаралық-құқықтық актілер конституциялық құқықтарымен бірге индивидтің қалыпты өмір сүруін қамтама-сыз етуге бағытталған негізгі құқықтар мен бостандықтардың әмбебап жиынтығын анықтады. Сондықтан қазіргі жағдайларда адамның негізгі құқықтары деп мемлекеттің Конституциясын-да және адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық актілерде, атап айтсақ, Адам құқықтары туралы халықаралық Билльде, 1950 жылғы Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық Конвенцияда, 1961 жылғы Еуропалық әлеуметтік Хартияда көрініс тапқан құқықтарды түсіну қажет. Адамның кез келген негізгі құқығы оның конституциялық тұрғыдан бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан әрбір қатысушы мемлекетпен танылуға тиіс. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың ішкі мемлекеттік нормаларға қатысты басымдылығы халықаралық қауымдастықтың баршамен танылған қағидасы болып табылады.

Негізгі құқықтар мен бостандықтар индивидтің құқықгык мәртебесінің өзегін құрайды, мүлде адамның қалыпты өмір сүруіне қажетті өзге көптеген құқықтардың пайда болу мүмкіндігі жинақталған. Бұл құқықтар жеке индивид, оның басқа адамдар мен, қоғам және мемлекетпен өзара әрекет етуі үшін өте маңызды болып келеді. Негізгі құқықтардың ішінен басқа құқықтар бөлініп шығуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттің Конституциясында, Адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық, актілерде бекітілген негізгі, фундаменталды құқықтар адамның туынды, бірақ неғұрлым маңызды құқықтарының құқықтық базасы болып табылады.

Өмір сүру салалары бойынша адамның құқықтары жеке (азаматтың), саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтарға бөлінеді.

Қолданыстағы Конституцияның 98 бабының ішінен тұтас бір тарау — 30 бап, яғни, барлық баптардың үштен бірі осы құқықтар мен бостандықтарды айқындайды. Қазақстанның Конституциясында бекітілген құқықтар мен бостандықтарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар. Бұл — өмір сүруге құқық, адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуге құқығы, жеке бостандық пен теңдікке құқық, ар-намысы мен беделін қорғауға құқық, орын ауыстыру бостандығына және тұрғылықты жерін таңдауға құқық, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық құқығы, сөз бостандығына құқық, арудан және дін бостандығына құқық. Заң әдебиеттерінде адамның жеке құқықтары мен бостандықтары азаматтық құқықтар мен бостандықтар деп те аталады. Осы

санаттағы құқықтар мемлекеттің жеке индивидтің карауына берілген қатынастардын белгілі бір саласындағы тұлға бостандығын тануы арқылы сипатталады және мемлекет тарапынан талап объектісі бола алмайды. Бұл құқықтар заңи тұрғыдан жеке мүдделердің әрекет ету кеңістігін қорғауға, жеке адамның өзін-өзі анықтау және тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктеріне кепілдік беруге арналған.

Осы құқықтардың пайда болуының әртүрлі кезендерінде олар адамның жеке бостандығы саласына мемлекеттің заңсыз кіруінен қорғауға мүмкіндік береді. Алайда азаматтық құқықтарды әрі қарай жүзеге асыру үшін адамның жеке бостандығы саласына мемлекеттің заңсыз кіруден енжар түрде міндеттенуі жеткіліксіз бола бастады. Жеке индивидтің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға көмек беру қажеттілігі туындады. Бұл жеке бостандық және жеке өмір саласына, соның ішінде мемлекеттің тарапынан құқыққа қайшы қол сұғудан қорғайтын тікелей тыйым салу жеткіліксіз болатынын білдіреді. Адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін мемлекеттің белсенді әрекеттері өте қажет.

Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар кез келген демократиялық тұрғыдан ұйымдасқан қоғамның ізгілікті қағидаларын айқындай отырып, тұлға бостандығының негізгі қырларын қамтиды.

Саяси құқықтар мен бостандықтар — азаматтың субъективті құқықтары мен бостандықтарының маңызды санаты. Оларды мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне қатысуға, сондай-ақ мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысу үшін заң және жа-рия билік арқылы адамға қамтамасыз етілген мүмкіндік ретінде қарастырған жөн. Азаматтардың саяси құқықтары басқа құқық түрлерінің қызмет етуінің қажетті шарты болып табылады, өйткені олар демократия жүйесінің табиғи негізін құрайды және билікке шек қоятын, оған бағдар жасайтын құндылық ретінде қарастырылады.

Саяси құқықтарға: ақпаратты алу және таратуға құқық, бірлесу бостандығына құқық, бейбіт жиналыстар, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге құқық, тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің істерін басқаруға қатысу құқығы жатқызылады.

Азаматтар саяси құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра отырып, қоғамдық-саяси өмірге, мемлекетті басқаруға қатысады. Демократиялық мемлекеттегі саяси құқықтар мен бостандықтар жаппай қоғамдық сана арқылы екінші дәрежедегі емес, керісінше негізгі ізгілікті құндылықтардың бірі ретінде қабылданады.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар (мәдени құқықтармен бірге) екінші дәрежедегі адам құқықтарына жатқызылады. Бұл — еңбекке құқық, өзін материалдық өндіріс саласында жүзеге асыруға мүмкіндік, өз мүлкін иеленуге құқық, неке және отбасын құруға ана мен бала құқығы, денсаулығын сақтауға құқық, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға құқық, адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауға құқық, жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшеріне құқық, жасы бойынша,

наукастануына, мүгедек болуына және асыраушысының қайтыс болуына, т.б. байланысты әлеуметтік қамсыздандырылуға құқық, шығармашылық бостандығына құқық. Азаматтар кепілдендірілген тегін медициналық көмек алуға құқылы. Бұл құқықтар жеке индивид өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қолдап отыру және нормативті тұрғыдан бекітуге қатысты болады, адамның еңбек пен тұрмыс, жұмыспен қамтылу саласындағы жағдайын анықтайды. Олардың көлемі мен жүзеге асырылу дәрежесі көп жағдайда экономика мен жиналған қордың жай-күйіне байланысты болады, сондықтан бірінші дәрежедегі аза-маттық және саяси құқықтармен салыстырғанда оларды жүзеге асыру кепілдіктері неғұрлым аз дамыған.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау саласындағы мемлекеттің міндеті — ілдерілеуші экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру, экономикалық даму үрдісіне және пайдасына өз халқының толық қатысуын қамтамасыз ету, барлық адамдарға аталған құқықтарды пайдаланудың тең мүмкіндіктерін ұсыну үшін өз ресурстарын пайдалану арқылы көрініс табады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарды құқықтық реттеу көздерінің арасында негізгі рөлді халықаралық-құқықтық нормалар атқарады.

Әлеуметтік құқықтар адамға өмір сүрудің тиісті деңгейін және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Басты құқықтардың бірі — әлеуметтік сақтандыруды, зейнетақымен қамтамасыз етуді және медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырылуға құқық болып табылады. Аталған құқықты жүзеге асыру өмір сүрудің қанағаттандырылғы деңгейіне, отбасын, ана мен баланы қорғау және қолдауға, дене және психикалық денсаулығының ең жоғарғы деңгейіне құқық тәрізді басқа құқықтарды жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Мәдени құқықтар адамның рухани дамуына кепілдік береді, әрбір жеке индивидке саяси, рухани, әлеуметтік және мәдени прогрестің пайдалы қатысушысы болуға көмек береді. Мұндай құқықтарға: білім алуға құқық, мәдени құндылықтарға қол жеткізу құқығы, қоғамның мәдени өміріне еркін қатысу құқығы, шығармашылыққа құқық, ғылыми прогресс нәтижелерін пайдалануға және оларды тәжірибе жүзінде қолдануға құқық және т.б. жатқызылады.

Тақырып № 3

Адам құқықтарын қорғаудың тетіктері мен халықаралық институттары

1. Адам құқықтары халықаралық қатынастар тарихында.
2. Адам құқықтарын қорғау бойынша халықаралық институттар.
3. Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар.

1. Адам құқықтары халықаралық қатынастар тарихында.

Адам құқықтарын қорғаудың алғашқы халықаралық тетіктері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Адам құқықтарын қорғаудың екі халықаралық тетіктері бар — БҰҰ жүйесінің шеңберінде әрекет ететін, әмбебап, және Еуропа Кеңесі шеңберінде құрылған аумақтық тетік.

Аталған жүйелерден басқа, әлемде адам құқықтарын қорғаудың өзге де аумақтық тетіктер бар: Америкааралық және Африкандық, бірақ олар кешірек құрылғандықтан, жалпылама тәжірибе құрған жоқ.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқықтары жөніндегі комитетті құруды көздейді. Ол Факультативті Хаттамаға сәйкес, жеке тұлғаға Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіге және Пактінің Факультативтік Хаттамасына кол қойған және ратификациялаған мемлекеттердің бірі адам құқықтарын бұзғаны туралы жеке наразылықпен БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке жолдануына мүмкіндік береді.

Жеке жолдану құқығы Факультативтік Хаттаманың 1 бабында көзделген. Мұнда: «осы Хаттаманың қатысушысы болып табылатын Пактінің қатысушы-мемлекеті Пактіде баяндалған құқықтарды бұзғаны үшін Комитет осы бұзушылықтың жәбірленушісі болып табылатын оның юрисдикциясындағы тұлғалардың арыздарын қабылдайтын және қарайтын Комитеттің құзыретін мойындайды» делінген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқықтары жөніндегі Комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің мүшесі болып табылатын мемлекет азаматтарынан БҰҰ Бас Ассамблеясымен тағайындалатын 18 мүшеден тұрады. Бірақ мемлекет БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке бір мүшеден артық ұсына алмайды. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитеттің мүшелері 4 жыл мерзімге тағайындалады. Комитет мүшелері жеке сипатта әрекет етеді, яғни өздері азамат болып табылатын мемлекетті танытпайды. Комитет мүшелері қайта тағайындалуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқықтары жөніндегі Комитет квазисоттық орган болып табылады, сондықтан, жіберілген арыздарды қарастыра отырып, Комитет істі сотта қарау барысында ұстанатын процедураға жүгінбейді. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитет жабық отырыста істерді қарастырады және арызданушы мен мемлекетпен

ұсынылған жазбаша материалдарды ғана қарайды. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетте наразылықтарды қарау екі сатыдан өтеді. Ең алдымен, Комитет қолданыстық туралы шешім қабылдайды, яғни бұл наразылықтың мәнісі бойынша қаралатыны-қаралмайтыны анықталады. Содан кейін Комитет ұсынылған материалдарға негізделе отырып, арызданушыға қатысты адам құқықтарының бұзылғандығы орын алғандығы туралы өз пайымдауларын шығарады.

Комитеттің шешімі 12 адам — кворум болғанда көпшілік ұжымдық дауыспен қабылданады. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитет арызды мәнісі бойынша қарап шыққан соң, мемлекетке өз көзқарастары туралы жеткізеді және, егер бұзушылық орын алған жағдайда арызданушыға қатысты адам құқықтарының бұзушылықтарын жоюға ұсыныс береді.

Еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, тез арада пайда болды. Еуропалық жүйенің негізгі айырмашылығы — адам құқықтарын қорғау тетіктері шешімінің орындалу міндеттілігін және орындалудың қамтамасыз ету процедурасын көздейтіндігінде.

Еуропалық адам құқықтарын қорғау жүйесі Еуропа Кеңесінің шеңберінде әрекет ететін аумақтық шарт болып табылатын адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның негізінде құрылған.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция 1950 жылы 4 қарашада қабылданды және 1953 жылы 3 қыркүйекте күшіне енді. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның жаңа редакциясы 1998 жылы 1 қарашадан әрекет ете бастады. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қосымша 12 Хаттама қабылданды. 1, 4, 6, 7 және 12 Хаттамалар Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда тікелей бекітілмеген құқықтардың кепілдіктерін қарастырды. Қалған Хаттамалар про-цедуралық сұрақтарға қатысты болды.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот өз қызметін 1959 жылы бастады және оны 40 жыл бойы жүзеге асырып келуде. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот бүгінгі таңға дейін көптеген наразылықтарды қарап, нақты жағдайда адам құқық бұзушылықтары болған-болмағандығы туралы өз пайымдауларын шығарды. Бұл пайымдаулар соттар үшін әрбір істі қарау барысында өнеге іс (прецедент) ретінде басшылыққа алатын құқықтық ереже болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың қызметін үш сатыға бөліп қарастыруға болады.

Бірінші сатысы 1994 жылы 1 қазан дейін созылды. Бұл кезде Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот екі палатадан — Адам құқықтары жөніндегі Комиссиядан және Соттан тұрды, Комиссияға және Сотқа әр мемлекеттен бір өкіл қатысатын болды. Бұл сатыда жеке наразылықтарды

кабылдау және қарау функциясы Комиссияға тиесілі еді, тек Комиссия немесе қатысушы-мемлекеттер ғана Соттың қарауына істі беруге құқылы болды.

Екінші сатысы 4 жылға 1994 жылдан 1 қазанынан 1998 жылдың 1 қарашасына дейін созылды. Бұл кезде егер Комиссияның әрекеті нәтижесіз болған жағдайда ғана мүмкін болмаса арызданушылар Сотқа жолдану құқығына ие болды.

Қазіргі кезде Сот үшінші кезеңде өз қызметін жүзеге асыруда, және ол 1998 жылдың 1 қарашасынан басталды. Осы күннен Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда 11 Хаттама күшіне енді, ол жеткілікті мөлшерде Адам құқықтары жөнінде Еуропалық Соттың қызметін өзгертті. Біріншіден, Сот айына 1 рет бір апталық сессияға жиналмай, тұрақты негізде жұмыс істей бастады. Екіншіден, Сот бір палаталық болды, яғни Адам құқықтары жөніндегі Комиссия таратылды.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа Еуропа Кеңесінің және Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қатысушы-мемлекеттің санына сәйкес, қазіргі кезде 41 судья тағайындалған. Сот төрт секцияға бөлінген. Оның құрамына кіретін судьялар санынан тұратын секциялар тікелей наразылықтарды қарайтын Сот органын қалыптастырады. Сот Комитеттерді, Палаталар мен Үлкен Палаталарды құра отырып, өз қызметін жүзеге асырады.

Комитеттер қарауға тұрарлық сұрақтар бойынша нақты наразылықтарды қарау үшін құрылады. Егер, Комитет құрамына кіретін судьялар наразылықты қарауға тұрарлықсыз деп бір ауыздан шешім қабылдаса, онда наразылық Палатаның қарауына берді. Палата жеті судьядан құралады. Наразылықтарды қарау, әдетте бір мезгілде қаралмайды, себебі тараптардың істі мәнісі бойынша тыңдауға дайындалу керек екендігімен байланысты.

Наразылықты мәнісі бойынша қарауға, әдетте, арызданушы, оның адвокаты, сонымен қатар наразылық келіп түскен мемлекеттің өкілі қатысады. Сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот, егер арызданушы өзі шығындарды төлей алмаса, арыз-данушы мен оның өкілінің Страсбургке келуі мен онда тұруына материалдық көмек ұсынылады. Егер Палата адам құқықтарының бұзылғанын таныса, онда ол арызданушының пайдасына мемлекеттен әділ өтемақыны өндіруін, сонымен қатар сол мемлекетке жеке және жалпы сипаттағы бірқатар шараларды қолдануға мәжбүрлеуі мүмкін.

Үлкен Палата 17 судьядан тұрады. Үлкен Палатаның құзыретіне нақты анықталған сұрақтар шеңбері жатады.

Біріншіден, Үлкен Палата апелляциялық өкілеттіктерді жүзеге асырады, егер тараптар Палатаның шешімімен келіспесе және ол туралы 3 айдың ішінде хабарласа.

Екіншіден, Үлкен Палата қолданыстағы шешімдерге қайшы келетін шешімдер шығарылған жағдайда, Адам құқықтары жөнінде Еуропалық

Соттың алдыңғы прецеденті қозғалуы мүмкін болатын арыздарды қарай отырып, мәнісі бойынша қарайды.

Үшіншіден, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың шешімі қатысушы-мемлекет үшін міндетті болып табылады. Мемлекеттер шешім қабылданған сәттен бастап үш ай мерзімнің ішінде Соттың шешімін орындауға міндетті.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың шешімінің орындалуы Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетімен қамтамасыз етіледі. Әдетте, мемлекеттер шешімдерді 2—3 жыл ішінде орындайды.

2. Адам құқықтарын қорғау бойынша халықаралық институттар.

Адам құқықтарын қорғау туралы нормаларды қабылдаған халықаралық ұйымдар мәнжайларды талдаудың және оларды бұзудың алдын алудың белгілі бір тетіктерін қарастырды. Халықаралық құқықтың көзқарасы бойынша, әркім өз елінің халықаралық шарттарына сәйкес, егер ішкі мемлекеттік құқықтық қорғау құралдары тәмамдалған болса, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде мемлекетаралық органдарға жүгінуге құқылы.

Адам құқықтарын сақтауға байланысты мәселелер Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық құрылымдарында дерлік қаралады, бірақ адам құқықтарын қорғау тұрғысынан, БҰҰ Бас Ассамблеясы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Халықаралық Хатшылық, сонымен қатар конвенциялық (шартты) органдар, яғни пактілерге, конвенцияларға, хаттамаларға сәйкес құрылған әртүрлі комитеттер басты рөлді атқарады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы — осы ұйымның негізгі органы. БҰҰ Жарғысына сәйкес, ол «адамның нәсіліне, тіліне және дініне қарамастан, барлығына бірдей адам құқықтары мен негізгі міндеттерін жүзеге асыруға ықпал ету» мақсатында «зерттеулерді ұйымдастырады және ұхыныстар береді». Заңи тұрғыдан қарағанда, оның ұсыныстары міндетті болып табылмайды, бірақ олардың моральдық беделі айтарлықтай жоғары.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі — БҰҰ Жарғысымен халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті бірқалыпты ұстау үшін басты жауапкершілік жүктелетін орган. Қауіпсіздік Кеңесі «халықара-лық қайшылықтарға немесе дауларға алып келетін кез келген дауды немесе кез келген мән-жайларды, осы дау немесе мән жай халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті бірқалыпты ұхтауға қауіп төндіретінін анықтау үшін тергеу жүргізуге» уәкілетті. Қауіпсіздік Кеңесі маңызды халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін жауапты тұлғаларды сот арқылы тергеу үшін Халықаралық трибуналдарды құрады (мысалы, Югославия және Руанда бойынша).

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС) — адам құқықтары саласындағы жұмыстың келісімділігі жөніндегі зерттеулер жүргізетін және ұсыныстар шығаратын маңызды орган. 1946 жылы ЭКОСОС

Адам құқықтары туралы Халықаралық билльді әзірлеген Адам құқықтары жөніндегі Комиссияны құрды.

Халықаралық сот — Бас Ассамблеямен және Қауіпсіздік Кеңесімен тағайындалатын 15 соттан тұратын БҰҰ сот органы болып табылады.

Сонымен қатар, жеке тұлға өзінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін (көпшіліктің арасында таралған кате тұжырымға карамастан), ол БҰҰ Халықаралық Сотына жолдана алмайды. БҰҰ Халықаралық Сотының Статуты (жарғысы, ережесі) осы сотпен қаралатын істер бойынша тараптар болып тек мемлекеттер табылатындығын көрсетеді.

БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі Комиссиясы — БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі мамандандырылған орталық органы. Комиссия зерттеулер жүргізеді, ЭКОСОС үшін баяндама дайындайды, конвенциялар мен декларациялардың жобасын әзір-лейді, сонымен қатар адам құқықтарымен байланысты басқа да қызметті жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары, барлық адамдармен азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғау және тиімді жүзеге асыру, ынталандыру мақсатында БҰҰ Бас Ассамблеясымен құрылған лауазым.

Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ Орталығы адам құқықтарын қорғау және заңдылықты сақтау жөнінде ұлттық және аумақтық институттар мен инфрақұрылымдарды құруға көмек көрсетуге бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырады.

БҰҰ жүйесінде сонымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде басқа да тар шеңберде мамандандырылған органдар әрекет етеді.

Әйелдердің жағдайы жөніндегі Комиссия 1946 жылы қоғамдық өмірдің барлық саласында әйелдер құқықтарын жүзеге асыру және қорғау туралы ЭКОСОС баяндамалары мен ұсыныстарын дайындау үшін құрылған. Комиссия бірқатар сұрақтарды шешумен айналысады: некеге тұрған әйелдің азаматтығы, әйелдің саяси құқықтары, некеге тұру үшін оның келісім беруі және т.б. дербес наразылықтардың құпия рәсімдері де қарастырылған. Комиссия жеке қарарларын қабылдайды немесе ЭКОСОС үшін қарарлар мен шешімдер дайындайды. Оның атымен әйелдер құқықтарына қатысты конвенциялар мен декларациялар әзірленеді.

Азшылықты қорғау және кемістушіліктің алдын алу жөніндегі шағын комиссия 1946 жылы құрылды. Ол зерттеулерді жүзеге асырады және адам құқықтарымен және нәсілдік, ұлттық, діни және тіл азшылықтарын қорғаумен байланысты кез келген түрдегі кемістушіліктің алдын алуға қатысты Адам құқықтары жөніндегі Комиссияға ұсыныстар береді.

Адам құқықтары жөніндегі Комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сәйкес құрылған. Комитет пактінің мемлекет қатысушыларынан тағайындалатын тәуелсіз сарапшылардан тұрады. Ол барлық қатысушы мемлекеттер ұсынуға міндетті адам құқықтарының жағдайлары туралы кезекті баяндамаларды қарастыруға уәкілетті. Осы

баяндамаларды қарап шығып, Комитет жалпы ескертулер мен ұсыныстарды әзірлейді, ал қажет болған жағдайда дауды шешу жөнінде өз қызметтерін ұсынуы мүмкін. Пакт Адам құқықтары жөніндегі Комитетке дербес жолдану тәртіптерін қарастырмайды, бірақ Азаматтық, саяси және әлеуметтік құқықтар туралы Халықаралық пактіге Бірінші Факультативті хаттамаға сәйкес, Комитет осы хаттаманың қатысушы мемлекеттерге әрекет ететіндей, жеке тұлғалардың наразылықтарын қарауға құқығы бар. Бірақ оның өкілеттілігі айғақтарды анықтау және ескертулер мен ұсыныстарды әзірлеумен шектеледі.

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет барлық нысандағы нәсілдік кемсітушілікті жою туралы Халықаралық конвенцияға сәйкес құрылған және осы конвенцияны орындау туралы қатысушы мемлекеттің баяндамаларын қарауға, ескертулер мен ұсыныстарды әзірлеуге уәкілетті.

Азаптауға қарсы Комитет — азаптауға және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысқа нұқсан келтіретін жаза түрлеріне қарсы Конвенцияға сәйкес құрылған. Комитет Конвенцияның қатысушы мемлекеттерінің оны орындау бары-сы туралы кезекті баяндамаларын қарастырады. Ол тиісті ор-ганның рұқсатымен кұпия тергеу жүргізе алады. 1991 жылы Комитетпен шығарылған Жалпы деректерге сәйкес, Конвенцияны ратификациялаған кез келген мемлекет баяндаманы екі бөлімде ұсыну қажет.

Бірінші бөлімі жалпы сипаттағы ақпаратты қамтуы тиіс. Мұнда:

- Конвенцияның 1 параграфы, 1 бабында анықталғандай, азаптау және басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысқа нұқсан келтіретін жаза түрлері осы мемлекетте тыйым салынатын жалпы заңнамаға қысқаша сипаттама;

- осы мемлекет халықаралық шарттардың қатысушысы екен-дігі немесе Конвенция ережелеріне қарағанда, кең қолданыстағы ережелерді қамтитын ұлттық заңнамасы бар екендігі көрсетіледі;

- осы салада қай сот, әкімшілік және басқа да құзыретті органдардың өкілеттігі бар екендігі көрсетіледі және баяндамада көрсетілген мерзімде осы органдармен шешілген мәселе туралы ақпаратты ұсыну қажет;

- мемлекет - баяндамашының заңнамасында Конвенцияның тәжірибелік имплементацияға қатысты мәнжайдың қысқаша сипаттамасы және Конвенцияға сәйкес, мемлекеттің өзіне орындауға алған міндеттеменің деңгейіне ықпал ететін факторлар мен қиыншылықтарды көрсету қажет.

Екінші бөлімінде Конвенцияның бірінші бөліміндегі баптардың әрқайсысының орындалғаны туралы дәлме-дәл мазмұны көрсетіледі. Осы бөлімде Конвенцияның 2-16 баптарына қатысты кезегімен, барлық көзделген ережелерге сәйкес, имплементтікке қатысы бар мемлекет-баяндамашымен нақты ақпарат ұсынылады. Әр баптың ережелеріне қатысты баяндау қажет:

- Заң шығару, сот, әкімшілік және осы ережелерді тиімді орындайтын басқа да әрекет етуші шаралар;

- Тәжірибеде осы ережелердің имплементтігіне әсер ететін кез келген факторлар мен қиыншылықтар;

- Нақты жағдайлар мен осы ережелердің тиімді орындалуын камтамасыз ететін шаралар туралы, статистика жөнінде кез келген ақпарат.

Заңнамада, мысалы, Қазақстанның азаптауға қарсы бағытталған көптеген заңдары бар. Комитет заңдардың көптігіне емес, осы заңның тәжірибеде қалай қолданатындылығына, сонымен қатар егжейлі статистикалық ақпаратқа және жәбірленушіге өтемақы төлеу туралы аппаратына назар аударады.

Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет 1979 жылғы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияға сәйкес құрылды. Оның міндеті — Конвенция ережелерін орындау үшін қатысушы мемлекеттермен қабылданған заң, сот, әкімшілік және басқа шаралар туралы баяндамаларды қарау, сонымен қатар ұсыныстарды әзірлеу.

Баланың құқықтары жөніндегі Комитет — Баланың құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес құрылған және Конвенцияның қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын қарауға уәкілетті. Көптеген конвенцияларда, осы конвенцияға сәйкес құрылған комитеттерге жеке наразылықтармен жолдану құқығы туралы айтылмағанымен, тәжірибеде, мысалы БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитетке жолдану жағдайлары орын алған.

1970 жылы БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің (ЭКОСОС) құрамында Адам құқықтары жөніндегі Комиссия әрекет етеді. Ол «Процедура 1503» деп аталатын «адамның бұзылған негізгі құқықтары мен бостандықтарына қатысты хабарламаларды қарау процедурасы» түрінде адам құқықтарын қорғау әдісін бекітті. Осы процедураға сәйкес, келіп түсетін хабарламалардың негізінде белгілі бір елде негізінен жүйелі түрде бұзылатын адам құқықтары қаралады. Осы процедура бойынша мемлекеттер адам құқықтарын сақтау және қорғауда өзінің еркін білдіре отырып және растай отырып, оларға келіп түскен наразылықтар мен хабарламалар бойынша жауаптар ұсынады. Бұл қатынас хаттар Комиссия ЭКОСОС-қа баяндама жасамайынша, құпия сипатта болады. «Процедура 1503» негізінен, жеке наразылықтарды емес, мән-жайларды қарауды көздейді.

Еуропа Кеңесінің құрамына кіретін мемлекеттер үшін адам құқықтарын қорғаудың екі тетігі әрекет етеді: Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Комиссия және Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (Страсбург соты).

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотқа 1950 жылғы 4 қарашада Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияға қол қойған және ратификациялаған, және, ең бастысы, адам құқықтары жөнінде консультативтік шешім шығаруға Еуропалық Сотқа

құзырет беретін, осы Конвенцияға № 2 Хаттаманы ратификациялаған, Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылатын елдердің азаматтары ғана жолдана алады.

Сонымен, әрине, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа жолданатын тұлға, ең алдымен, ұлттық сот әділдігінің барлық жүйесін өту керек. Егер Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың юрисдикциясындағы мемлекеттер адам құқықтарын бұзған жағдайда Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа басқа мемлекеттердің азаматтары да арыз жолдай алады. Қазақстан Еуропалық Кеңестің мүшесі болып табылмайтындықтан және жоғарыда аталған құжаттарды ратификацияламағандықтан Қазақстан азаматтары үшін бұл құрал әзірше қолданылмайды.

Тәуелсіз Қазақстан кеңес дәуіріндегі көптеген республикалар секілді толық мемлекеттік егемендікке ие болған соң, әлемдік қауымдастықпен мақұлданған құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды құруға стратегиялық курсты жариялады.

Қазіргі таңда Қазақстан үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын тиімді қамтамасыз ету ішкі және сыртқы саясаттың басымды бағыттарының бірі болып табылады. Республикада құқықты қорғау саласында жоғары белсенділік айқындалады. Соңғы жылдары маңызды жалпыға бірдей танылған халықаралық-құқықтық актілер ратификацияланған. Елбасшысының тапсырмасы бойынша елде «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама әзірленген.

2007 жылдың желтоқсан айының қарсаңында ЕҚЫҰ 2010 жылы Қазақстан Республикасының басшылық етуі туралы шешім қабылдады. Бұл Қазақстан үшін халықаралық қауымдастықтағы қосымша абырой. Осыған байланысты Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Ұйымның қызметі туралы нақты білу өте маңызды.

ЕҚЫҰ — Ванкуверден Владивостокқа дейінгі географиялық кеңістікте орналасқан 56 катысушы-мемлекеттен тұратын, қауіпсіздік мәселесімен айналысатын жалпыеуропалық орган. ЕҚЫҰ БҰҰ Жарғысының VIII тармағының мазмұны бойынша аумақтық келісім ретінде ерте пайда болған қайшылықтардың алдын алу, болдырмау, дағдарысты және қайшылықтан кейінгі мән-жайды қалпына келтіруді реттейтін маңызды құрал болып табылады.

ЕҚЫҰ Шығыс пен Батыс арасында диалог пен келіссөздерді жүргізу үшін көпжақты форум ретінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөнінде Кеңес (*ЕКЫК*) шақырылды. Көптеген кездесулер мен келісімдерден кейін 1975 жылдың 1 тамыз айында Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде Кеңестің Хельсинки Қорытынды Актісі жарияланды. Бұл құжатта («үшінші себетте») «Хельсинки процесінің» негізі болып табылатын адам құқықтары саласында негізгі міндеттемелер бекітілді.

Онда сонымен қатар, мемлекеттердің өздерінің азаматтарына катысты, сондай-ақ өзара қатынастарында жүріс-тұрыстарының негізгі қағидалары («декалог») бекітілген. Қорытынды Акт шарт та, келісім де болып

табылмайды, сәйкесінше, оның ережелері заңи міндеттемелерді жүктеген жок.

1990 жылға дейін ЕҚЫК қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелері дамитын және кеңесетін кездесулер мен конференция түрінде қызмет етті, сонымен қатар олардың орындалуына кезеңімен тексеру жүргізді. Париж хартиясында жаңа Еуропа үшін ЕҚЫК алдында Еуропадағы тарихи өзгерістерді басқару процесінде өз үлесін қосуға және тұрақты институттар мен жедел потенциалдарды құрып, салқын соғыс аяқталғаннан кейін пайда болатын жаңа үндеулерге жауап беруге міндетті.

1990 жылдардың басында бірнеше мекемелер мен институт-тар құрылды, кездесулерді өткізу тұрақты болып табылды, миссиялар ашылды, ал Кеңестің жұмысы жүйелік сипатқа айналды. 1994 жылғы жоғарғы деңгейдегі Будапешт кездесулерінде қа-тысушылар ЕҚЫК тек карапайым кеңес болып табылмайтындығын белгілей отырып, ол тұрақты орган болып табылатын *Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастың жөніндегі ұйым* болып өзгертілді. ЕҚЫҰ қызметіне қатысатын барлық мемлекеттер бірдей мәртебеге ие, ал шешімдер консенсус негізінде қабылданды.

ЕҚЫҰ құрамына 56 Қатысушы-мемлекеттер — негізінен барлық еуропалық мемлекеттер, оған қоса Құрама штаттар мен Канада кірді.

1996 жылы жоғарғы деңгейдегі Лиссабон кездесулерінде ЕҚЫҰ рөлін қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісінде жоға-рылату болды. Бұл кездесу ЕҚЫҰ-де Еуропалық қауіпсіздік Хартиясын әзірлеуге ынталандырылған, нәтижесінде, 1999 жы-лы қараша айында жоғарғы деңгейде Стамбул кездесулерінде қабылданды. Сонымен, Ұйымның потенциалын жедел нығайтуда және өз әріптестерімен ынтымақтастықты дамытуда пайдалы үлес қосылды.

Бүгін ЕҚЫҰ жалғыз жалпы еуропалық қауымдастық болып табылады және еуропалық қауіпсіздік институттарының арасында ерекше орынға ие. Ол бірнеше факторлармен түсіндіріледі: оның мүшелік құрамының кеңдігімен; оның қауіпсіздікке жан-жақты және ынтымақтастыққа негізделген жолымен; қайшылықтарды алдын алу құралдарымен; ашық диалог пен консенсусты қалыптастыру дәстүрімен; орындарында миссия жүйелерінің әрекет етуімен, сонымен қатар басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу тетіктерінің болуымен.

ЕҚЫҰ органдары келіссөздер жүргізу және шешімдерді қабылдау үшін *Венада «Хофбург» конгресс-орталығында* жиі отырыс өткізеді.

Жеке орган болып құрамына ЕҚЫҰ барлық қатысушы мемлекеттерінен үш жүзден астам парламентарий кіретін *ЕҚЫҰ-нің Парламенттік Ассамблеясы* табылады. Оның міндеті — ЕҚЫҰ-нің жұмысына қатысы бар мәселелерді талқылау және резолюциялар мен ұсыныстарды қабылдау арқылы Ұйымның қызметіне парламенттік институттардың қатысуына ықпал ету. Одан басқа, оның мүшелері сайлауды бақылауда маңызды рөл атқарады.

Жер бетінде адам құқықтарын бекіту өте ұзақ әрі қиын процесс, сондықтан оған қол жеткізу үшін бүкіл әлемдік қауымдастықтың үлкен күші салуы қажет.

Адам құқықтары жөніндегі сайлау жүргізу және ұлттық сайлау органдары мен институттардың тұрақтануына, үкіметтік емес ұйымдарды қалыптастыруда және азаматтық қоғам құруға ықпал етуде белсенді рөлді ЕҚЫҰ-нің адам құқықтары мен демократиялық институттары жөнінде Бюро (АҚДИБ) атқарады. Бастапқыда «Еркін сайлау жөніндегі Бюро» деп аталған, 1990 жылы құрылған адам құқықтары мен демократиялық институттары жөніндегі Бюро Варшавада орналасқан. АҚДИБ міндеті — ЕҚЫҰ-нің барлық аумағында тұрақты демократиялық институттарды дамытуға ықпал ету. Бюро екі бөлімге бөлінеді: Сайлау жөніндегі Бөлім және Адамзат өлшемі мен демократияны құру жөніндегі Бөлім.

Сайлау жөніндегі бөлім сайлауға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бақылау жүргізумен, техникалық тұрғыдан көмектесу және мамандарды дайындауға ықпал етумен айналысады. Бақылау жөніндегі миссияның жұмысы сайлау туралы баяндама жасаумен аяқталады, мұнда сайлау өткізу барысында ЕҚЫҰ шеңберінде сайлауға қатысты міндеттемелер және тиісті мемлекеттің ұлттық заңнамасы сақталған-сақталмағаны туралы қорытынды беріледі. Баяндамада, сонымен қатар келесі сайлауды жақсырақ өткізу үшін қажетті шаралар туралы ұсыныстар көзделеді.

Адамзат өлшемі жөніндегі бөлім демократияға ықпал етуге, заңның ұлықтылығын қамтамасыз етуге және ЕҚЫҰ аумағындағы елдерде азаматтық қоғамды құруға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырумен айналысады.

Екі бөлімнің де тұрақты функциясы болып адамзат өлшемі саласында бақылау және міндеттемені орындауына ықпал ету табылады. АҚДИП ром және синтиді (сығандарды) халықтандыруға қатысты мәселе жөніндегі байланыс үшін пункт ретінде әрекет етеді және адамзат өлшемі мәселесіне қатысты (жылына екі рет өткізіледі) және адамзат өлшемі мәселесі жөнінде семинардың (жылына бір рет ұйымдастырылады) орындалуын қадағалау жөнінде ЕҚЫҰ кеңестерін жүргізу барысында ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Бюро директоры және қызметшілер Варшавада (Польша) орналасқан. Қайшылықтарды ерте алдын алу және болдырмау саласында басты рөлді Гаагада (Нидерланды) орналасқан Ұлттың азшылықтардың істері жөніндегі Жоғарғы комиссар бюросы атқарады.

3. Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар

Өртүрлі тарихи кезеңдерде адам құқықтары мен бостандықтарының ұғымы, мазмұны мен көлемі бірдей болған жоқ. Айтарлықтай, көп ұзамай, осы ғасырдың басына дейін, адам құқықтары тек ішкі мемлекеттік құқықпен ғана реттелді. Халықаралық қатынастардың мемлекет қатысушылары бұл мәселе олардың ішкі юрисдикциясына ғана қатысты екендігін көрсетеді. Жалпы қабылданған қағидат мемлекет пен әр мемлекеттің ішкі ісі ретінде

оның азаматтарының арасындағы өзара қарым қатынастарды қарастыру болып табылады.

Белгілі болғандай, мемлекеттердің ішкі юрисдикцияларының шекарасы өзгеріссіз, тарихи қозғалыссыз болып табылады. Мемлекеттер белгілі бір ішкі мемлекеттік қатынастар мәселесін халықаралық-құқықтық реттеуге жібере отырып, мұндай шектеулердің шегін өздері анықтайды. Көне, дәстүрлі халықаралық құқық, ішкі юрисдикцияға жататын мемлекет пен оның азаматтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды зерттей отырып, бір ғана ерекшелік жасады. «Ізгілік» мақсатында басқа мемлекеттің аумағындағы өз азаматтарының өмірі мен мүлкін, сонымен қатар ұлттық және өзге азшылықты қорғау мақсатында біржақты тәртіпте күш қолдану, соғысқа дейін баратын әрекеттер құқыққа сай деп саналды. «Ізгілік» интервенцияға құқық қай жерде бұзылғанына қарамастан, негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беруге әрбір мемлекеттің халықаралық міндеттемесі секілді алғышартқа негізделді. Өмір сүруге, ар-ұят пен дін бостандығына құқық сияқты құқықтарды «қорғау» және «қамтамасыз ету» сылтауымен басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласу саясатының теориялық негізделуі халықаралық құқық ғылымының заңгер өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапты.

Абстрактілік адамның қай мемлекетке тиесілі екендігіне қарамастан, оларға белгілі бір құқықтар мен бостандықтар тиесілі болатындығын ескере отырып, халықаралық құқық ғылымының негізін салушы заңгер *Гуго Гроций* 1625 жылы басып шығарылған «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы» еңбегінде басқалардың азаматтарын қорғау үшін, егер оларға «заңсыздық» әрекеттерін көрсетіп жатса, онда әділ соғыстарды жүргізген жөн деп, ақтап отырған. Халықаралық құқық саласындағы ғалымдар адам құқықтарының табиғи-құқықтық теориясын кеңінен қолданды. Петербург университетінің әйгілі профессоры Ф. Мартене былай деп жазды, «барлық құрылған мемлекеттер адамның азаматтығына немесе ұлтына қарамастан, адамның жеке тұлғасымен тікелей байланысты, белгілі болған негізгі құқықтарды таниды».

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін «ізгілік» қағидасы керек, себебі интервенцияның құқыққа сай болуы және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпаушылықтың заңдылығы туралы өй-пікір көптеген халықаралық заңгерлерімен XVIII ғасырда және XIX ғасырда да мақұлданған. Оған батыс елдеріндегі Ливиядағы жағдай және Муамар Каддафидің билігін құлату мысал бола алады.

Кейбір ғалымдар, «ізгілік» интервенция теориясын жақтаушылар — оны тек «өркениетсіз» мемлекеттерге қарсы қолдану ғана құқыққа сай болып табылады, деп санады.

«Ізгілік» мақсат үшін интервенцияның заңдылығы туралы көз-қарасты бөлісе отырып, бірқатар ғалымдар «ізгілік» интервенциясына құқық біржақты тәртіпте емес, мемлекеттер тобының шешімі нәтижесінде пайда болады, деп санады. Ф.Лист былай деп жазды: «Жеке мемлекеттің негізделген пікірі

бойынша, адамзаттың жалпы мүдделерін қорғау үшін басып кіруге, ішкі істеріне араласуға құқығы бар... Араласушылық құқығы бірлесіп бірнеше мемлекеттермен ұсынылуы мүмкін (ұжымдық араласушылық)».

Бірінші дүниежүзілік соғысынан және Ұлттар Лигасы құрылғаннан кейін мемлекеттердің интервенцияға құқығы белгілі бір шектеулерге тап болды. Егер Ұлттық Лиганы құруға дейінгі кезеңде халықаралық құқық әртүрлі себептермен негізделетін, мемлекеттің соғысқа құқығын таныған болса, Ұлттар Лигасының Статуты (устаы) Лига мүшелері-мемлекеттерінің соғысқа құқығын шектеп, Статут қаулыларын бұза отырып соғысатын оның мүшелеріне қатысты санкцияларды көздеді. Ұлттар Лигасының шеңберінде құлдық пен құлдарды сатумен күреске, сонымен қатар әйелдер мен балалардың саудасына жол бермеуге бағытталған бірқатар келісімдер жасалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылғанға дейінгі кезеңде шектелген мемлекеттердің санымен алғашқы халықаралық келісімдер жасалды. Мұнда белгілі бір деңгейде адам құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері реттелді. Олардың қатарына құлдық пен құлдарды сатумен күрес туралы, әйелдер мен балалардың саудасына жол бермеу туралы, діни, этникалық және діни азшылықтарды қорғау туралы, сонымен қатар қарулы қақтығыс кезінде адамның бірқатар құқықтарын қорғау туралы ережелерді қамтитын шарттар мен конвенциялар жатады. Осы келісімдердің мақсаты адам құқықтарын халықаралық жанжақты қорғау жүйесін құру емес, тек жеке тұлғалардың кейбір құқықтарын ғана қамтамасыз ету болып табылды. Сол кезеңде егемендік теңдік қағидасына сәйкес, адам құқықтары мемлекеттің айрықша ішкі юрисдикциясына кіретін және ұлттық заңнамамен реттелуге жататын құқық ретінде халықаралық қауымдастықпен қарастырылды.

Сол кезеңде, жаңа мыңжылдықтың табалдырығында көптеген халықтар бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізді. Жаңа дәуір — Адам Құқықтарының Дәуірі басталды. Халықаралық қатынастардың қатысушы-мемлекеттері көптеген мәселелер олардың ішкі юрисдикциясына тиесілі болғанымен, адам құқықтарын қорғау мәселесі әр жеке мемлекеттің аумағынан тыс шыққанын мойындады. Осыған байланысты адамның негізгі құқықтары болып табылатын әмбебап халықаралық-құқықтық стандарттарды құру қажеттілігі пайда болды. Бұл адамның құқықтары мен бостандықтары нақты мемлекеттің ісі емес, барлық халықаралық қауымдастықтың объектісі екендігін білдіреді.

Адам құқықтарын баршаның құрметтеп, сақтауы бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықпен шешу қажеттілігі бар, аса маңызды міндеттердің бірі. Бұл ереже тек БҰҰ Жарғысы, Адам құқықтары туралы Пактілер мен басқа да келісімдер қабылданғаннан кейін түпкілікті өзгерді, өйткені олар адам құқықтары саласында мүшелер мемлекеттерге заңды міндет жүктеп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттердің өз міндеттемелерін сақтау үшін бақылаудың халықаралық тетіктер жүйесін құруды көздейді. Бұл жүйе қазіргі таңда екі деңгейде: әмбебап және аумақтық деңгейде дамуда.

Халықаралық органдардың көпжылдық тәжірибесі көрсеткендей, олар адам құқықтарын қорғаудың қажетті элементі мен қосымша кепілдігі болып табылады. Олар ішкі мемлекеттік органдарды алмастырмайды, тек оларды толықтырады.

Осы саладағы адам құқықтарының тұжырымдамасы мен халықаралық құжаттарды қатып қалған доктрина ретінде қарастыруға және мәңгі, өзгеріссіз деп қарауға болмайды. Белгілі болғандай, олар нақты тарихи және уақыт шеңберінде пайда болады, сондықтан олар халықаралық өмірдің дамуын бейнелей отырып, үнемі өзгереді және жетілдіріліп тұрады.

Адам құқықтары саласындағы жалпыға бірдей танылған халықаралық нормалар бүгінгі таңда ұлттық заңнама нормаларының алдында басым болып табылады. Сонымен, Пактінің қатысушылары — мемлекеттерінде тұратын барлық тұлғалардың немесе осы мемлекеттің юрисдикциясы таралатын тұлғалардың Пактіде көрсетілген құқықтармен колдану мүмкіндігі бар. Бұл мұндай мемлекеттерді өздерінің ұлттық заңнамаларын Пакт талаптарына сәйкестендіруді міндеттейді. Азамат, егер оның саяси немесе аза-маттық құқықтары бұзылған жағдайда, әрине, құқық қорғаудың ішкі құралдары таусылған соң, БҰҰ маңындағы адам құқықтары жөніндегі Комитетке тікелей жолдануға құқылы. Өкінішке орай, адам құқықтары әлемде барлық жерде және толығымен іске асырылмаған, сондықтан олар оны сақтауды және оның сақталуына үнемі бақылау жүргізуге мұқтаж.

Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар — бұл халықаралық құқықтық нысанда бекітілген, адамның еркін және лайықты өмір сүрудің, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі кепілдіктері. Бұл құжаттардың негізгі мақсаты — адам құқықтары мен олардың өзара қатынастарындағы мемлекеттің міндеті көзделген адам құқықтары мен бостандықтарын камтамасыз ету саласында ұлттық заңды қалыптастыруда нормативтік-құқықтық көмек көрсету.

Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық реттеудің ерекше қажеттілігі Екінші дүниежүзілік соғыс барысында анықталды. 1945 жылы 24 қазанда Сан-Францискода қабылданған және күшіне енген БҰҰ Жарғысы адам құқықтары жөнінде мемлекет ынтымақтастығын кеңінен дамытудың негізін салған халықаралық қатынастар тарихындағы алғашқы көпжақты шарт болып табылады. Сонымен қатар ол қандай да бір дискриминацияға жол бермей отырып, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау үшін мемлекеттерге заңи міндет жүктеді. Қазіргі таңда БҰҰ-ның мүшелері болып әлемдегі 194 мемлекет танылады. Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бастап БҰҰ-ң тең құқылы мүшесі болып саналады.

Бас Ассамблея — халықаралық ұйымның барлық мүшелер — мемлекеттерді біріктіретін БҰҰ органы. Ол Нью-Йоркте қыркүйек пен желтоқсан айларының аралығында жыл сайын жиналады және мұнда жекелеген елдердегі мән-жайларды қоса алғанда, адам құқықтарымен байланысты барлық мәселелерді өзінің Үшінші Комитетінде талқылайды.

Сонымен, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) — халықтар арасындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту мақсатында егеменді мемлекеттердің ерікті бірлестігі негізінде құрылған ең ірі халықаралық ұйым, адам құқықтары саласында мемлекетаралық қатынастардың жаңа сатысына жол ашты.

Бірақ халықаралық тәжірибе көрсеткендей, халықаралық құқықты бұзғаны үшін жеке тұлғалар да жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мәселен, 1946 жылы Нюрнберг трибуналымен шығарылған үкім, жеке тұлғалар да, мемлекет те халықаралық құқықтың қарапайым субъектісі болып табылады деген позитивісті емес норманы растады. Нюрнберг трибуналының үкіінің моральдық және заңи императивке сәйкес, жеке тұлғалар халықаралық құқықты бұзғаны үшін тартылатын жауапкершілікті көздеп қана қоймай, сонымен қатар жеке адамдардың құқық-тарын халықаралық құқықтық деңгейде қорғау керек екендігін белгілейтін қарапайым халықаралық-құқықтық норманың растаушысы болып табылды.

1946 жылы БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі өзінің көмекші органы ретінде адам құқықтары жөніндегі Комиссияны құрды және оған Адам құқықтары туралы Халықаралық Билльге қатысты сұрақтарды дайындауды тапсырды. Адам құқықтары жөніндегі Комиссиямен дайындалған жоба, әртүрлі көзқарастардан және даулардан кейін БҰҰ Бас Ассамблеясына ұсынылды.

1946 жылғы 10 желтоқасанда БҰҰ Бас Ассамблеясы онымен қабылданған барлық декларациясының ішінде аса маңызды құжат болып табылатын, адамзаттың адамгершілік эталоны деп саналатын, Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын қабылдады. Осы сәттен бері бұл күн Адам құқықтарының Күні ретінде аталып өтіледі.

Жалпыға бірдей Декларация ең алғаш рет жеке тұлғалардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын бекітті. Жалпыға бірдей Декларацияның негізгі, бастапқы идеясы — адам құқықтары оған тумысынан берілген және олар иеліктен шығарылмайды.

Өркімнің еріксіз қамауға алудан және ұстаудан, адамның адамгершілігін кемсітуден және жазадан еркін болуға, сот арқылы қорғануға және кінәсіздік презумпциясына құқығы бар. Декларация жеке және отбасылық өміріне еріксіз араласушылықтан, тұрғын-үйге қол сұғу озбырлығынан, хат алмасу құпиясын, ар-намысы мен іскерлік беделін қорғайды. Сонымен қатар, Декларациямен адамның саяси және әлеуметтік құқықтары жарияланды.

Топтық мүдделер жалпы адамзаттық, жеке мүдделерден жоғары өмір сүрген идеология мен тәжірибенің эсерінен, Кеңес Одағы Жалпыға бірдей декларациямен қабылданған №217А қарарға дауыс беру барысында оны қолдай алмады, сондықтан дауыс беруден қалыс қалды. Олар кдрсы дауыс бере алмады, ейткені өркениетті халықаралық қауымдастықтан тыс қалуға қорықты.

Сол кезде өмір сүрген режим әр адам өз құқықтарын тек мемлекеттен ғана алады және оны өз қалауы бойынша заңнамада бекітеді деп санады, ал өз кезегінде, адамның оған табиғатынан тиесілі болатын құқықтардың табиғи сипатын тану осы табиғи құқықтардың қорғалуын және оның бұзылуына жол бермеуін талап етті.

Жалпыға бірдей Декларация оның ырыққа көнбейтін мемлекеттердің нормаларын іске асыруды қамтамасыз ететін кандай-да бір құқықтық тетікті көздеген жоқ. Сондықтан, ең алдымен, Еуропада тиісті құқықтарды шын мәнісінде жүзеге асыруға қабілетті, адам құқықтарын қамтамасыз ететін аумақтық халықаралық тетіктерді құру мәселесі пайда болды.

Нәтижесінде Бас Ассамблея Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес арқылы Адам құқықтары жөніндегі Комиссияға негізгі құқықтар мен бостандықтардың кең тізбегін қамтитын адам құқықтары туралы бірыңғай пакт әзірлеуді тапсырды.

Көптеген кеңестер мен пікірталастардан кейін екі Пактіні дайындау туралы шешім қабылданды: Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт. Адам құқықтары туралы Пакт Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірнеше жылдар бойы дайындалып, тек 1966 жылы 16 желтоқсанда мақұлданды.

Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні, Экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні қамтитын Адам құқықтары туралы Халықаралық Билль адамның құқық субъектілігіне өзгерістер енгізді, оған сәйкес, адам ішкі мемлекеттік қана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтың субъектісі болатындығын көрсетеді.

Сонымен, Біріккен Ұлттар Ұйымына тарихи халықаралық-құқықтық құжаттардың қабылдануына қол жеткізуі үшін жиырма жыл бойы үлкен күш пен сабырлық қажет болды.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіде көрініс тапқан негізгі құқықтар мен бостандықтардың кең тізілімін әрбір мемлекет қатысушы «оның аумағында орналасқан және оның юрисдикциясындағы» барлық тұлғаларға қандайда бір шектеусіз ұсыну қажет. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт әскери қақтығыс кезеңдерін қоса алғанда, кез келген жағдайда белгілі бір негізгі құқықтар мен бостандықтар сақталуы тиіс болатын қазіргі халықаралық құқық қағидасын бекітті.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт еңбекке құқық, әркімнің қолайлы, әрі әділ еңбек жағдайларына құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығына, әркімнің лайықты өмір сүруге, білім алуға және т.б. құқықтардың нақты тізілімін қамтиды.

Тақырып № 4

Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық институттары

1. Адам құқықтарын қорғау бойынша ұлттық институттар.
2. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнама.
3. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары және азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалану.

1. Адам құқықтарын қорғау бойынша ұлттық институттар.

Тәуелсіз Қазақстандағы адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен іске асыруды қамтамасыз ететін заң базасын талдау, бізге заң жүзінде бекітілген адам құқықтарын қорғау механизмдері мен институттарын және олардың сақталуын, бақылауын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан адам құқығы жөнінде кейбір негізгі халықаралық құжаттарды бекітпеуі не оларға қосылмауынан адам құқығын қолданыстағы тиімді механизмдерінен қорғайтын халықаралық мемлекетаралық институттар мен (рәсімдерден) процедуралардан қалыс қалды.

Қазақстандағы адам құқықтарының сақталуын бақылайтын және тәсілдермен қорғайтын институттардың қатарына тек мына үш топты — мемлекеттік, аралас (мемлекет органдары жанындағы қоғамдық-кеңесшілер мен адвокатура жүйесі) және үкіметтік еместерді (қоғамдық, соның ішінде халықаралық және шетел ұйымдары) жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы (ҚР) Конституциясының 40-бабы бекіткен: «Республиканың Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, конституциясының мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі».

Қазақстан Республикасының Президенті — Қазақстан Республикасының мемлекеттік басшысы және республиканың атқарушы өкімет билігінің біртұтас жүйесін басқарушысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстан атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға; сондай-ақ республика азаматтарының құқығы мен бостандықтарының, Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болады; ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады.

Қандайда бір мемлекеттегі жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда сот органының орны ерекше. Себебі, әр азамат құқық субъектісі бола отырып, өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық әрекеттермен қорғауға құқылы. Осы заңды әрекеттерді жүзеге асыратын орган, ол — сот органы болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында, «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар», — деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасында әркім өзінің құқықтары мен бостандықтары заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Барлық жеке тұлғалар өзінің бұзылған немесе талас тудыратын құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге бірдей құқылы. Кез келген жеке тұлға сотқа өзі тікелей немесе өзінің өкілі арқылы жүгіне алады. Сот тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты құралы ретінде қарастырылады. Көптеген елдердің конституциялары сотқа жүгіну құқығын жеке тұлғаның жеке және ажыратылмас құқығы ретінде тұжырымдайды. Ешкім де оның ісін сотта қарау құқығынан ажырата алмайды.

Әділ сот – бұл заңда белгіленген процессуалдық тәртіпке сай іске асырылатын және азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқа да құқық салаларының нормаларын шындық немесе жорамал бұзылуларымен байланысты дау-дамайларды қарау мен шешудің құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналып келеді. Өркениетті қоғамда сот бүкіл құқық жүйесінде орталық орын алады. Сот нағыз әділеттілікті бейнелейді.

Конституциялық кеңес – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын ерекше сот органы. Ол белгілі бір заңның, әкімшілік актінің немесе өзге шараның Конституцияға сәйкестігі туралы мәселені сот рәсімдемесінің ережелері бойынша талқылау жолымен емес, кеңестің бір мүшесінің осы мәселе бойынша баяндамасын талқылау арқылы қарайды. Конституциялық кеңес Конституциялық сот сияқты, әдетте, аралас негізде жасақталады: мүшелердің бір бөлігін республика президенті, бір бөлігін парламент палаталарының төрағалары немесе өзге органдар тағайындайды. Қазақстан Республикасында Конституциялық кеңес – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Конституцияның мәртебелілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік организация Конституцияның мәртебелілігі – билік органының немесе оның лауазымды тұлғасының қандайда болсын құқықтық актісінің, іс-әрекетінің Конституцияға сай келуі, оған қайшы келмеуі. Конституциялық кеңестің өкілеттіктері де Конституция нормаларының бұзылуына жол бермеуге, оның алдын алуға бағытталған. Конституцияның мәртебелілігін қамтамасыз етуде Конституциялық кеңес дербес және мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға тәуелсіз болып табылады және тек Конституцияға ғана бағынады, қандай да болсын және басқа саяси себептерді негізге ала алмайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі жеті мүшеден жасақталады.

Сондай-ақ, сот қолданыстағы заң немесе өзге де нормативтік-құқықтық акт адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапқан жағдайда, акт Конституцияға сай келмейді деп тану туралы соттардың өтініштерін қарау және конституциялық іс жүргізу тәжірибесін қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке республикадағы конституциялық заңдылықтың жайы туралы жолдау жіберу өкілеттіктері де Конституциялық кеңестің құзырына жатады.

Прокуратура бір немесе бірнеше азаматтардың ғана заңды мүдделері мен құқықтарын қорғап қоймай, сондай-ақ бір мезетте көптеген адамдарға қатысты құқық бұзушылықтарға тиімді тосқауыл бола алады. Мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдары шығаратын құқықтық актілердің заңдылығын қадағалау өкілеттілігінің болуы прокуратураны азаматтардың үлкен тобы немесе жеке тұлғалардың шексіз шеңберінің құқықтары мен бостандықтарын шынайы қорғайтын негізгі құрал етеді.

Прокуратураның адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қайтарымсыз қорғайтын салыстармалы түрде, азғантай уақытта тегін кәсіби көмек көрсететін мемлекеттік орган екендігі тарихи қалыптасқан. Қоғамның әлеуметтік қауқарсыз азаматтардың санаттары: зейнеткерлер, еңбекке жарамсыз, егде жандар мен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау прокурорлардың ерекше назарында.

Прокуратура органдарының адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сотқа дейінгі қорғау қызметінің негізгі бағыттары болып бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге шынайы алып келетіндері және соттық әрі соттық емес органдармен қалпына келтіруге алғышарт болатындары табылады. Бұл мынадай өкілеттіктер: заңдардың қолданылуына қадағалау; адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау; жедел-ізвестіру қызметін, анықтау мен алдын-ала тергеуді жүзеге асыратын органдармен заңдардың атқарылуын қадағалау; сот жасауылдарының заңдарды атқаруын қадағалау; жазаны атқаратын және сотпен тағайындалған мәжбүрлеу сипаттағы шараларды қолданатын органдар әкімшіліктерінің, ұстау мен қамау орындарының әкімшіліктерінің заңдарды атқаруын қадағалау; прокуратура органдарында арыздарды, шағымдарды және басқа да жүгінулерді қарастыру және шешу.

Адам құқын қорғаудың аралас институттарының қатарына ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияны жатқызуға болады, оның Ережесі, 2003 жылғы 19 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілді. Мұның басты мақсаты – Мемлекет басшысының ҚР Конституциясына сәйкес танылатын және кепілдік берілетін адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесетін консультативтік – кеңесші орган болып табылады.

Комиссияның негізгі міндеттері: 1) ҚР Президентінің Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін іске асыруы үшін жағдай жасау; 2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіруге жәрдемдесу; 3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу; 4) адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен

қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу болып табылады.

Комиссияның құзыреті: 1) Мемлекет басшысына және тікелей Комиссияға жолданған ҚР азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы ақпарат бар өтініштерін қарайды; 2) Мемлекет басшысының атына Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтарын сақталуы туралы жыл сайынғы және арнаулы баяндамалар әзірлейді. Бұл баяндамалар баспасөзде жариялануы мүмкін; 3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын қарайды; 4) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қорғау тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды ҚР Президентінің қарауына енгізеді; 5) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау мәселелерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасайды, осы мәселелерді реттейтін заң жобаларын әзірлеуге қатысады; 6) адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар бойынша талдау материалдарын сараптау – ұсынымдық қорытындылар мен ұсыныстар дайындайды; 7) адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады.

Комиссия өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасайды.

Комиссияның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарымен, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілімен өзара іс-қимыл жасайды.

Адам құқығы жөніндегі уәкіл — өз құзіреті шегінде адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Лауазым ҚР Президентінің 2002 ж. 19 қыркүйектегі Жарлығымен құрылды.

ҚР Президентінің 2002 ж. 19 қыркүйектегі Жарлығымен адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді.

Уәкіл өз қызметімен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын қолданыстағы мемлекеттік құралдарды толықтырады. Уәкілдің қызметі ҚР Конституциясы мен заңнамасына сәйкес адамның құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың құзіретін шектемейді.

Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру барысында тәуелсіз.

Уәкілдің өкілеттік мерзімі — тағайындалған күннен бастап 5 жыл.

Уәкілетгі лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер сұратуға; мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға; адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды тартуға; адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға; қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесуге; іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды заңмен белгіленген жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын қолдану туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге; жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар. Уәкіл ҚР Президентінің, Парламентінің және оның депутаттарының, ҚР Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, ҚР соттарының іс-әрекеттерімен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды.

Уәкілдің қызметін мемлекеттік мекеме болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық қамтамасыз етеді. Ұлттық орталық Уәкіл қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

ҚР Президентінің 2002 ж. 10 желтоқсандағы Жарлығымен «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құрылды және ол туралы ереже» қабылданды.

2. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнама.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттарды іске асыруға кеңес беру және көмек көрсету ұлттық құқық қорғау мекемелері қызметтерінің бірі болып табылады.

Адам құқықтапы туралы ұлттық заңнамасы – мемлекеттегі өкілетті заң шығарушы органдар қабылдаған нормативтік актілер (көбінесе, заңдар) кешені; сол мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, отбасылық, т.б. қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Кейде сол нормалардың бір түрі де заңнама деп аталады. Заңнама мемлекеттік билікті жүзеге асыру әдістерінің негізгісі болып табылады. Заңнама бөліктері өзара байланысты, әрі бір-біріне бағынышты бірегей жүйені құрайды. Заңнаманы құрайтын бөліктер оны қабылдаған

мемлекеттік басқару құрылымындағы тиісті заң шығарушы органның мәртебесіне қарай белгілі бір тармақтарға (жоғары билік органдары қабылдаған заңдарға, үкімет қаулыларына, министрліктер мен идаралардың нормативтік актілеріне, т.б.), сондай-ақ, олар қоғамдағы қарым-қатынастардың қандай саласын реттеуге бағытталғанына қарай арнаулы салаларға (азаматтық заңнамаға, қылмыстық заңнамаға, әкімшілік заңнамаға, т.б.) бөлінеді.

Заңнама жүйесінде мемлекеттің Конституциясы Негізгі Заң немесе Ата Заң болып табылады. Ол жоғары заңи күшке ие: мемлекеттік органдардың бүкіл заңдары мен басқа да нормативтік актілері Конституцияның негізінде және соған сәйкес шығарылуға тиіс. Қазақстан заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық заңдарды, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын қамтиды. Олар мемлекеттегі қарым-қатынастардың қандай саласын реттеуге арналғанына байланысты бірнеше топқа бөлінеді.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымының ролін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасау егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Жалпы алғанда ҚР Конституциясында тұлғаның еркін өздігінен дамуында көмектесетін адам құқықтыра мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл каталог жалпы халықаралық стандартқа сай келеді. Оның үстінде, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің нақты механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі Қазақстан Республикасының даму бағытын дұрыс тандағанын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық проблемаларды шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатынын талай мәрте дәлелдеді.

3. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары және азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалану.

Адам құқын қорғаудың аралас институттарының қатарына ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияны жатқызуға болады, оның Ережесі, 2003 жылғы 19 наурызда ҚР

Президентінің Жарлығымен бекітілді. Мұның басты мақсаты – Мемлекет басшысының ҚР Конституциясына сәйкес танылатын және кепілдік берілетін адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесетін консультативтік – кеңесші орган болып табылады.

Комиссияның негізгі міндеттері: 1) ҚР Президентінің Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін іске асыруы үшін жағдай жасау; 2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіруге жәрдемдесу; 3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу; 4) адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу болып табылады.

Комиссияның құзыреті: 1) Мемлекет басшысына және тікелей Комиссияға жолданған ҚР азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы ақпарат бар өтініштерін қарайды; 2) Мемлекет басшысының атына Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтарын сақталуы туралы жыл сайынғы және арнаулы баяндамалар әзірлейді. Бұл баяндамалар баспасөзде жариялануы мүмкін; 3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын қарайды; 4) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қорғау тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды ҚР Президентінің қарауына енгізеді; 5) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау мәселелерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасайды, осы мәселелерді реттейтін заң жобаларын әзірлеуге қатысады; 6) адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар бойынша талдау материалдарын сараптау – ұсынымдық қорытындылар мен ұсыныстар дайындайды; 7) адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады.

Комиссия өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік билік органдарымен, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасайды.

Комиссияның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарымен, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілімен өзара іс-қимыл жасайды.

Адам құқығы жөніндегі уәкіл — өз күзіреті шегінде адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Лауазым ҚР Президентінің 2002 ж. 19 қыркүйектегі Жарлығымен құрылды.

ҚР Президентінің 2002 ж. 19 қыркүйектегі Жарлығымен адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді.

Уәкіл өз қызметімен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын қолданыстағы мемлекеттік құралдарды толықтырады. Уәкілдің қызметі ҚР Конституциясы мен заңнамасына сәйкес адамның құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың күзіретін шектемейді.

Уәкіл өз қызметін жүзеге асыру барысында тәуелсіз.

Уәкілдің өкілеттік мерзімі — тағайындалған күннен бастап 5 жыл.

Уәкілетті лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер сұратуға; мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға; адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды тартуға; адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдануға; қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесуге; іс-әрекеттері адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырған адамдарды заңмен белгіленген жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ материалдық және моральдық зиянды өтеу шараларын қолдану туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге; жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар.

Уәкіл ҚР Президентінің, Парламентінің және оның депутаттарының, ҚР Үкіметінің, Конституциялық Кеңестің, Бас прокурордың, Орталық сайлау комиссиясының, ҚР соттарының іс-әрекеттерімен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарамайды.

Уәкілдің қызметін мемлекеттік мекеме болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық қамтамасыз етеді. Ұлттық орталық Уәкіл қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

ҚР Президентінің 2002 ж. 10 желтоқсандағы Жарлығымен «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құрылды және ол туралы ереже»

қабылданды.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, оны жүзеге асыруда мемлекет пен азаматтардың арақатынасы заңды түрде реттелмей шын демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Азаматтардың білікті заң көмегін алуда, олардың конституциялық құқығын қамтамасыз ету, мемлекеттің құқықтық саясатының бір маңызды жағы болып есептеледі. Оған кол жеткізудің жолы — адам құқықтарын, бостандықтарын және оның заңды тілегін ең тиімді қорғайтын қызметпен қамтамасыз ету. Азаматтық қоғамда әр адамның жеке праволық қатынастарын қарайтын, оған білікті заң көмегін көрсететін бірден-бір қызмет орны — ол адвокатура болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты коса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Оның үстіне әркімнің білікті заң көмегін алуға да құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі деп жазылған.

Адвокатура институты қазіргі өмірде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын азаматтық қоғамның негізгі тірегі мен іргетасы болып саналады.

Конституциялық құқық бойынша азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы ол мемлекеттің негізгі міндетімен шектесіп жатады. Мемлекет осы міндеттерді орындауды және азаматтардың конституциялық құқығын алуды қамтамасыз ету мақсатында заң аясында тиісті кепілдіктерді белгілеген. Конституциялық деңгейде мойындалған азаматтардың заң көмегін алу құқығы конституциялық кепілдіктердің жүйесін талап етеді.

Оған жататындар:

— заң көмегін алу құқығының барлық кепілдіктердің негізгі болатындай құқықтық институттарды белгілеу;

— осы құқықты конституциялық деңгейде бекітіп, оның орындалуын қамтамасыздандыру;

— адам құқықтарын қорғауға міндетті мемлекеттік органдардың заң көмегін көрсетудегі іс-әрекетін бақылауды қамтамасыз ету.

Заң көмегін көрсетудің түрі мен тәсілі экономикалық мүмкіндік пен саяси жағдайға байланысты әр уақытта өзгеріп отырған. Қоғам — заң көмегін көрсетудің түрі сол кезеңдегі тарихи жағдайға лайықты болуын қалаған.

Әр адам тек қана мемлекеттің өкілдерімен ғана емес, жеке адамдардың да мүдделерін байланысты қатынастар жүйесіне тартылады. Сол себептен осындай үлкен таласқа араласып, оның үстіне татуландыру мәселелерін жеке де және сот арқылы шешілуіне ықпал жасайтын бірден бір қызмет — ол адвокаттарға тиесілі. Сол себептен адвокаттар мемлекеттік институттармен қарым-қатынасқа түсіп жариялылық қатынастар жүйесіне тартылады. Негізінен адвокаттың қызметі жалпы халықтың қамы емес, жеке адамның тілегін орындауға бақытталған. Міне, адвокаттың қоғамға қажеттілігі сол

жеке адамның құқығын қорғаудан білінеді.

Адвокатура кылмыстық істер бойынша қорғау, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, әрі заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Тақырып № 5

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ҚР ішкі істер органдары қызметін ұйымдастырудың құқықтық негізі

1. Адам құқығы саласындағы стандарттар және полиция қызметінің негізгі бағыттары.
2. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлқының әдеп және заңдық нормалары.
3. Адам құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір салаларда қылмыстың алдын алуды қамтамасыз ету.

1. Адам құқығы саласындағы стандарттар және полиция қызметінің негізгі бағыттары.

«Адам құқықтары» объективті (кең) мағынасында - бұл тұлғаның мәртебесін адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін, адам мен мемлекеттің қарым-қатынастарын бекітетін халықаралық құқықтың жалпытанылған қағидалары мен нормаларының жүйесі.

«Адам құқықтары» субъективті (тар) мағынасында - мемлекетпен заңды түрде кепілдендірілген, құқықтық нормаларда бекітілген дербес тұлғаның белгілі бір іс-қимылдарды, әрекеттерді жасау, белгілі бір әлеуметтік иігіліктерді пайдалану мүмкіндігі.

«Азаматтың құқықтары» адамның мемлекетке қатыстығымен айқындалған және жағымды сипатқа ие, яғни соңғы болып орнатылады. Олар дербес тұлғаның мемлекетпен қатынастары саласын қамтиды, онда тұлға өзінің осындай қатынастарына заңсыз қол сұғудан қорғалуына ғана емес, олардың іске асырылуына мемлекеттің белсенді жәрдемдесуіне сене алады.

«Адамның бостандықтары» - бұл қандай да бір іс-қимылдарды жасау немесе жасамаудың субъективті мүмкіндіктері. Бұл тұлғаның дербестігін анықтайтын, оның ішкі әлеміне қол сұғушылықтан қорғайтын, мемлекеттің өз тарапынан қол сұқпаушылығымен, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың өзге субъектілерінің қол сұқпаушылығымен, азаматтардың мінез-құлқын минималды реттеуге (мысалы, ой, ар-ождан және дін бостандығы және т.б.) деген мемлекеттің кепілдемелерімен расталған тұлғаның өкілеттілігі.

«Мемлекеттік қызмет» - мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған, мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіліктерді орындау жөніндегі қызметі.

«Құқық қорғау қызметі» - заңдылықтың орындалуы мен қоғамдық тәртіптің сақталуына, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, тергеу және жазаны орындауға бағытталған функцияларды орындау жөніндегі құқық қорғау органдарының лауазымдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби қызметін білдіретін мемлекеттік қызметтің ерекше түрі.

«Құқық қорғау органы» - өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдың тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары» - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қолдау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының біртұтас жүйесі» - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, желілік ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, білім беру ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайтын ішкі істер органдарының біртұтас жүйесі.

«Ішкі істер министрлігі» - ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

«Полиция» - азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстылық пен өзге құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған, заңмен орнатылған шекте мәжбүрлеу нормаларын қолдану құқығы берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдары жүйесі

«Мемлекеттік қызметші» - мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын

және Мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

«Лауазымды тұлға» - ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүйеге асыратын не мемлекеттік органдарды ұйымдастырушылық-өкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам.

«Құқық қорғау органының қызметкері» - құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген, құқық қорғау органының штатында қызметте жүрген немесе құқық қорғау

органының иелігіндегі және заңда бекітілген құқық қорғау органының функцияларын атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы.

«Құқық қорғау органының жұмысшысы» - құқық қорғау органының қызметкерінен өзге, әкімшілік мемлекеттік қызметкер болып табылатын адам (Қазақстан Республикасының азаматы).

«Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар» маман-дығымен талап етілетін жауапкершіліктің жоғары деңгейіне сәйкес қоғамға қызмет етіп, барлық адамдарды құқыққа қайшы актілерден қорғай отырып, өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді үнемі орындайды.

«Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар» термині полицей өкілеттіліктеріне, әсіресе құқық бұзушыларды ұстау өкілеттіліктеріне ие, құқықтың қолданылуымен байланысты барлық тағайындалатын немесе сайланбалы лауазымды тұлғалардан құралады.

«Лауазымдық өкілеттілік» - заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретінін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.

«Этика» - әртүрлі нысан мен түрлердегі адамгершілік туралы, сондай-ақ жалпықабылданған және кәсіби мінез-құлық ережелері туралы ғылым.

«Кәсіби нормалар мен мінез-құлық ережелері» - адамның өз мамандығын, кәсіби борышы мен міндеттеріне, сондай-ақ әріптестері мен қоғамға қатынасын анықтайтын моральдік-құқықтық нормалар жиынтығы

«Деонтология» - белгілі бір кәсіби міндеттемелерді орындайтын тұлғалардың борышы туралы ілім. Полициялық және полицейлік деонтология болады.

«Ант ету» - серт беру түріндегі этикалық сипаттағы салтанатты міндеттеме. Полиция қызметкері ант ете отырып, өздігінен және саналы түрде жақсы мен жаманның арасында моральдық таңдау жасап, өзіне ең жоғары сипаттағы міндеттемені қабылдайды. өзінің бар күші мен ынтасын адамдарға және өзі тұрып жатқан мемлекетке қызмет етуге жұмсау, ал қажет болса өмірін қию.

«Біліктілік талаптары» - әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға олардың кәсіптік даярлық деңгейін, құзыреттілігін және нақты лауазымға сәйкестігін айқындау мақсатында қойылатын талаптар

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлқының әдеп және заңдық нормалары.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы, № 1567 жарлығымен бекітілген (ҚР Президентінің 2011.04.01 № 111 Жарлығымен жаңа редакцияда) Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі: «Мемлекеттік қызмет атқару қызметі мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды» - деген сөздермен басталады

Осы кодекске сәйкес, «қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өтініш Отаны - Қазақстан Республикасына адал да қалтқысыз қызмет етеді де сенім білдіреді».

Мемлекеттік қызметшілердің кодекс талаптарын сақтауы олардың қызметтік борышы болып табылады, ал оларды бұзу көзделген жауапкершілікке тартылуға алып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің этикалық мінез құлқы және олардың өз міндеттеріне қатысты адалдық дәрежесі жайлы қоғам жағдайының, оның сыбайластық деңгейінің, инновациялық климат жағдайының және т.б. маңызды айқындағыштарының бірі болып табылады.

2008 жылғы 6 қарашада «Нур Отан» ХДП Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес форумында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік қызметшілер басшылыққа алулары туралы этикалық нормаларды анықтап берді:

1. Мемлекеттік қызметші билік пен өз өкілеттіктерін крудана білуі жиелеп адал болуы керек.

2. Мемлекеттік қызметте өз қамы үшін емес мемлекеттік игілігіне жұмыс істеу, мемлекет қаржысын ез қалтасымен шатастырмауы керек

3. Шенеунік «Қандай қаражатқа өмір сүресін?» деген сурактан қорықпай өмір сүруі тиіс, яғни өзінің зәулім сарайлары мен оны қоршаған дауалдар және қымбат шетелдік маркалы көліктерінің суреттері жариялануына негіз болмауы керек.

4. Мемлекеттік қызметші заң талаптарымен толық сәйкестікте өмір сүруі керек.

5 Кез келген орында, кез келген лауазымда қандай жағдай болса да халықтың, өз елі азаматтарының сенімін жоғалтпай жұмыс істеуі керек.

6 Қазақстандық мемлекеттік қызметші әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін ұстай білуі керек.

7 Мемлекеттік қызметші ұжымға басшылық жасамас бұрын, бағына білуді үйренуі, өз қызметкерлерінен талап етіп отырғаның өзі орындай білуі керек.

8 Егер мемлекеттік мүддесіне нұқсан келіп жатқанын немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерін көрсе, дереу араласып, шаралар қолдануы керек.

Ішкі істер органдарының қызметіндегі негізгі қиыншылықтардың бір ісенімін жаулап алуда, қылмыспен күрес алаңында қоғам көмегіні тілегінде

жатыр, ал бұл қызметкерлердің жоғары біліктілігінсіз, олардың өздерінің күнделікті қызметтерінде кәсіби этика сақтамауларынсыз мүмкін емес.

1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңына, 1998 жылғы

2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілернің ар-намыс кодексіне («Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары») және жалпықабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес, ішкі істер органдары қызметкерлерінің негізгі стандарттары Қазақстан Республикасының ішкі істер министрінің 2011 жылдың 28 мамырындағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері»

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс Кодексіне сәйкес, «ішкі істер органдарындағы қызмет - Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекеттің алдындағы қызметтік мен қызметтік борышын орындауымен байланысты мемлекеттік ерекше түрі. Қызмет өткеру олардың тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және ішкі істер органдары қызметкерінің адамгершілік және моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам ішкі істер органдарының қызметкері барлық күш-жігерін, білімі мен талабын жүзеге асырып жатқан кәсіби қызметіне жумсайды, қоғамға адал әрі қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді».

Этикалық ережелер әрбір мамандық үшін орнатылады, алайда қуқық қорғау органдары қызметкерлері үшін олардың маңызы айрықша, себебі олардың қызметі басқа мамандық өкілдерімен салыстырғанда, әрдайым көпшіліктің назарында жүріп, талқы пәніне айналып, қоғам мен мемлекеттің тарапынан үнемі әрі қалыпсыз бақылау астында жүреді.

Бұл, ең алдымен, дәрігерлер, оқытушылар, қорғаушылар мен басқалары сияқты, полиция қызметкерлерінің өздерінің кәсіби қызметтерін жүзеге асырулары олардың адамның сырлас-жеке бас өміріне араласуларымен шарасын жанасып жатқандығымен байланысты. Алайда, басқа мамандық иелеріне карағанда, тек полиция қызметкерлері адамның өміріне мәжбүрлі түрде қамтуға құқылы. Яғни, 1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Құқықтың тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінің преамбуласында айтылғандай, қуқық қорғау органдарының кәсіби қызметі «жекелеген тұлғалардың өмір сапасына, сондай-ақ жалпы қоғамға тікелей ықпал етеді».

Екіншіден, ішкі істер органдарының әрбір қызметкері ауқымды билік ішінде болып қана қоймай, елімізде мемлекеттік билік органының өкілі болып табылады. Полиция муниципалдық басқару органдарына бағынышты болып, тікелей халықпен сайланатын елдердің өзінде, оның қызметкерлері қоғам

кезінде - өзге ұйымдар, құрылымдар мен бірлестіктерде жоқ, белгілі бір өкілеттіліктерге ие билік өкілдері болып көрінеді.

Мұның бәрі, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлқының этикалық негіздерінің ерекшеліктерін айқындайды:

- полицияның кәсіби-этикалық нормаларының ішінде белгілі бір жағдаяттардағы сөзсіз орындамауды көздейтін ешбіреуі жоқ, себебі ішкі істер органы қызметкерінің тіпті ең болмашы ережені елеммуі қоршаған адамдар үшін түзетілмейтін қателерге алып келуі мүмкін;
- полицияның кәсіби-этикалық нормаларына бекітудің алуан түрлі көздері мен кең ауқымды әрекет аясы тән. Олар нормативтік- құқықтық актілерде, корпоративтік, ішкі ұйымдар мен талаптарда бекітіле алады, сондай-ақ азаматтардың құқық қорғау органдары өкілдеріне тән моральдық сапалар туралы түсініктері түріндегі қоғамдық пікірлерде де болуы ықтимал. Этикалық нормалардың әрекет ету аясы қызметкердің өздерінің тікелей міндеттеріне, жалпы қоғамға және жекелеген тұлғаларға, әріптестеріне, басшылыққа бағынышты адамдарға және т.б. деген қатынас пен мінез-құлыққа құралады.

Әдетте, кәсіби мінез-құлық этика ережелері, ең алдымен, үлкен дүниетанымдық мәнге ие, ішкі істер органдары қызметкерлері беретін сертанттан орын табады. Полиция қызметкерлері ант беру мәтінін оқи отырып, саналы түрде моральдық-этикалықтаңдау жасайды. Қызметкер өзіне кінәсіздер мен өлсіздерді алдау, заңсыздық пен зорлықтан қорғау, халықтың барынша қауқар топтары - әйелдер, балалар, қарттар, босқындар, мүгедектер мен т.б қорғаусыз қалдырмау міндетін көтереді. Бұл ретте, ол өзін ықтимал шектеулер немесе өмірлік жағдайсыздыққа қияды.

Полиция қызметкерлері антының мәтіні «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1559 Жарлығымен бекітілген. Жарлыққа сәйкес, ант мәтіні мынадай: Мен, Қазақстан Республикасының азаматы _____ (тегі, аты, әкесінің аты) ішкі істер органдарына қызметке қабылдана отырып:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, бастықтардың, командирлердің бұйрықтары мен нұсқауларын және өзіме жүктелген қызметтік міндеттерді адал атқаруға;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын және бостандықтарын шектеуге жол бермеуге, оларды құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында белгіленген қоғамдық тәртіпті өз өмірімді аямастан қорғауға;
- қызметке байланысты қиындықтарға шыдамдылықпен тезе білуге, адал, батыл, қырағы қызметкер болуға;

- мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтауға салтанатты түрде ант етемін. Егер де мен осы антты бұзсам, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті кетеруге әзірмін.

Осылайша, ант беру арқылы ішкі істер органдары қызметкерлерінің бүкіл құқық қорғау қызметінің моральдық сипаты, оның өнегелі-этикалық миімуының негізі салынады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби және этикалық мінез-құлық ережелерін бекітудің нормативтік-құқықтық нысаны, бір жағынан, халқаралық нормалар мен қағидалар жиынтығын құраса, екінші жағынан мемлекеттік, ұлттық нормаларды құрайды.

Халықаралық деңгейде, 1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдану жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі сияқты құжаттың айрықша мәні бар, онда Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлерін жою туралы конвенцияда, Балалар құқықтары туралы конвенцияда және басқаларында айқындалған қағидалар басым танылатын барлық елдердегі құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің өмірі мен қызметінің белгілі бір қағидалары қалыптастырылған.

Осы құжатта «құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар» түсінігі анықталған, мұндай тұлғалардың міндеті - осы мамандық өкілдерінен талап етілетін жауапкершіліктің жоғары деңгейіне сәйкес, кімнің тарапынан туындаса да, азаматтар мен қоғамды қылмыстық қол сұғушылықтардан «қорғау және қызмет ету» болып табылады.

Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың қызметі адам құқықтары муқият сақталып, құрметтелген жағдайда ғана жүзеге асырылуы тиіс. Кодекстің 2 бабында былай делінген:

Өз міндеттерін орындаулары кезінде құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар адамның ар-намысын құрметтейді және қорғайды, адамның барлық тұлғаларға қатысты құқықтарын сақтайды және қорғайды.

Кодекстің 4 бабында құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалармен алынатын құпия сипаттағы мәліметтердің, міндеттерді атқару немесе сот әділдігі мүдделері өзгені талап етпесе, құпия сақталу тиістігі көзделген; 7 бапта тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғаларға қандай да бір сыйбайлас жемқорлық актілерін жасауға тыйым салынған, ал 8 бапта олардың заң мен мінез-құлық кодексін құрметтеулері, сондай-ақ кез келген бұзушылықтардың алдын алып, барынша жолын кесулері көзделген. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ осы кодекстің кез келген бұзылулары туралы хабарлауға міндетті.

Әлбетте, кодекстің 5 бабында айтылған «жоғары тұрған тұлғалардың өкімдеріне» және «ерекше жағдайларға» сілтеме жасауға жол бермеушілік, сондай-ақ 8 бапта көзделгендей, бұзушылықтар туралы хабарлау талабы полиция жұмысының этикалық жағына орай айрықша мәнге ие, Құқықтық тәртіпті

қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі адам құқықтарын қорғау және сақталуына жәрдемдесу жөніндегі құқықтық міндеттемелерді орындауға катысты нұсқаулық болатын, этикалық кодекс ретінде қарастыруға болады. Ол құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері үшін ұлттық этикалық кодекстерді әзірлеудің мінсіз негізі ретінде қолданыла алады.

Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінің қағидалары мен идеяларының дамуына қарай, тағы бірқатар халықаралық-құқықтық актілер қабылданды, атап айтқанда:

- Азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция (10 желтоқсан 1984 ж);
- Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш және атыс қаруын қолдануының негізгі қағидалары (7 қыркүйек 1990 ж),
- Заңсыз, өз еркімен және жиынтық өлім жазасына кесудің тиімді алдын алу және тергеу қағидалары (24 мамыр 1989 ж.) және басқалары.

Осылайша, мысалы, құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі мәселелері бірнеше құжаттарда қарастырылады. Азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 2 бабының 3 тармағында былай делінген: «Жоғары тұрған басшының немесе мемлекеттік биліктің бұйрығы азаптаулардың ақтауы бола алмайды». Бұл ереже кезкелген мемлекеттік тұлғаға немесе ресми сапада әрекет ететін тұлғаға, сәйкесінше, полиция қызметкерлеріне де таралады. Осыған орай, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінде ба- лама ережелерден тұрады.

Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш және атыс қаруын қолдануының негізгі қағидалары дербес жауап-кершілікке катысты үш қағидадан құралады, олар оқу құралының жекелеген тарауларында жіктеп түсіндірілетін болады:

- 24 қағида: үкімет және құқық қорғау органдары, аға лауазымды тұлғаларға күш немесе атыс қаруының заңсыз қолданылуы орын алған немесе орын алып отырған жағдаяттар туралы белгілі болса немесе белгілі болуы тиіс болса, және олар осындай жағдаяттардың алдын алу, жолын кесу үшін барлық, мүмкін шараларды қабылдаса немесе олар туралы хабарламаса, олардың жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз етеді;
- 25 қағида: үкімет және құқық қорғау органдары күш немесе атыс қаруын қолдану туралы бұйрықты орындаудан бас тартатын не месе басқа лауазымды тұлғалардың осындай қолданулары тура лы хабарлайтын, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғаларға катысты ешқандай қылмыстық, немесе тәртіптік жазаның қолданылмауын қамтамасыз етеді;
- 26 қағида: құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар қандай да бір тұлғаның қазасына немесе ауыр жарақат алуына

алып келген күш немесе атыс қаруы қолдану туралы бұйрықтың айқын заңсыздығы туралы біліп, оны орындаудан бас тартудың саналы мүмкіндігіне ие болса, жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың бұйрықтарын орындау актау болып саналмайды. Дәл осы қағидада жауапкершіліктің заңсыз бұйрық шығарға жоғары тұрған лауазымды тұлғаларға да таралатындығы көзделген.

ЗАҢСЫЗ, өз еркімен және жиынтық өлім жазасына кесудің тиімді алдын алу және төргеу қағидалары, сондай-ақ келесідей екі қағидадан тұрады, олардың әр біреуі полиция қызметкерлерінің дербес жауапкершілігіне қатысты.

Бірқатар ережелерден құралған:

- 3 қағида. Үкіметтер жоғары тұрған лауазымды тұлғаларға немесе мемлекеттік органдарға өзге тұлғаларды кез келген осындай заңсыз, өз еркімен немесе жиынтық өлім жазасына кесуге уәкілдейтін немесе арандататын бұйрықтар шығаруға тыйым салады. Барлық лауазымды тұлғалар осындай бұйрықтарды орындамауға құқылы және міндетті. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін дайындау үдерісінде жоғарыда баяндалған ережелерге айрықша көңіл бөлінеді.

- 19 қағида. Жоғарыда аталған 3 қағидаға нұқсан келтірусіз, жоғары тұрған басшының немесе мемлекеттік билік органының бұйрығы заңсыз, өз еркімен немесе жиынтық өлім жазасына кесудің актауы бола алмайды. Жоғары тұрған басшылар немесе өзге мемлекеттік ресми тұлғалар, мұндай әрекеттердің алдын алудың саналы мүмкіндігі ие болып, өздеріне бағынышты адамдардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартыла алады. Соғыс, қоршауда қалу немесе өзге төтенше жағдайларды қоса алғанда ешбір жағдайда, заңсыз, өз еркімен немесе жиынтық өлім жазасына кесуге қатысы бар деп болжалған ешбір тұлғаға сот қудалауынан толық иммунитет берілмейді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қойылатын халықаралық этикалық қағидалар мен талаптар іргелі, ал бірқатар жағдайларда жалғыз болып табылады. Алайда, көптеген елдерде, әдетте арнайы актілер - кодекстерде қалыптастырылған, құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің ұлттық этикалық нормалары айтарлықтай басым рөлге ие. Ұлттық-мемлекеттік нормативтік ережелердің болуы, олардың нысаны мен сипаты әрбір елдің конституциялық-құқықтық даму ерекшеліктерімен ішкі саяси жағдаймен, салт-дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Мысал ретінде, Франция ұлттық полициясының деонтология кодексін келтіруге болады, оның кіріспесінде «ұлттық полиция елдің бүкіл аумағында республикалық институттарды қорғау және бостандықтарын кепілдендіруді, тыныштық пен қоғамдық тәртіпті қолдау және азаматтар мен мүлкті қорғауды қамтамасыз ету үшін қызмет етеді» делінген, Ресей Федерациясының ІІБ қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының арнамыс кодексі, онда, атап айтқанда полицияның әрбір қызметкері «азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, меншігін, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстылық пен өзге заңға сыйымсыз қол

сұғушылықтардан қорғау үшін өзінің жеке жауапкершілігін терең сезінуі тиіс делінген.

3. Адам құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір салаларда қылмыстың алдын алуды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылдың 28 мамырындағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексі («Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері») әрекет етеді Бұл кодекске сәйкес:

Ішкі істер органдарының қызметкерлері өздерінің күн сайынғы қызметтік жұмысында:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жактауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет институттарының беделін тусіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституцияның, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

3) қоғам мен мемлекеттің игілігіне қызмет етуге;

4) мемлекеттің мүддесіне залалын тигізетін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

5) сеніп тапсырылған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға, бекітіліп берілген қару, өзге қару мен арнайы техника, қызметтік құжаттар мен куәліктің бүтіндігін сақтауға;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

7) ішкі істер органдарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайту;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін кудалауға жол бермеуге, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

9) адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

10) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының Салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

11) мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, тұралықпен және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

12) жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған Міндеттерді шешудің оңтайлы да үнемді әдістерін қолдануға;

13) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

14) кадрларды туысқандық, жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

15) Бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындай алмайтын өкімдер бермеуге, бағынысты қызметкерлерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

16) Бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік фактілеріне жол бермеуге;

17) Бағынысты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге;

18) кәсіби дайындықтың, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша, қажетті деңгейіне ие болуға;

19) Басқа мемлекеттік қызметшілердің тарапынан қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін болдырмауға және жолын кесуге;

20) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстануға тиіс.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметте, тұрмыста айналасындағылармен жоғары әдептілік пен этикалық қарым-қатынастың үлгісін көрсетуге, іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлық ережелерін құрметтеуге тиіс.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүддесінде, оның ішінде өзінің оларға деген қарым-қатынасын насихаттау үшін қызметтік жағдайы мен оған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбауға тиіс.

Органдар мен бөліністердің басшылары қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметтеріне қатысуға қарамағандағы қызметкерлерді тарта алмайды.

Кодексте ішкі істер органдарда қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарына ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, олар:

1) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға немесе сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар жасайтын әрекеттерге жол бермеуге, мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы шынайы ақпарат алған кезде уәкілетті мемлекеттік органды, жоғары тұрған басшыны, мемлекеттік органның басшысын ақпараттандыруға тиіс.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат алғаннан кейін ішкі істер органының басшысы ол бойынша, оның ішінде қызметкердің

әрекеттерінде заңнаманы бұзушылық болмаса, оны келешектегі қызметтік жұмысын, құқығы мен заңды мүдделерін теріс ықпал ететін заңсыз қудалаудан қолғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

3) өзінің әрекеттерімен және шешімдерімен жеке заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуге тиіс. Осындай фактілер анықталған жағдайда, қызметкерлер оларды жою бойынша шаралар қабылдау керек.

4) мемлекетке келтірілетін экономикалық залалды болдырмау бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, жеке мүддесі мен үшінші адамның мүддесінде тексерістерге бастама көтеруге жол бермеуге тиіс.

5) жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және оның байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбауға тиіс.

6) мүдделердің қақтығысына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

7) мүдделердің қақтығысы, яғни қызметкердің жеке қызығушылығы мен оның өз лауазымдық өкілеттіктерін немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік заңды мүдделерін тиісінше орындауы арасында қарама-қайшылық туындайтын, осы заңды мүдделерге зиян келтіру мүмкін жағдайда қызметкер оны болдырмау және реттеу бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

Полиция органдарының беделінің маңызы ескере отырып, Кодексте көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысты кенестер берілген. Осылайша, мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның уәкілетті лауазымда адамдары жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік қызметін беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізу тиіс.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік саясат пен қызметтік жұмыс мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымы адамдардың, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына этикаға жатпайтын сөздерді қамтыса, көпшілік алдында білдірмеуге тиіс.

Ішкі істер органдарының мемлекеттік саясатта жүргізумен мемлекеттік орган қызметкерлерінің қызметімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік органның атынан жарияланымдар жасауына жол бермейді.

Педагогикалық ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет жөніндегі материалдарды жариялауды ішкі істер органдарының қызметкерлері жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырады.

Тақырып № 6

Тергеу үдерісіндегі адам құқықтарының сақталуы

1. Қылмысты тергеуге қатысты халықаралық және ұлттық нормалар.
2. Адам құқықтарын сақтау және ұстаудың құқықтық негіздері.
3. Тұтқындау рәсімі мен тұтқындалғанның құқықтық мәртебесін бекітетін халықаралық және ұлттық құжаттар.
4. Адамның азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттерден бостандық құқығы және оның ұстау және тұтқындау барысында іске асырылуы.

1. Қылмысты тергеуге қатысты халықаралық және ұлттық нормалар.

«Қылмыс» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚК 10 бабы/ – жазптау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қауіпін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылады. (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 бабының 2 тармағы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚК 10 бабы/.

«Кінәсіздік презумпциясы» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс – жүргізу кодексінің 19 – бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 19 бабы/ – (латын тілінде) *praesumptio* – болжам) – айыпталушы оның кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленге дейін кінәсіз деп саналатын, сот ісін жүргізудің демократиялық құқықтық қағидаларының бірі.

Сонымен қатар, бұл қағида келесідей ережелерден тұрады:

- ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- айыпталушының кінәлігіне сөйілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс;
- айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс.

«Куә» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 82 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 72 бабы/– іс үшін маңызы бар қандай да бір жағдаяттар мәлім болған немесе тергеу органдарына куәлік ету үшін шақыртылған кез келген тұлға.

«Жәбірленуші» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 75 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 71 бабы/ – Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам. Халықаралық – құқықтық

құжаттарда «қылмыс құрбаны» термині қолданылады, алайда қазақстандық заңнама бойынша мұндай термин жоқ, оның орнына «жәбірленуші» деген тар аялы ұғым қолданылады.

«Сезікті» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 68 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 64 бабы/ – тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты осы Кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам.

«Айыпталушы» (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 69 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 65 бабы/ – өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам.

Сотқа берілген, ал жеке айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы, - сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, - сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, - ақталушы деп аталады.

«Жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығы» - өз-өзіне берілу құқығы, әрбір адамның ерікті сыртқы қол сұғылушылықтардан, соның ішінде үкімет тарапынан қол сұғылушылықтардан заңмен қорғалған өз кеңестігіне ие болатын құқық, Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабының 1 бөлімінде «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абройылы атының қорғалуына құқығы бар» делінген.

«Жеке өміріне өз еркімен араласпау» - жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығын бұзу, заңсыз араласу. Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 бабында тұрғын үйге қол сұғылмайды, тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі делінген, ал Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабының 2 бөліміне сәйкес « әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

Қылмыстарды тергеудің негізгі қағидалары.

Қылмыспен күрес жөніндегі қызмет осы мемлекеттік қызметтің бағыттарының бірі болып табылады. Оның нәтижелері қоғамдағы ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар, азаматтар және олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесін көрсетеді.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуге арналған органдар өз қызметтерінің мақсаты ретінде адам құқықтарын басты назарға аударулары тиіс. Алайда, мұнымен қатар, бұл құқық қорғау қызметімен жіктелген құқықты шектеу мүмкіндігін ғана емес, қажеттілігін де білдіреді

Осыған орай, айқындалған аспектінің шеңберінде орталық мәселе туындайды. Ол ретінде екі мақсаттың арасындағы өзіндік теңгерімнің сақталуы мәселесі әрекет етеді: құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және адамның құқықтары мен бостандықтарының қалтқысыз қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттардың арақатынасын екі түрлі айқындауға болады. Бір жағынан, мемлекет кез келген жағдайда орнатылған құқықтық тәртіпті мәжбүрлеу арқылы қолдауға, заңдылықтың жалпықұқықтық іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті болса, екінші жағынан бірінші мақсатқа қол жеткізу тұлғаның оған тән негізгі демократиялық құқықтары мен бостандықтары аясының тарылуын немесе тікелей шектелуін қаншалықты ақтайды?

Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, «бұл мәселеде қоғамдық пікір мен мемлекеттік саясат бір шектен басқа шекке: толық мемлекеттік бассыздықтан қандай да бір «абсолюттік» құқықтар мен бостандықтарды шектеудің асқан үрейге дейін барады. Бірінші жағдайда билікті теріс пайдаланудан, екіншісінде - криминалитет пен дербес бассыздықтан қорғау жоқ. Мұндай «иірімдер» заңнама және қылмыспен күрес тәжірибесі құрылуы тиіс концептуалды негіздердің жоқтығын көрсетеді».

Тергеуге қатысты халықаралық және ұлттық нормалар.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің істерды тергеу саласындағы адам құқықтары стандарттарынан тұратын негізгі халықаралық актілерге, ең алдымен, 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және 1976 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті жатады.

Алайда, төмендегі құжаттарда бекітілген негізгі ережелердіңде үлкен мәні бар:

- 1985 жылғы 29 қарашада Бас ассамблеяның 40/34 қарарымен қабылданған Қылмыс пен билікті асыра пайдалану құрбандары үшін сот әділдігінің негізгі принциптерінің Декларациясы;

- 1979 жылғы 17 желтоқсанда Бас ассамблеяның 34/169 қарарымен қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі;

- 1988 жылғы 9 желтоқсанда Бас ассамблеяның қарарымен қабылданған Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығы және өзге халықаралық құжаттар.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14 бабында тергеу мен сот әділдігін орнату кезіндегі негізгі құқықтардың тізімі бекітілген. Осылайша, АСҚХП 14 бабының 3 бөлігінде «Әрбір адамның өзіне тағылған қылмыстық айыптауды қарау кезінде, ең кем дегенде, төменде көрсетілген, толық теңдік негізінде берілетін кепілдіктерге:

- а) өзіне тағылған айыптаудың сипаты мен негізі жөнінде өзі түсінетін тілде толық және дереу хабардар етілуіне;

б) қорғау шараларына дайындық жүргізуге және өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесуге мүмкіндік беріліп, жеткілікті уақытпен қамтамасыздандырылуына;

с) дәлелсіз ұстау негізінде сотталмауына;

д) өз қатысуымен сотталуға және өзін өзі дербес қорғауына немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғалуына: егер оның қорғаушысы жоқ болса, онда осындай құқығы бар екендігі жөнінде хабардар етіліп, қандай жағдай болмасын әділ сот мүдделері талап етсе, өзіне тағайындалған қорғаушының көмегін пайдалануына және де қорғаушының еңбегіне төлейтін жеткілікті қаражаты жоқ болса, оның көмегін ақысыз пайдалануына.

е) өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алынуына немесе осы куәлардан жауап алуды талап етуіне, сонымен қатар өзінің куәлары шақыртуылына және олардан жауап алу шарты өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алу шартымен бірдей болуына;

и) егер сол жұмысын атқаруда пайдаланатын тілді түсінбесе, немесе сол тілде сөйлей алмаса тілмаштың көмегін ақысыз пайдалануына;

д) өз-өзіне қарсы көрсетпе беруге немесе өзін-өзі кінәлі деп мойындауға мәжбүрленбеуіне құқығы бар» делінген.

Болашақ полиция қызметкерлері үшін полиция қызметіндегі және қылмыстарды тергеу кезіндегі адам құқықтарының сақталуымен байланысты әлдеқайда кеңінен таралған таптаурындар туралы білудің маңызы айрықша зор. Төменде, әдетте кәсіби деформация нәтижелері болып табылатын және болашақ мансапта сырт айналып өту қажет таптаурындардың салыстырмалы кестесін келтіреміз.

Қазақстан Республикасының заңнамасы қылмысты тергеуге қатысты маңызды қағидаларды бекітеді. Мұндай негізгі ережелер, ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР ҚК және ҚІЖК бар. Маңызды қағидалардың қатарынан Қазақстан Республикасының заңнамасында мыналар бекітілген:

- әрбір адамның жеке өміріне қол сұқпаушылық. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17 бабы: «Адамның қадір – қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды».

- әрбір адамның әділ сот қарауына құқығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабы: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі».

- Кінәсіздік презумпциясы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77 бабы: «Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі».

- Жеке өміріне, отбасына, тұрғын үйіне немесе хат-хабар жазысуына өз бетінше араласуға тыйым салу.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабы: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77 бабында бекітілген сот әділдігін орнатудың негізгі қағидаларының тізімін нақты анықтау қажет:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Лауазымды тұлғалардың іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі мынадай заңды әрекеттері: сезіктінің (айыпталушының, сотталушының, сотталғанның) құқыққа қарсы әрекеттерінің жолын кесу; қаруды және арнайы құралдарды (қол кісендерді, сойылдарды және т.б.) қолдану, ұстау, соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру және қылмыстық құдалау органдарының қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін орындауға бағытталған басқа да әрекеттері қинау деп танылмайды.

Қылмысқа қоса қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тән азабын және психикалық зардап тартқызған лауазымды тұлғалар ғана емес, лауазымды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдастырушылар, арандатушылар мен көмекшілер де тартылады. Білуі немесе үнсіз келісімі, сондай-ақ жол беруі

немесе алдын ала уәде берілген бұркеумен, өзіне бағынышты орындаушымен жасалған қылмыста, мұндай лауазымды тұлға қылмыстың жасалуына көмекші болып тынылады. Барлық мұндай жағдайларда тұлғалар азаптауларға қатысқандары үшін жауапкершілікке тартылады, және олардың іс-қимылдары ҚК-ның 28 бабының қолданылуымен, ҚК 347 бабы /жаңа редакциядағы 03.07.2014 ж. ҚР ҚК 415 бабы/ бойынша анықталады. Мұндай ереже БҰҰ Азаптаулар мен өзге қатыгез адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясының 1 бабына сәйкес келеді. (БҰҰ Бас ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен қабылданды), ол бойынша азаптаулар қолданғаны үшін, орындаушыдан өзге, азаптауларды жасауға арандатқан немесе азаптау оның білуімен немесе оның үнсіз келісімімен жүргізілген тұлға да жауапкершілікке тартылады. Жәбірленуші куәларға жанашырлықпен және ықласпен қатынасу қажет.

Осылайша, мысалы, Қазақстан Республикасының ҚІЖК 12 бабының 1 бөлігіне /жаңа редакциядағы ҚР ҚІЖК 12 бабы/ сәйкес, заң жәбірленушінің құқықтарын қорғайды: «Мемлекет заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша жәбірленушіге сот әділдігіне қол жеткізуін және келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етеді».

Құқық қорғау органдарынан құқық бұзушылықтардан жапа шеккен жәбірленушілерге сот әділдігін орнату тетіктеріне тең және әділ қолжетімділікті қамсыздандыру және құрбандардың қудалануына жол бермеу шараларын қабылдау талап етіледі:

1. Құрбандарға жанашырлықпен қарап, олардың қадір-қасиетін құрметтеу қажет.
2. Олар ұлттық заңнамаға сәйкес сот әділдігі тетіктеріне қолжетімді және келтірілген залалдың дереу өтелуіне құқылы.
3. Құрбандарға олардың рөлі және сот қарауының көлемі, өткізу мерзімі мен барысы және олардың істерінің, әсіресе ауыр қылмыстар жағдайында істерінің қаралу нәтижелері туралы, сондай-ақ мұндай ақпарат сұралған уақытта ұсыну.
4. Құрбандарға үкіметтік, ерікті, қауымдық және жергілікті арналар арқылы қажетті материалдық, медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету қажет.
5. Құрбандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Құқық қорғау органдары құрбандардың қажеттіліктері мен сұраныстарын білулері қажет. Олар жедел көмек көрсету үшін оқытылып, сәйкес нұсқаулықпен қамтамасыз етілулері тиіс

2. Адам құқықтарын сақтау және ұстаудың құқықтық негіздері.

Habeas corpus (латын тілінен аударғанда «тәнің болсын делік»). Тарихи түрде *Habeas corpus* рәсімі ұстау кезіндегі адам құқықтарының сақталуын сот арқылы қадағалау нысаны болып табылады, және бостандығынан айырылған

әрбір адамның сот оның ұсталу заңдылығы мен негізділігін тексеруі үшін, сот алдында жүгіну құқығын кепілдендіреді.

«Тұтқындау» - (ортағасырлық латын тілінен *arrestum*- сот - қаулы), мәжбүрлі түрде ұстау және түрмеге отырғызу. Қазақстан Республикасында «тұтқындау» термині екі мағынада қолданылған болатын:

1) айыпталушыға қатысты іс бойынша үкімнің шығарылуына дейін әлдеқайда қатал бұлтартпау шарасы ретінде, прокурордың келісімімен және соттың санкция беруімен ғана 2-ден 12 айға дейінгі мерзімде қолданылады (ҚР ҚПК 150 бабы) /жаңа редакциядағы 04.07.2014 ж.ҚР ҚПК 147 бабы/.

2) жасалған қылмыс үшін соттың айыптау үкімі бойынша 1 жылдан аспайтын мерзімге қылмыстық жазалау түрі ретінде. Адамның қатал оқшау ұсталуын көздейді. Алайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінен бұл жаза түрі жойылған, себебі оның 1998 жылдан бастап ҚР ҚК болу уақытының ішінде соттар тарапынан бірде-бір рет қолданылмаған, себебі қамауға алуға сотталғандар үшін арнайы «тұтқындау үйлері» құрылмаған.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда «тұтқындау (қамауға алу)» термині әкімшілік құқық бұзушылық үшін сот шешімі бойынша «қамауға алу» әкімшілік жазасын санамайтын болсақ, тек бірінші мағынасында ғана қолданылады.

«Ұстау» - қазақстандық құқық бойынша, тұлғаның қылмысқа қатыстылығынанықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы. Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы ықтимал қылмыс жасаған деп сезікті тұлғаны қысқа уақытқа (72 сағаттан артық емес) қамауға алу түрінде жүзеге асырылады. Тек заңмен көрсетілген жағдайларда жол беріледі. (ҚР ҚПК 132 бабы) /жаңа редакциядағы ҚР ҚПК 128 бабы/

Ұстау «айыптың тағылуына дейін қысқа уақыттық қамауға алу) және тұтқындау (айыпталушы өз ісінің сот арқылы қаралуын күткенше, сот шешімі бойынша 2-ден 12 айға дейін ұзақ уақыттық қамауға алу) түсініктерін нақты ажырата білу қажет.

Сондай-ақ, құқық қорғау органдары ұстаудан кейін пайдаланатын, ұсталғандарды әкімшілік тәртіпте 3 сағатқа дейін орналастыратын уақытша ұсталғандарға арналған камералар (УҰК) мен қылмыс жасаған деп сезікті ұсталғандарды 72 сағатқа дейін орналастыратын уақытша ұстау изоляторлары (УҰО) сияқты қамау астында ұстау орындарының арасында да айырмашылықтар бар. Сонымен қатар, істің сот арқылы қаралуына дейін тұлғаны қамауға алу (тұтқындау) туралы сот шешімінің шығарылуынан кейін түрме басшыларымен қолданылатын мекемелерді де ажырата білу қажет - соңғылары Қазақстанда тергеу изоляторлары (ТИЗО) аталады

«Адамгершілікке жатпайтық іс-әрекет және жазалау» - қасақана түрдегі моральдық немесе тән азаптарына алып келетін және осы жағдайда актауға жатпайтын іс-әрекет.

«Ар-намысты корлайтын іс-әрекеттер және жазалау» - жәбірленушінің бойында қорқыныш, жабырқау және олқылық сезімін тудыру үшін, оның тән немесе моральдық қарсылығын сындыру, балағаттау, кемсіту мақсатымен адамды басқалардың алдында өрескел корлайтын және оны өз еркіне немесе ар-ожданына қарсы әрекет етуге мәжбүрлейтін іс-әрекет.

Ұстау рәсімі мен ұсталған тұлғаның құқықтық мәртебесін бекітетін халықаралық және ұлттық құжаттар.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық өз бетінше тұтқындау мен ұстауға тыйым салады (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, бұдан әрі - АҚЖБД, Бас ассамблеяның 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А (III) қарарымен қабылданып, жарияланды, 9 бөлім) Осылайша, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 3 бабында былай делінген: «Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы». Декларацияда, сондай-ақ адамның негізгі құқықтарын, соның ішінде жеке бостандықта болу құқығын кез келген шектеудің сот қорғауының астында болу тиістігі туралы жалпы қағида бекітілген.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі АСҚХП) 9(1) бабында, айыпталушы өзіне қандай айыптың тағылғанын білуі тиіс делінген; 9(2) бапта айыпталушының «жедел түрде» сотқа тапсырылуы тиістігі бекітілген, ал 9(3) бапта істің сот қарауына дейін босату мәселесі «кепілдіктің берілуімен» айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс делінген.

АСҚХП 9(4) бабында habeas corpus кепілдемесі немесе жеке бостандығын кез келген шектеудің сот арқылы тексірілу құқығын кепілдендіретін өзге баптама тетік көзделген. Осы ережеге сәйкес, «қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айрылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды – заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар». 9 (4) баппен АСҚХП 3 (2) және 9(3) баптары баптары тығыз байланысты. Балама ережелер Адам құқықтары туралы еуропалық конвенциясының (бұдан әрі АҚЕУ) 5 бабында да бар.

АСҚХП 9(4) бабымен салыстырғанда, 9(3) бабы қылмыстық айыптау бойынша тұтқындалған немесе ұсталған тұлғаларға ғана қатысты. 9(4) бап ұстаудың барлық жағдайларына, соның ішінде әкімшілік органның бұйрығы бойынша ұстауға қатысты қолданылады (БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті осындай органның бұйрығы бойынша ұсталған тұлға бұл шешімнің сотта қаралуына құқылы деп жариялайды. Антти Вуоланненің Финляндияға қарсы № 265/1967 хабарламасын қараңыз (1989 жылғы 7 сәуір), Бас ассамблеяның ресми есептері, 44-ші сессия, № № 40 толықтыру (А/44/40), Х қосымшасы J тарауы).

Маңызды халықаралық құжат – 1988 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен (43/173) қабылданған Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығында (бұдан әрі - БҰҰ ұстау жөніндегі қағидалар жиынтығы) ұстауға (тұтқындауға) қатысты әлдеқайда маңызды іргерілі ережелер жинақталған.

БҰҰ ұстау жөніндегі қағидалар жиынтығының 11 қағидасы мынадай «тұлға сот немесе өзге органмен дереу тәртіпте тыңдалудың тиімді нәтижесінің берілуінсіз қамауда ұстала алмайды, Ұсталған тұлғаның өзін-өзі қорғау немесе заңмен көзделгендей адвокаттың көмегін пайдалануға құқылы» Сонымен қатар, 32 қағида «Ұсталған адам немесе оның адвокаты ішкі заңнамаға сәйкес, мұндай тұлғаны ұстау заңсыз болған жағдайда, оның дереу босатылуына қол жеткізу мақсатымен, осы тұлғаның ұсталу заңдылығымен дауласу үшін сот немесе өзге органның алдында, кез келген уақытта істің қаралуына құқылы. Ұстауды жүзеге асыратын басшылық ұсталған тұлғаны оның ісін қарастыратын органға негізсіз кідіріссіз жеткізуі тиіс» деп нақтылайды.

Назар аударалық нәрсе, ұстаудың заңдылығын қалыпты бағалау қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаға қатысты тағылған айыптың негізделу дәрежесінің анықталуынсыз мүмкін емес. Бұл талап habeas corpus рәсімі қолданылатын ЕЫҚҰ қатысушы - мемлекеттердің басым көпшілігінің заңнамасынан көрініс тапты. Мәселенің құқықтық реттелуіне деген дәл осындай тәсіл Италия, Канада, АҚШ мен ГФР бар, мұнда соттар habeas corpus рәсімінің барысында сезіктенудің негізділігін тексеруге міндетті.

Осылайша, судья ұстаудың заңға сыйымдылығын бағалау кезінде айыптың негізділігіне белгілі бір дәрежеде назар аударып, қылмыс құрамының барына қатысты немесе санкцияға берілген тұлғаның қылмыс жасағандығына қатысты күрделі күмән туындаған жағдайда, ұстауды заңсыз деп тану мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Басқа сөзбен айтқанда, судья тағылған айып тек сөз жүзінде жасалған тұлғаның қамауға алынбағандығына, осы кезеңде айыптың тұлғаның аталған қылмысқа қатыстығы туралы қорытындыға келу үшін жеткілікті дәлелдемелермен расталатындығына, және іс - қимылдың сәйкес түрде анықталғандығына көз жеткізуі тиіс. Кері жағдайда, тұтқындау өз бетінше, заңға сыйымсыз жасалған болып саналады.

3. Тұтқындау рәсімі мен тұтқындалғанның құқықтық мәртебесін бекітетін халықаралық және ұлттық құжаттар.

1988 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен (43/173) қабылданған Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығында былай деп көрсетілген. «Тұтқындау» сөзі қандай да бір құқық бұзушылық жасады деп сезіктенетін немесе қандай да бір органның шешімі бойынша тұлғаны ұстау акті.

Біреуді тұтқындау оны бостандығынан айыруды білдіреді. Тұтқындау мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

- қандай да бір тұлғаның заңға сыйымсыз әрекетті жасауын немесе жасауды жалғастыруын болдырмау;

- тұтқындалған тұлғамен жасалған заңға сыйымсыз әрекетке қатысты жүргізілуі тиіс тергеуге жәрдемдесу;

- тағылған кез келген айыптауларды қарастыру үшін тұлғаны сот алдына жеткізу.

Тұтқындаудың мақсатынан тәуелсіз, оны жүзеге асыру үшін негіздер қажет, және ол құқықтық тәсілдердің қолданылуымен кәсіби түрде жүзеге асырылуы тиіс. Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері сәйкес білімдерге, сондай-ақ практикалық дағдыларға ие болулары тиіс.

Тұтқындау кезінде полиция барлық адам құқықтарының негізінде жеке бостандық қағидасына қол сұғады. Сол себепті, тұтқындауға қатысты барлық арнайы ережелердің негізін ұш қағида құрайды - бостандық, заңдылық және қажеттілік.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық және адамның бостандықтарын қорғауға арналған түрлі ережелерден тұрады. Тұтқындауға қатысты арнайы ережелерге мыналар жатады:

- өз бетінше тұтқындауға тыйым салу туралы ереже;
- тұтқындауды жүзеге асыру рәсімі туралы ереже;
- кәмелетке толмағандарды тұтқындау туралы ереже;
- заңсыз тұтқындау құрбандарына өтемақы төлеуге қатысты талаптар туралы ереже.

Тұтқындауды жүзеге асыру саласындағы адам құқықтарының халықаралық стандарттары оны жүзеге асыру кезінде ұстану қажет рәсімдерді ұсынады. Олар Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9 бабының 2 және 3 тармақтарында орнатылған, соның ішінде «қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері жедел түрде хабарланады.

Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығында тұтқындау рәсіміне төрт қағида көзделген:

- 2 қағида. Тұтқындау, ұстау немесе қамауға алу заң ережелеріне қатаң сәйкестікке және өкілетті лауазымды тұлғалармен немесе осы мақсат үшін заңмен уәкілденген тұлғалармен жүзеге асырылады.

- 10 қағида. Әрбір тұтқындалғанға тұтқындау сәтінде оның тұтқындалу себептері және еш кідіріссіз оған тағылған кез келген айып хабарланады.

- 12 қағида. 1. Келесідей мәліметтер хаттамаға тиісті түрде енгізіледі: а) тұтқындау себептері; б) тұлғаны тұтқындау уақыты және мұндай тұлға қамауда ұстау орнына жеткізілген уақыт, сондай-ақ сот немесе өзге органның алдына алғаш келу уақыты; с) құқық қорғау органдарының сәйкес лауазымды тұлғаларының тектері; д) ұстау орнына қатысты дәл мәліметтер.

2. Мұндай хаттамалар ұсталғанға немесе болған жағдайда, оның адвокатына заңмен көзделген нысанда ұсынылады.

- 13 қағида. Кез келген тұлғаға тұтқындау сәтінде немесе ұстау немесе қамауға алудың басында немесе осыдан кейін көп ұзамай, тұтқындау, ұстау немесе қамауға алу үшін жауапты орган, сәйкесінше, оның құқықтары және оларды іске асыру туралы мәліметтер жеткізіледі.

Түрлі құжаттарда тұтқындау рәсімін қадағалауды қамтамасыз ететін қосымша кепілдемелер қарастырылған. Осылайша, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9 бабының 4 тармағында былай делінген: «Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айырылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіретпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар». Ал Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығының 37 қағидасы мынадай ережені бекітеді. «Қылмыстық айыптау бойынша ұсталған тұлға, тұтқындалуынан кейін көп ұзамай немесе заңмен анықталған өзге органға беріледі. Мұндай орган ұстау заңдылығы мен қажеттілігіне қатысты дереу шешім қабылдауы тиіс. Ешкімді осындай органның жазбаша қаулысынсыз тергеу жүргізу немесе сот қарауын жүзеге асыру кезеңінде ұстана алмайды. Ұсталған тұлға осындай органға жеткізілгенде, өзін ұстау кезіндегі қарым-қатынас туралы шағымдануға құқылы.

Кәмелетке толмағандарға қатынасты сот төрелігін атқару Біріккен Ұлттар ұйымының кішігірім стандарттық ережесінің (Пекин ережелері) 10 қағидасында мынадай талап көзделген:

- кәмелетке толмаған ұсталған жағдайда, оның ата-анасына немесе қамқоршысына осындай ұстау туралы дереу хабарланады, ал мұндай дереу хабарлау мүмкін болмаған жағдайда, ата – анасы немесе қамқоршысы неғұрлым тиісті қысқа мерзім ішінде хабарландырылады;

- судья немесе өзге құзырлы лауазымды тұлға немесе орган босату туралы мәселені дереу қарастырады,

- құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі органдар мен кәмелетке толмаған құқық бұзушының арасындағы байланыс кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесін құрметтеу, кәмелетке толмағанның әл-ауқатына жәрдемдесу, оған зиянның оған зиянның келтірілуіне жол бермеу арқылы, іс жағдаяттарының тиісті түрдегі ескерілуімен жүзеге асырылады.

1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тұтқындау мәселесіне қатысты 37 бапта «ешбір бала бас бостандығынан заңсыз немесе еріксіз айырымалуы тиіс. Қамауға алу немесе түрмеге жабу заңға сәйкес жүргізіліп, соңғы шара ретінде ғана, неғұрлым тиісті қысқа мерзім ішінде қолданылуы тиіс» делінген.

Мысал үшін, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9 бабының 5 тармағында мынадай іргелі ереже көзделген.

«Қамаудың, я болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы». Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығының 35 қағидасына сәйкес, «мемлекеттік лауазымды тұлғаның осы қағидаларда көзделген құқықтарды бұзуына қарай әрекет етуі немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде келтірілген заңнамамен көзделген жауапкершілік туралы нормаларға сәйкес өтелуі тиіс.

4. Адамның азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттерден бостандық құқығы және оның ұстау және тұтқындау барысында іске асырылуы.

Азаптаулар мен өзге қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен бостандық құқығы мәселесі халықаралық және мемлекетішілік құқықтық реттеу үшін, әсіресе, күштеу құрылымдарының тәжірибесі үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мұны осы мәселеге қатысты халықаралық-құқықтық актілер санының көптігі дәлелдеп отыр.

Осылайша, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 5 бабы азаптаулардан бостандық құқығын негізгі және тумасын берілетін құқық ретінде бекітті.

Ешкімде азапталуға немесе қадір - қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес.

Қатысушы мемлекеттер үшін міндетті сипатқа ие Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 7 бабына сәйкес, «Ешкім де азапталуға немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолымен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес. Ішінара, ешбір тұлға өзінің ерікті түрдегі келісімінсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибеге ұшыратылуы тиіс емес». Ал 10 бабы бойынша, «Бас бостандықтарынан айырылған барлық адамдар өздеріне деген адамгершілікті көзқарасқа және адам баласына тән қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқылы».

Бұл құқық аймақтық деңгейде 1995 жылғы ТМД адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Конвенцияның 3 бабында бекітілді: «Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес. Ешкім өзінің ерікті түрдегі келісімінсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибеге ұшыратылуы тиіс емес».

1998 жылғы Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығының маңызы зор, ол қамауға алынған тұлғамен әрекеттесудің халықаралық-құқықтық стандарттарын орнатады. Осы нормативтік-құқықтық актінің 6 қағидасында былай делінген.

Ешбір ұсталған немесе қамаудағы тұлға азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшыратылмауы тиіс. Ешқандай жағдаяттар азаптаулар және

басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін ақтай алмайды.

Түрмеге қамауға балама шаралар туралы кеңестер жиынтығын құрайтын Түрмеге қамаумен байланысты емес шараларға қатысты БҰҰ стандартты кішігірім ережелері (Токио ережелері) келесідей ережелерден тұрады:

3.8 ереже «Түрмеге қамаумен байланысты емес шаралар құқық бұзушымен медициналық немесе психологиялық тәжірибелердің жүргізілуіне, немесе оның денесіне немесе жанына жарақат келтірудің ақталмаған тәуекеліне жол бермейді», 3.9. ереже «Барлық кезеңдерде, түрмеге қамаумен байланысты емес шаралар қолданылатын құқық бұзушының адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуі қамтамасыз етіледі».

Осылайша құқық қорғау органдарының халықаралық және ішкі заңнама нормаларына сәйкес қызмет етуі азаптаулар мен өзге қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен бостандық құқығын қоса алғанда, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен тиімді қорғаудың шарты ретінде қарастырылады.

Бұл саладағы тағы бір маңызды құжат 1979 жылғы Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі болып табылады, оның 5 бабына сәйкес, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі ешбір лауазымды тұлға азаптаулар және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауды жүзеге асыра, арандата немесе төзімді қарай алмайды, және құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі ешбір лауазымды тұлға азаптаулар және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауды ақтау үшін, жоғары тұрған адамдардың өкімдеріне және соғыс немесе соғыс қаупі, ұлттық қауіпсіздікке қауіптің төнуі тұрақсыздық сияқты ерекше жағдайларға немесе кез келген өзге төтенше жағдайға сілтеме жасай алмайды.

Азаптауларға қарсы бостандықты бекіту мен реттеудегі ерекше рөлді 1984 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция ойнайды. Конвенцияның 1 бабында азаптауға толық анықтама берілген.

Азаптау - қандай да бір тұлғаға одан немесе үшінші тұлғалардан мәлімет алу немесе мойындату, ол немесе үшінші тұлға жасаған немесе жасады деп сезіктенетін әрекет үшін жазалау максатында, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу, мұндай ауру немесе азап мемлекеттік лауазымды тұлғалармен немесе ресми салада әрекет ететін өзге тұлғамен, немесе оларды арандатуы, немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісімімен келтірілген жағдайлардағы, кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана денесін немесе жанын қатты ауырту немесе азап келтіретін кез келген әрекет.

Ешбір халықаралық, аймақтық, мемлекетішілік құқықтық актілерде «қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер

мен жазалау» ұғымына нормативтік анықтама берілмеген. Алайда, БҰҰ Бас ассамблеясының пікірінше, оны дене, сондай-ақ психологиялық сипаттағы асыра пайдаланулардан мүмкіндігінше әлдеқайда кен ауқымды қорғау қамтамасыз етілетіндей түсіну қажет (Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінің 5 бабына және Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жиынтығының 6 қағидасына түсініктеме).

Полициямен ұсталу, тұтқындалу.

Бостандығынан айыру мерзімі барынша шектеулі болып, ұстау кезінде әрбір бостандығынан айырылушы тұлғаның қадір-қасиеті, қауқарлығы мен жеке қажеттіліктері ескерілулері тиіс. Әрбір ұстау жөніндегі мәліметтер арнайы тізілімге енгізілуі тиіс.

Полиция ұлттық заңнама бойынша барынша қысқа мерзім ішінде бостандығынан айырылушы кез келген тұлғаны оның ұсталу себептері және оған тағылған айыптаулар туралы хабардар етуі тиіс; ол сондай-ақ бостандығынан айырылушы кез келген тұлғаны оның ісіне қатысты қолданылатын рәсім туралы дереу хабардар етуі тиіс.

Полиция қамауда ұсталатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың денсаулық жағдайын қадағалап, қанағаттанарлық тазалық сақтау жағдайлары мен сәйкес тамақтануды қамтамасыз етуі тиіс. Полицияда қамауда ұстау камералары саналы көлемде, сәйкес жарықтандыру мен желдетуге ие болып, демалу үшін мүмкіндік беретіндей жабдықталулары тиіс.

Полициямен қамауға алынған тұлғалар олардың қамауға алынғандығы туралы өз таңдаулары бойынша үшінші тұлғаға хабарлау, адвокат пен медициналық тексеруге, - мүмкіндігінше, өз таңдауы бойынша дәрігерге деген қолжетімділікке ие болулары тиіс.

Полиция қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп сезіктену бойынша ұсталғандар мен өзге себептер бойынша қамауға алынғандарды мүмкіндігінше бөлек ұстауы тиіс. Әлбетте, ерлер мен әйелдер, кәмелетке толған құқық бұзушыларды кәмелетке толмағандардан бөлек ұстау қажет.

Тұлғаның құқықтарын қорғау және қатыгез іс-әрекеттер мен азаптаулардан қорғау кепілдемелеріне қатысты, тұлғаны ұстау сәтінен бастап қолданылуы тиіс бірқатар негізгі кепілдемелер бар:

Тақырып № 7

Полиция қызметкерлерімен атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттары

1. «Сәйкессіз күш қолдану», «арнайы құралдар» және «атыс және өзге де қару» түсінігі.

2. Қазақстан Республикасының заңдары мен Халықаралық стандарты бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің атыс қаруы және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың жағдайы мен шегі.

3. Заңсыз және сәйкессіз атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану барысында адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы.

1. «Сәйкессіз күш қолдану», «арнайы құралдар» және «атыс және өзге де қару» түсінігі.

«Сәйкессіз күш қолдану»-заңды күш қолданумен салыстырғанда шамадан тыс үлкен күш қолдану,немесе туындаған қауіпке барабар емес жауап.

Әдетте,термин тек құқық қорғау органдарына қатысты қолданады.Жиі жағдайда,құқықтық тәртіпті қорғау органдарының күш қолдануға мәжбүр болады.БҰҰ құқық қорғаушы лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінде былай делінген: «Күш қолдануға қызметтік міндеттер аясынан шықпай, асқан қажеттілік жағдайында ғана рұқсат етіледі»,БҰҰ «Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш және атыс қаруы қолдануының негізгі қағидалары» құжаты «өзін-өзін қорғау үшін» айрықша қажет жағдайда ғана, «атыс қаруын адам өліміне алып келетіндей қасақана қолдануға» рұқсат береді.

Үкіметтер шамадан тыс қолдануға жол бермеу мақсатымен,құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қару қолдануларын қадағалаулары тиіс.Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сәйкессіз күш қолдануы,мұндай іс азаптау немесе адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерге қатысты болмаса да,адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды бұзады.Әрбір осындай жағдай мұқият тергеліп,сәйкессіз күш қолданған және заңсыз адам өлтірген кінәлілер заңнамамен орнатылған тәртіпте жауапкершілікке тартылулары тиіс.

«Қару»- тірі немесе басқа нысаналарды жою үшін құрастырылып жасалған,сондай-ақ, қарудың функционалдық арналымын анықтайтын негізгі бөліктері.

«Атыс қаруы»-оқ-дәрі немесе өзге заряд қуатының есебінен бағытталған қозғалысқа ие болатын снарядпен нысанына қашықтықтан механикалық атуға арналған қару,сондай-ақ қарудың негізгі бөліктері:соғу тетігі,оқтық,оқпан.

«Қажетті қорғаныс» - қылмыстық заңнамада қол сұғушылықтың жолын кесу үшін заңмен қорғалатын мүдделерге қауіпті қол сұғушылық жасалған тұлғаға қатысты іс-қимылдары, істі қылмыстардың айыратын жағдаяттардың бірі.

Қажетті қорғаныс жағдайында, яғни қажетті қорғаныс шектерінен асушылыққа жол берілмеген жағдайда жол берілмеген жағдайда, қорғанушының немесе өзге тұлғалардың жеке басы мен құқықтарын, қоғамның заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау немесе мемлекетті қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғау кезінде, қол сұғушы тұлғаға зиян келтіру қылмыс саналмайды. Қажетті қорғану құқығына кәсіби немесе өзге арнайы дайындығы мен қызметтік жағдайына қарамастан, барлық адамдар ие. Бұл құқық тұлғаға қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қашу немесе өзге тұлғаларға немесе билік органдарына көмек алу үшін жүгіну мүмкіндігінен тәуелсіз беріледі.

«Аса қажеттілік» - қылмыстық заңнамамен қорғалатын мүдделерге аса қажет жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның мемлекеттік мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды.

Аса қажеттілік жағдайында екі мүдделердің қақтығысы орын алады: бір мүддеге үлкен зиян келтіру қаупі басқаларына зиян келтіру емес арқылы жойылады. Аса қажеттілік төнетін қауіптің бар, яғни туындаған және әлі аяқталмаған, сондай-ақ алдамшы, жуықтама шынайы, яғни іс жүзінде бар екендігін көздейді.

Зиян келтіру арқылы қаупі жойылмаса, келтірілген зиян үшін қылмыстық жауапкершілік көзделеді, алайда оның келтіру сарыны-қауіптің алдын алуға тырысу – жауапкершілікті жеңілдететін жағдаят ретінде қарастырылады.

Орындаушылар ретінде құқық қорғау органдары немесе құрамында әдеттегі қадағалау жүйесінің аясынан шығатын арнайы бөлімшелер құрыла алатын әскер, немесе үкіметтік күштермен бірлесіп немесе олардың қолдауымен әрекет ететін азаматтық тұлғалар бола алады. Көп жағдайда, мұндай бөлімшелер «өлім эскадрондары» аталады. Олардың құрбандары оппозиция өкілдері, халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттары (панасыздар, мүсәпір адамдар) және т.б. бола алады. Заңсыз адам өлтіру бостандығынан айыру орындарында да, көше де (әскери операция барысында немесе бейтін наразылық шеоулер қуу кезінде) орын алуы ықтимал.

1989 жылы БҰҰ «Жасырын және өз бетінше адам өлтірулерді тиімді болдырмау және тергеу қағидаларын» қабылдады. Бұл құжат, өзгелермен қатар, соттан тыс өлім жазасына кесудің барлық жағдаяттарын тергеудің, сондай-ақ кінәлілердің жауапкершілікке тарту және қаза болғандардың отбасыларына өтемақы төлеуді талап етеді.

«Атыс қаруы»-оқ-дәрі немесе өзге заряд қуатының есебінен бағытталған қозғалысқа ие болатын снарядпен нысананы қашықтықтан механикалық атуға арналған қару, сондай-ақ қарудың негізгі бөліктері: соғу тетігі, оқтық, оқпан.

«Суық қару» – тигізу объектісімен тікелей байланыс кезінде адамның бұлшық ет күшінің көмегімен нысананы жоюға арналған қару.

«Лақтыратын суық қару» - адамның бұлшық ет күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағытталған қозғалыс алатын снарядпен нысананы қашықтықтан атуға арналған қару.

«Пневматикалық қару» - сығылған газ тәрізді зат қуатының есебінен бағытталған қозғалыс алатын снарядпен нысананы атуға арналған қару.

«Газ қаруы» - Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігімен қолдануға рұқсат берілген, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттарды қолдану арқылы тірі нысаналарды уақытша жоюға арналған қару.

«Оқпен атылатын дабыл қаруы» - жарық, түтін немесе дыбыстық белгілерді беруге арналған қару.

2. Қазақстан Республикасының заңдары мен Халықаралық стандарты бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің атыс қаруы және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың жағдайы мен шегі.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын құрметтейді (9 бап), республикамен ратификацияланған халықаралық шарттардың оның заңдарына қарағанда, басымдығы туралы конституциялық императивпен қатар, халықаралық нормалардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама жүйесіне енгізілуінің маңызды шарты болып табылады.

Адамның өмір сүру, жеке басына қол сұқпаушылық, қауіпсіздік пен бостандық құқығын кепілдендіретін халықаралық стандарттар қазіргі Құқықтар туралы халықаралық билльді құрайтын БҰҰ адам құқықтары жөніндегі іргелі құжаттарында қарастырылған. Атап айтқанда, 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ БА қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 3 бабында былай делінген: «Әркімнің өмір сүруге, өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар және оған қол сұғылмауға тиіс».

Бұл норманың халықаралық деңгейдегі дамуы 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіден көрініс тапты, оған сәйкес «өмір сүру құқығы-әрбір адамның ажырамас құқығы болып табылады. Бұл құқық заңмен қор, алады. Ешкімнің де өмірі еріксіз қиылуға тиіс емес».

Адам өмірінің құндылығының іргелі идеялары қызметтері көп жағдайда күш және атыс қаруының қолданылуымен тікелей байланысты құқық қорғау органдарының қызметінде маңызды орын алады. Осыған орай, халықаралық деңгейде құқықтық тәртіпті қолдау органдарының күш және атыс қаруын қолданудың негізгі қағидалары әзірленген. Аталмыш қағидалар 1990 жылы 27 тамыз – 7 қыркүйек аралығында Кубада өткен

қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен қатынасу жөніндегі БҰҰ VIII Конгресінде айқындалған.

1990 жылы БҰҰ VIII Конгресінде қабылданған, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш пен атыс қаруын қолдануының негізгі қағидалары халықаралық шаттарға жатпайды және кеңес берушілік сипатқа ие. Алайда, бұл құжат БҰҰ мүше-мемлекеттерінің құқық қорғау органдары қызметкерлерін тиісті дайындықтан өтулері мен олардың қызметтік міндеттемелерін орындауларын ұйымдастыруға қатысты өзіндік нұсқаулық болып табылады.

Қарастырылып отырған құжат қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты талаптарды полиция қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігі мен адам құқықтарын қорғау талаптарымен үйлестіру талпынысы болып табылады. Қағидаларға сәйкес «үкіметтер мен құқық қорғау органдары құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың адамдарға қарсы күш пен атыс қаруын қолдануы туралы нормалар мен нормативтік ережелерді қабылдайды және жүзеге асырады. Мұндай нормалар мен ережелерді әзірлеу кезінде, үкіметтер мен құқық қорғау органдары күш пен атыс қаруын қолданумен байланысты этикалық мәселелерді үнемі ескереді».

Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың қарсы күш пен атыс қаруын қолдану тәртібін анықтайтын маңызды халықаралық құжат 1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясымен қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі. Осы құжаттың 3 бабына сәйкес, «құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар асқан қажеттілік жағдайында ғана, және олардың өз міндеттемелерін орындаулары үшін талап етілетін шамада ғана күш қолдана алады».

Бұл ережеде құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш қолдануы ерекше сипатқа ие екендігі баса айтылады, алайда онда құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың бұл жағдаяттарда саналы түрде қажет болып табылатын күш қолдануға уәкілдене алатындықтарын көздейді, құқық бұзушыларды немесе сезікті құқық бұзушыларды заңға сыйымды ұстау, немесе осындай ұстау кезінде көмек көрсету үшін қылмыстың алдын алу мақсаттарында осы мақсаттар үшін көзделген шектен асатын күшті қолдануға болмайды.

Мемлекеттердің ұлттық заңнамасы, әдетте, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың пропорционалдылық қағидасына сәйкес күш қолдануын шектейді, яғни күш қолдану қол жеткізу қажет заңды мақсатпен сәйкес келуі тиіс.

Кодекске сәйкес, атыс қаруын қолдану соңғы шара болып табылады. Атыс қаруының, әсіресе балаларға қарсы қолданылуының жолын кесу үшін қолда бар күшті салу қажет. Әдетте, атыс қаруы, сезікті құқық бұзушы қарулы қарсылық көрсеткен жағдайдан немесе басқалардың өміріне өзге жолдармен қауіп төндірген жағдайдан өзге, жеке ерекше сипатқа ие басқа шаралар сезікті құқық бұзушыны соттау немесе ұстау үшін жеткіліксіз болған

жағдайлардан өзге ретте қолданылмауы тиіс. Атыс қарудың қолданылуының әрбір жағдай туралы құзырлы басшылыққа дереу хабарлануы тиіс.

Күш пен атыс қаруын қолданудың халықаралық стандарттары мен негізгі қағидаларын талдау келесідей қағидаларды ерекшелеуге мүмкіндік береді:

1. Күш қолданудың заңдылығы, қажеттілігі мен сәйкестігі (пропорционалдылығы) полицияның заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, аса қажеттілік жағдайында ғана күш қолдануын көздейтін маңызды қағидалар болып табылады, сондай-ақ күштің заңды мақсаттарды қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қолдау үшін қажетті шамада ғана қолданылуын білдіреді.

2. Күш қолдануды жіктеу қарудың жағымсыз салдар мен адам өліміне алып келуі мүмкін қолданылуын шектеу мақсатымен, мемлекеттің полиция қызметкерлеріне күші жіктелген түрде пайдалануға мүмкіндік беретін құралдардың (өлімге алып келмейтін, бірақ қару түрлерін, өзін-өзі қорғау құралдары мен т.б. бейтараптандыратын) кең ауқымын пайдалануды ұсынуын білдіреді.

3. Күштеме құралдарын алдын ала пайдалану күш және оқ пен атылатын қаруды мәжбүрлі түрде қолданудан бұрын, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күштемеу құралдарын пайдалану қажеттілігін білдіреді.

4. Ұстамдылық пен адамгершіл шаралар таныту күш немесе атыс қаруын заңды қолдану шарасыз болатын барлық жағдайларда, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың ұстамдылық танытып, зиян келтіру немесе жарақаттау мүмкіндігін жоққа шығаруға талпынып, сондай-ақ адам өмірін құрметтеуге және қорғауға тиіс екендерін білдіреді.

5. Олар барлық жарақат алған немесе жапа шеккен адамдарға медициналық көмектің көрсетілуін қамтамасыз етулері және бұл оқиға туралы жарақат алғандар мен жапа шеккендердің туыстары мен жақындарына хабарлауы тиіс.

6. Күш пен атыс қаруын қолдану жағдайлары туралы дереу хабарландыру. Күш қолданудың барлық жағдайлары туралы хабарландыру қажеттілігі, күш немесе атыс қаруын қолдану нәтижесінде адамдар жарақат алған немесе қаза болған жағдайларда, жоғары тұрған полиция қызметкерлеріне хабарлау қажеттілігін білдіреді.

7. Кез келген өз бетінше немесе заңға сыйымсыз күш қолдану қылмыс ретінде қарастырылуы тиіс. Үкіметтер құқықтық тәртіпті қолдану жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш немесе атыс қаруының өз бетінше немесе арам ниетті қолдануының заңға сәйкес қылмыс ретінде жазалануын қамтамасыз етеді.

8. Күш пен атыс қаруын қолдану (аса қажеттілік). Қаруды тек ерекше жағдайда және әлдеқайда табанды шара қолдану жеткіліксіз болатын жағдайда қолдану мұндай қолданудың өзін-өзі қорғау немесе басқа адамдарды өлім немесе ауыр жарақат алу қаупінен қорғау мақсатында,

осындай қауіп төндіруші тұтқындау мақсатында қолдануды білдіреді. Атсы қаруын адам өліміне алып келетіндей қасақана қолдануға бұл адам өмірін қорғау үшін айрықша қажет жағдайда ғана жол білдіреді.

9. Әрбір қызметкердің атыс қаруын қолдану кезіндегі әрекет ету тактикасы мен тәртібін білуі нысананы жою үшін оқ атудан бұрын, полиция қызметкері өзінің осындай сапасын мәлімдеп, мұндай әрекеттер полиция қызметкерлері үшін қажетсіз қауіп немесе өлім қаупін немесе басқа адамдарға ауыр нұқсан келтіру қаупін тудыратын жағдайдан өзге, немесе орын алған жағдайда орынсыз немесе қажетсіз болатын жағдайлардан өзге, осындай ескертуге жауапты әрекет ету үшін жеткілкті уақыт беріп, осындай оқпен атылатын қару қолдану ниеті туралы айқын ескерту жасауын білдіреді.

10. Полиция қызметкерлерін дайындау құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі барлық қызметкерлердің сәйкес моральдық, психологиялық және табиғи сапаларға ие болуы тиіс, күш пен атыс қаруын қолдану, адам құқықтары, күш қолданудың орнына балама әдістер, соның ішінде қайшылықты жағдайларды бейбіт шешу әдістері сияқты мәселелер бойынша сәйкес кәсіби дайындықтан өтуі тиіс. Күш пен атыс қаруын қолданумен байланысты жағдайларға тап болатын қызметкерлер үшін стресстік жағдайды жою жөніндегі кеңестер берілулері тиіс.

11. Ішкі саяси тұрақсыздық сияқты төтенше жағдайлар немесе өзге төтенше қоғамдық құбылыстар негізгі қағидалардан кез келген ауытқуда ақтай алмайды.

Құқық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың атыс қаруын қолдануы туралы халықаралық нормалар мен ережелер төмендегілерді анықтайтын басшылық қағидалардан құралады:

А) құқықтық тәртіпті қолдану жөніндегі лауазымды тұлғалар атыс қаруын тасуға уәкілденетін жағдайларды анықтайды, және атыс қаруы мен оқдәрілердің рұқсат етілген түрлерін айқындайды;

Б) атыс қаруының тек тиісті жағдайларда және шамадан тыс зиян келтіру қаупі азайтатындай қолданылуын қамтамасыз етеді;

В) айрықша ауыр жарақаттайтын немесе негізгі тәуекел көзі болатын атыс қаруы мен оқ-дәрі түрлерінің қолданылуына тыйым салады;

Г) құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың оларға берілген атыс қаруын мен оқ-дәрілер үшін есептігін қамтамасыз ететін рәсімдерді қоса алғанда, оқпен атылатын қаруды сақтау, беру мен қадағалауды реттейді;

Д) сәйкес жағдайларда атыс қарудан атудан бұрын ескертуді анықтайды;

Е) құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар өздерінің қызметтік міндеттерін атқаратын барлық жағдайларда есептік жүйесін қарастырады.

3. Заңсыз және сәйкессіз атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану барысында адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың шарттары мен шектері 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында бекітілген.

2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «құқық қорғау қызметі туралы» заңының үшінші бабына сәйкес, құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.

Қарастырылып отырған заңға сәйкес, құқық қорғау қызметінің қағидаларына мыналар жатады:

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттік мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;

2. Жүктелген міндеттерді орындау және берілген құқықтарды іске асыру кезінде Конституцияның, заңның ұлықтылығы.

Дәл осы аталған қағидалар Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының күш пен атыс қаруын, дене күші мен арнайы құралдарды қолдану ережелерін реттеу кезінде басшылық қағидалар болып табылады. Қазіргі уақытта, ҚР «құқық қорғау қызметі туралы» заңы ішкі істер органдары қызметкерлерімен күш пен атыс қаруын, дене күші мен арнайы құралдарды қолдану тәртібі мен шарттарын анықтайтын негізгі құқықтық құжат саналады.

«Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 60 бабына сәйкес, қызметкерлердің дене күші, оның ішінде жауынгерліккүрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, аландатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларда ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньдық машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдарын қолдануға құқығы бар.

Атыс қаруы және өзге де қаруды, арнаулы құралдар мен денекүші қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты ахуал ескеріле отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында қолданылады.

1) Жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) Кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтар), сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе қашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

3) Жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

4) Егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыпталушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

5) Қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және (немесе) олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

6) Қажетті қорғаныс, аса қажеттік;

7) Егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау мақсатында міндетті болса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау міндетті болса, құқық бұзушыларды жеткізу үшін қолдануға құқығы бар.

Айнадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен жпуынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

Дене күші, арнайы құралдар мен атыс қару қалыптасқан жағдайдан туындай отырып, полиция қызметкерінің қарауы бойынша, «Құқық қорғау қызметі туралы» заңмен көзделген жағдайларда қолданылады.

Атыс қаруы және өзге де қаруды, арнайы құралдар мен дене күшін қолданудан бұрын оларды қолдану ниеті туралы ескертілуі тиіс. Дене күшін, арнайы құралдар мен атыс қаруын шарасыз қолданудың барлық жағдайларында, полиция қызметкері моральдық, мүліктік және дене зақымын мүмкіндігінше азырақ келтіруге тырысуға міндетті.

Дене күшін, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану нәтижесінде дене жарақтары келтірілген жағдайда, полиция қызметкері жәбірленушілерге дәрігердің келуіне дейін көмек көрсетіп, жапа шеккеннің туыстарына немесе заңды өкілдеріне хабарлауға міндетті.

Адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан атыс қаруы, арнаулы құралдар мен дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы полиция қызметкері прокурорға хабарлау үшін өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға немесе прокурорды өзі дереу хабардар етеді.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды немесе дене күшін өкілеттіктерді асыра пайдаланумен қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған жауапкершілікке тартылуға алып келеді.

Полиция қызметкері, күштемеу тәсілдері полиция қызметкеріне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда, дене күшін, соның ішінде қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған тұлғаларды ұстау, полиция қызметкерінің заңды талаптарына қарсылықты жою, өзін-өзі қорғау үшін жауынгерлік күрес тәсілдерін немесе қол астындағы құралдарды қолдануға құқылы.

Дене күшін және/немесе арнайы құралдарды:

- Қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтардың жолын кесу;
- Қылмыс жасаған тұлғалар мен өзге құқық бұзушыларды ұстау;
- Полиция қызметкеріне қарсылық білдіруді жою;
- Өзін-өзі қорғау;
- Жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу;

• Сондай-ақ күштемеу құралдарын немесе дене күшін қолдану мүмкін болмаса, немесе күтілген нәтижелерге алып келмесе қажет болған жағдайда қолдануға болады.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 61 бабында анықталған, оған сәйкес қызметкерлер атыс қаруын және өзге де қаруды:

1) Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда оларды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сол сияқты кепілге алынғандарды босату;

2) Қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) Жеке тұлғалардың тұрғын үй-жайларына, құқық қорғау органдары күзететін объектілеріне, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылды тойтару, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылды тойтару;

4) Қарсылық көрсеткен не қылмыс жасау кезінде қолға түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамаудағылардан басқа) ұстау,

қарулы адамдарды ұстау үшін қолдануға құқығы бар. Қызметкерлер, сондай-ақ атыс қаруын;

5) Егер көлік жүргізуші қызметкердің заңды талаптарына бағынбаса және жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, көлік құралдарын ақау келтіріп тоқтату;

6) Хайуанаттар шабуылынан қорғану;

7) Дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру;

8) Қажетті қорғаныстың және аса қажеттіктің барлық өзге де жағдайларында қолдануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасы халықаралық стандарттарға сәйкес қару қолдануға тыйым салынатын жағдайларды анықтайды. Атап айтқанда, әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға, кәмелетке толмағандардың жасы белгілі немесе анық болған кезде оларға қатысты, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адам, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды, дене күшін қолданудың барлық жағдайларында қызметкер жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, атыс қаруын, арнаулы құралдарды, дене күшін қолданғаны туралы тікелей басшыға баяндауға міндетті.

Адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан атыс қаруы, арнаулы құралдар және дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы прокурор дереу хабардар етіледі.

Қазақстан Республикасының күш пен атыс қаруын қолдану шарттары мен тәртібіне қатысты қолданыстағы заңнамасының қарастырылған нормаларының мазмұнынан көріп отырғанымыздай, аталған нормалар жоғарыда қарастырылған халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Арнайы құралдарды қолдану тәртібі ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 60 бабында анықталған. Полиция қызметкері полицияның иелігіндегі арнайы құралдарды келесідей жағдайларда қолдануға құқылы:

1) «Қызметкерлердің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алаңдатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньды машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдарын;

2) Жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) Кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтарды), сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе қашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

4) Жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

5) Егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыптаушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

6) Қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және (немесе) олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

7) Қажеті қорғаныс, аса қажеттік;

8) Егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау мақсатында міндетті болса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау міндетті болса, құқық бұзушыларды жеткізу үшін қолдануға құқығы бар.

Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

Дене күші, арнайы құралдар мен атыс қаруы қалыптасқан жағдайдан туындай отырып, полиция қызметкерінің қарауы бойынша, «Құқық қорғау қызметі туралы» заңмен көзделген жағдайларда қолданылады.

Атыс қаруы, арнайы құралдар мен дене күшін қолданудан бұрын оларды қолдану ниеті туралы ескертілуі тиіс. Дене күшін, арнайы құралдар мен атыс қарауын шарасыз қолданудың барлық жағдайларында, полиция қызметкері моральдық, мүліктік және дене зақымын мүмкіндігінше азырақ келтіруге тырысуға міндетті.

Дене күшін, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану нәтижесінде дене жарақаттары келтірілген жағдайда, полиция қызметкері

жәбірленішулерге дәрігердің келуіне дейін көмек көрсетіп, жапа шеккенің туыстарына немесе заңды өкілдеріне хабарлауға міндетті.

Адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан атыс қаруы, арнаулы құралдар мен дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы полиция қызметкері прокурорға хабарлау үшін өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға немесе прокурорды өзі дереу хабардар етеді.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды немесе дене күшін өкілеттіліктерді асыра пайдаланумен қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған жауапкершілікке тартылуға алып келеді.

Полиция қызметкері, күштемеу тәсілдері полиция қызметкеріне жүктелген міндеттердің орындалуын қатамамсыз етпеген жағдайда, дене күшін, соның ішінде қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған тұлғаларды ұстау, полиция қызметкерінің заңды талаптарына қарсылықты жою, өзін-өзі қорғау үшін жауынгерлік күрес тәсілдерін немесе қол астындағы құралдарды қолдануға құқылы.

Дене күшін және/немесе арнайы құралдарды:

- Қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтардың жолын кесу;
- Қылмыс жасаған тұлғалар мен өзге құқық бұзушыларды ұстау;
- Полиция қызметкеріне қарсылық білдіруді жою;
- Өзін-өзі қорғау;
- Жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу;
- Сондай-ақ күштемеу құралдарын немесе дене күшін қолдану мүмкін болмаса, немесе күтілген нәтижелерге алып келмесе қажет болған жағдайда қолдануға болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қару қолдану шарттары Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 61 бабында анықталған, оған сәйкес қызметкерлер атыс қаруын:

1) Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда оларды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сол сияқты кепілге алынғандарды босату;

2) Қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғау. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) Жеке тұлғалардың тұрғын үй-жайларына, құқық қорғау органдары күзететін объектілерге, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылды тойтару, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылды тойтару;

4) Қарсылық көрсеткен не қылмыс жасау кезінде қолға түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамаудағылардан басқа) ұстау, қарулы адамдарды ұстау үшін қолдануға құқығы бар.

Қызметкерлер, сондай-ақ атыс қаруын:

5) Егер көлік жүргізуші қызметкердің заңды талаптарына бағынбаса және жеке тұлғалардың өмірі денсаулығына қауіп төндірсе, көлік құралдарын ақау келтіріп тоқтату;

6) Хайуанаттар шабуылынан қорғану;

7) Дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру;

8) Қажетті қорғаныстың және аса қажеттіктің барлық өзге де жағдайларында қолдануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасы халықаралық стандарттарға сәйкес қарі қолдануға тыйым салынатын жағдайларды анықтайды. Атап айтқанда, әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға, кәмелетке толмағандардың жасы белгілі немесе анық болған кезде оларға қатысты, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адам, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесіналған не топтасыа шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

Атсы қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды, дене күшінқолданудың барлық жағдайларында қызметкер жеке тұлғалардың қауіпсздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға, атыс қаруын, арнаулы құралдарды, дене күшін қолданғаны туралы тікелей басшыға баяндауға міндетті.

Адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан атыс қаруы, арнаулы құралдар және дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы прокурор дереу хабардар етіледі.

Қазақстан Республикасының күш пен атыс қаруын қолдану шарттары мен тәртібіне қатысты қолданыстағы заңнамасының қарастырылған нормаларының мазмұнынан көріп отырғанымыздай, аталған нормалар жоғарыда қарастырылған халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Арнайы құралдарды қолдану тәртібі ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 60 бабында анықталған. Полиция қызметкері полицияның иелігіндегі арнайы құралдарды келесідей жағдайларда қолдануға құқылы:

«Қызметкерлердің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алаңдатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньды машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдарын:

1) жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтарды),

сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе қашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

3) жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

4) егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыпталушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіру мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақан кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

5) қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және (немесе) олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

6) қажетті қорғаныс, аса қажеттік;

7) егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау мақсатында міндетті болса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау міндетті болса, құқық бұзушыларды жеткізу үшін қолдануға құқығы бар».

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңы арнайы құралдардың тізбесін айқындайды: резина таяқтар; көзден жас ағызатын заттар; қол кісендері; алаңдатын әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын; көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғылар; суатқыштар мен броньды машиналар; қызметтік жануарлар, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдары.

Заңда осы құралдарды жіктелуі қолданылуын айқын бекітеді. Тыңдаушылармен бірге ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының түрлі арнайы құралдарды қолдану жағдайлары туралы 60 бабының нормаларын талдаған жөн.

Қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында, полиция қызметкері арнайы құралдар немесе атыс қаруы болмағанда қол астындағы кез-келген құралдарды қолдануға құқылы.

Қарулы қарсылық көрсеткен, топтасып немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, анық жүктілік белгілері бар әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға және кәмелетке толмағандарға арнайы құралдарды қолдануға тыйым салынады. Көлік байланысты, ұйымдардың жұмысын бұзбайтын

заңсыз жиналыстар, ереуілдер, көше шерулері мен күштеусіз сипатқа ие наразылық білдірулердің жолын кесу кезінде де арнайы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

Полиция қызметкерлерінің заңсыз күш қолдануымен бұзылатын адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің күш, атыс қаруы мен арнайы құралдарды заңсыз және санкциясыз қолдануы, осы саладағы өкілеттіліктерін асыра пайдалану адамның өмір сүру, бостандық, жеке қауіпсіздік және басқа да құқықтары сияқты негізгі құқықтары мен бостандықтарын бұзуы мүмкін.

Полиция қызметкерлерінің адамның өмір сүру құқығының бұзылуына алып келетін күш қолдануы полицияның ең басты міндеті-азаматтардың қауіпсіздігі мен тиіспеушілігін қамтамасыз етуге қайшы келеді. Өмір сүру құқығын қорғау халықаралық құжаттардың нормаларына(Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 3 бабы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 6 бабы және басқ)және ішкі заңнамаға(Конституцияның 15 бабы және өзге құқықтық нормалар)сәйкес жүзеге асырылады.Осылайша, мысал үшін, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде өмір сүру құқығының заңмен қорғалатындығы және ешкімнің өмірінен біреудің өз бетінше араласуымен айыра алмайтындығын көздейді.

«Өз бетінше» жасалған әрекет болып заңға қайшы келетін немесе заңға сәйкес жүзеге асырылса да, әділ болып табылмайтын әрекет саналады.

Өз бетінше өмірінен айыру геноцид, әскери қылмыстар, алдын-ала сот қарауынсыз өлім жазасына қию, азаптаулар немесе қатыгез іс-әрекеттер, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың шамадан тыс күш қолдануы сияқты зұлымдықтардан тұрады.

Қарастырылып отырған мәселенің мәтін мәнінде 1989 жылғы 24 мамырда БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесімен қабылданған Заңсыз, өз еркімен және жиынтық өлім жазасына кесудің тиімді алдын алу және тергеу қағидаларына тоқталудың маңызы зор.

Осы құжатқа сәйкес, үкіметтер заңнамалық тәртіпте барлық заңсыз, өз бетінше және жиынтық өлім жазаларына тыйым салады және осындай кез-келген жазалардың қылмыстық заңнамаға сәйкес қылмыс танылуын және олардың жасалуы үшін осындай қылмыстардың ауырлығын ескеретін тиісті жазалау шараларының қолданылуын қамтамасыз етеді.

Ерекше жағдайлар, соның ішінде соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе мемлекеттердегі кез-келген өзге төтенше жағдайлар осындай өлім жазасына кесуді ақтай алмайды. Мұндай өлім жазасына кесуге, атап айтқанда ішкі қарулы қақтығыс, мемлекеттік лауазымды тұлғаның немесе ресми сапада әрекет ететін өзге тұлғамен, немесе арандату бойынша, немесе осындай тұлғаның анық немесе үнсіз келісімен әрекет ететін тұлғаның шамадан тыс немесе заңсыз күш қолдануымен байланысты жағдайларды қоса алғанда, ешбір жағдайда

жүргізілмейді. Бұл тыйым салу атқарушы билікпен шығарылатын қаулылардың алдында басымдыққы ие.

Полиция қызметі үшін бұл қағидалардың мынадай ережесінің айрықша маңызы бар: «заңсыз, өз бетінше және жиынтық өлім жазасына кесудің алдын-алу мақсатында үкіметтер, міндеттеріне ұстау, тұтқындау, қамауда ұстау мен түрмеге қамау құрайтын барлық лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ заңға сәйкес күш пен атыс қаруын қолдану өкілеттілігіне ие лауазымды тұлғаларды қадағалаудың анық жүйесін қоса алғанда, қатаң қадағалауды қамтамасыз етеді».

Талқылаудың маңызды аспектісін полиция қызметкерлерінің қоғамдық жиналыстарды өткізу кезінде іс-қимылдарына қатысты мәселе құрауы мүмкін.

Кез-келген демократиялық қоғамда жеке тұлғаның жиналыс, өз пікірін білдіру, демонстрациялар мен бейбіт шерулерге, пикеттерге және т.б. белсенді қатысу және ұйымдастыру құқығы бар.

Конституцияның 32 бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы». Мұндай іс-шараларды өткізу кезінде де полицияға құқықтық тәртіпті қорғау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Алайда, мұндай жиналыс заңға қайшы болатын бірқатар жағдайларда, мысалы бейбіт сипатқа ие болмаса, немесе қандай да бір себепті жағдай бақылау шығып кетіп, азаматтардың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда, құқықтық тәртіпті қорғау органдары күш қолдана алады.

Күштемелеу сипатына ие заңға қайшы жиналыстарды қуу кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері күш қолданудан аулақ болулары тиіс, ал мүмкін болса, оның қолданылуын барынша азайтулары қажет. Осылайша, күштемелеу сипатына ие жиналыстарды қуу кезінде полиция қызметкерлері әлдеқайда қауіпсіз құралдарды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, атыс қаруын қолдана алады. Қасақана күш пен атыс қаруын қолдануға, бұл адам өмірін қорғау үшін шарасыз түрде қажет болған жағдайдан өзге, тыйым салынады.

Тақырып № 8

Полиция мен қоғамның әрекеттестігі

1. Халықпен өзара қарым –қатынас және қоғам алдындағы жауапкершілік қағидалары негізінде ішкі істер органдарының қызметі.

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар, БАҚ, жеке азаматтардың ішкі істер органдарымен өзара қарым-қатынастары.

3. Ішкі істер органының қызметін ұйысдастырудағы келуі мен даму тенденциясы, демократизм принциптерін сақтау мен қоғаммен тығыз байланыста болуға негізделген.

1. Халықпен өзара қарым –қатынас және қоғам алдындағы жауапкершілік қағидалары негізінде ішкі істер органдарының қызметі.

«Демократия» - халық жоғары билікке ие болып, оны тікелей өзі немесе еркі сайлау жүйесінде өзінің сайланбалы өкілдері арқылы жүзеге асыратын, халықтық басқару нысаны. Демократия терминінің көптеген анықтамалар бар. А.Линкольннің айтуынша, бұл «халықпен халық үшін жүзеге асырылатын халықтың билігі». Демократияның тіректері мынадай: халық билігі; биліктің бөлінісу қағидасы; көпшілік билігі; азшылықтарды қорғау; негізгі құқықтар мен бостандықтардың кепілдіктері; заң мен сот алдындағы теңдік; еркін және әдіс сайлау; әділ сот ісін жүргізу; жариялық; әлуметтік, экономикалық және саяси плюрализм; толеранттық, ынтымақтастық, ымыра құндылықтары және т.б.

«Азаматтық қоғам» - бұл ұғымның көптеген анықтамалары. Негізінен, олар: әлеуметтік қорғау және азаматтардың өзара көмегі; мемлекет қызметін қадағалау, соның ішінде адам құқықтарын қорғау, жергілікті, ұлттық, халықаралық деңгейдегі басқару қатысу; гуманистік және демократиялық құндылықтарды бекітуге саяды.

«Ішкі істер органдары(полиция)» - Қазақстан халқына қызмет ету, заңды және жеке тұлғалар, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қылмыстылық пен өзге заңға қайшы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған құқық қорғау органы.

«Қоғамдық бірлестік» -қоғамдық бірлестік жарғысында корсетілген ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін мүдделер ортақтығы негізінде біріккен, азаматтар мен заңды тұлғалардың бастамасы бойынша құрылған ерікті, өзін-өзі басқаратын және коммерциялық емес құрама.

Қоғамдық бірлестіктер болып саяси партиялар, жаппай қозғалыстар, кәсіби одақтар, әйелдер мен мүгедектер, ардагерлер ұйымдары, жастар мен балалар ұйымдары, ғылыми, техникалық, мәдени-ағарту, спорттық-сауықтыру, шығармашылық одақтар, қорлар, ассоциациялар, комитеттер мен азаматтардың өзге бірлестіктері.

«Бұқаралық ақпарат құралдары» - жаппай таратуға арналған және үш айда бір реттен сирек емес шығатын газеттер, журналдар, бюллетеньдер мен өзге мерзімді басылымдар, сондай-ақ телидидар және радио бағдарламалары, киноқұжаттама, ақпараттық агенттіктердің хабарламалары, дыбыс, дыбыс-бейне жазбалары мен бағдарламалар.

Бұқаралық ақпарат құралдары мерзімді басылым редакциялар, теле және радиотаратылым редакциялар, ақпараттық агенттіктер, бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды жүзеге асыратын өзге мекемелер түрінде болады.

Халықпен әрекеттестік және алдындағы жауапкершілік қағидасының негізіндегі ішкі істер органдарының қызметі.

Демократия әрдайым құқықтық тәртіпті қолдау қызметі үшін айрықша маңызы бар екі мінсіз оймен байланысты, - заңның ұлықтылығы және адам құқықтарын ынталандыру мен қорғау.

Іс жүзінде, бұл ойлар өзара байланысты, себебі адам құқықтарын қорғаудың ең жақсы жолы тиімді демократиялық үдерістер мен заңның ұлықтылығы болып табылады, сәйкесінше, адам құқықтары жөніндегі құжаттарда сақталуы айрықша маңызды құқықтар мен бостандықтар бекітілген. Демократиялық, құқықтық мемлекет әділдік пен адамгершілік бекітіп, адамның құқықтары мен бостандықтары, қадір-қасиеті мен ар-ожданның қорғалуын қамтамасыз етуге арналған, ал мұндай тұлғаның қалыптасуы мемлекеттің азаматтың алдындағы және азаматтың мемлекеттік алдындағы жауапкершілігімен, заң ұлықтылығының артуымен және оның барлық мемлекеттік органдар тарапынан қатаң сақталуымен байланыстырылады.

Заңдылақ пен құқықтық тәртіптің жағдайына тұлғаның бостандық дәрежесі туелді, сәйкесінше, демократияның деңгейі мен шынайылығы. Ал қоғамдағы тәртіпті қолдау ішкі істер органдарының маңызды функцияларының бірі болып табылады.

Айта кетуіміз қажет, демократиялық қоғамдық құқықтық тәртіпті қолдау тәжірибесінің қажетті аспектісі «іске асырудың демократиялық сипаты» болып табылады. Бұл өте маңызды концепция, себебі құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі қызмет мемлекетті басқару құралдарының бірі болып табылады.

Ішкі істер органдарының әрбір қызметкері ұстануы тиіс негізгі қағидалар:

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;
- азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық;
- құқық қорғау органдарында құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға көзқарастың біртұтастығы;
- дара басшылықпен субординация (бағыныстылық);

- саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу.

Жоғарыда баяндалған қағидалардан туындай отырып, құқықтық тәртіпті демократиялық қолдау талаптарының бірі ішкі істер органдарының өздері қызмет ететін қоғам алдында есеп беруі болып табылады.

Қоғамның көптеген топтарына арқа сүйеусіз, ешбір мемлекетте заң мен әділдіктің ұлықтылығын орнату мүмкін емес. Қазіргі полиция билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ерікті халық жасақтары, жастардың жедел отрядтары, штаттан тыс қоғамдық қызметкерлері мен жалпы қоғамның сенімі мен қолдануы зәру.

1979 жылғы 17 желтоқсандағы Құқықтық тәртіпті қолдану жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексінің преамбуласының және тармақтарындағы қағидаларға сәйкес.

- Қылмыстық сот әділдігі жүйесінің барлық өзге мекемелері сияқты, әрбір тәртіп қорғау органы жалпы қоғамды өкілдеп, оның алдында жауапкершілікті көтеріп жауап беру тиіс;

- Құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі әрбір органнан осы құжатта баяндалған қағидалар мен нормаларға толық сәйкестікте өзін-өзі қадағалау талап етілуі тиіс және құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері кеңес, министрлік, прокуратура, сот, омбудсмен, азаматтар комитеті немесе бұл органдардың кез келген үйлесімімен немесе кез келген өзге қадағалау органымен жүзеге асырыла алатын, қоғам тарапының мұқият тексеруден өтуі тиіс.

Бүгінгі таңда, әлемнің полиция департаменттерінің (ішкі істер органдарының) басым көпшілігі қоғаммен әрекеттестіктің екі тәсілін ұстануда:

1. Қылмыстылық деңгейінің төмендеуіне алып келуі тиіс, қоғамдық мәселелердің кең ауқымын шешуге бағытталған, ішкі істер органдары мен азаматтардың арасындағы кең ауқымды байланыстар жүйесін орнату.

2. Шешілуіне азаматтардың тартылуымен, құқық қорғау қызметінің нақты мәселелерін шешуге бағытталған, ішкі істер органдарының қоғаммен әрекеттестігі мәселесіне деген тар аялы қатынас тәсілі.

- Бірінші және екінші тәсілді іске асыру кезінде мыналарды ескеру қажет: Ішкі істер органдары қағаммен өзара әрекеттестікті орнатуда бастамашы болулары тиіс, себебі құқық қорғау қызметі адамадарды, құқық бұзушылықтарға алып келетін себептерді, қоғамның әлеуметтік мәселелерін жақсы білуге негізделеді;

- Халықпен арадағы жұмысты ұйымдастыра отырып, полицейлер қоғамның қандай топтары және қандай бағытта ішкі істер органдарымен жұмыс істеуге дайын екендерін, және бұған ішкі істер органдары қызметкерлерінің қаншалықты дайын екендіктерін білеулері тиіс;

- Соңғы жылдары полиция қызметіне мамандаудың артуы ішкі істер органдарының халықтан алшақтауына әкеп отыр;

- Халық салық төлейді, бұл салық соның ішінде ішкі істер органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалады;
- Мемлекеттің ішкі істер органдарына кең ауқымды өкілеттіліктерді бергендігін ескере отырып, олардың әрекеттерін, әсіресе ұстау, тұтқындау мен тінту сияқты әрекеттерін қоғамдық қадағалау мәселесінің өзектілігі артады;
- Қызметтік міндеттерін орындау барысында ішкі істер органдарының қызметкеріне өте жиі жағдайда өзінің жеке сезімдерін, әуестіктері мен эмоцияларын басып отыруға тура келеді; азаматтармен сәтті ынтымақтасу үшін, ол сәйкес дағдылар мен салаларға ие болуы тиіс.

Сонымен қатар, ішкі істер органдарының құрылымы ол қызмет ететін қоғамның топтарын жеткілікті түрде қамтитындай болғаны абзал. Осылайша, ішкі істер органдарында азшылықтар әділ және кемсітусіз кадрлық саясаттың негізінде өкілденіп, мұндай топ мүшелеріне олар жұмыс істейтін мекемелердегі қызмет бабында жоғарлауларына мүмкіндік берілуі тиіс.

Полиция қызметін жауапты атқару мұндай қызметкерлерден қоғам қажеттіліктерін білуді және оларға сәйкес жауап бере білуді талап етеді. Әлбетте, ішкі істер органдарының қызметіне қатысты қоғамның күтулері мен қажеттіліктері мынадай:

1. Адам мен азаматты, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау;
2. Құқық бұзушылықтар профилактикасы;
3. Қылмыспен күрес;
4. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы сот ісін жүргізу;
6. Жеке және заңды тұлғалардың қылмыс туралы арыздары мен хабарламаларын қарастыру және іс жүргізу шешімдеріне қабылдау, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша сот дейінгі іс жүргізу;
7. Жол жүру қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін мемлекеттік қадағалау және үйлестіру;
8. Өз құзыретінің шегінде көші-қон үдестерін реттеу, халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;
9. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау;
10. Азаматтық және қызметтік қаруды және оның оқ-дәрілерін мемлекеттік бақылау;
11. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;
12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету.

Ішкі істер органдарының әрбір басшысы қағамның күтулері мен қажетіліктерін түйсініп, кәсіби тәжірибелілігін қолданып, мұның бәрін құқықтық тәртіпті қолдау қызметін жоспарлау кезінде ескеруі тиіс.

Полиция қызметінің есеп астында болуының басқа аспектісі-қоғамның құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болу тиістігіне қатысты талап болып табылады.

Полиция қызметін іске асырудың есеп астында болуы, негізінен, үш бағытта жүзеге асырылады:

- заңнама саласында, себебі заң ұлықтылығы орын алған елде барлық азаматтар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ полиция органдары заң алдында жауап береді;
- саяси салада, себебі полиция өзі қызмет ететін қоғамның алдында мемлекеттің демократиялық және саяси институттардың көмегімен қоғам алдында есеп береді. Осы арқылы оның құқықтық тәртіпті қолдау саласындағы саясаты мен тәжірибесі қоғам тарапынан мұқият қадағаланады;
- экономикалық салада, себебі полиция органдары өзіне бөлінген құралдарды қалай пайдаланатындығы туралы есеп береді. Бұл құқықтық тәртіпті қолдану жөніндегі ішкі істер органдарының негізгі қызметін тексеруден тыс, және ішкі істер органына басшылық ету, басқару мен әкімшілдендіруді демократиялық қадағалаудың қосымша нысаны болып табылады.

Сондай-ақ, тікелей жергілікті деңгейдегі әлдеқайда бейресми есеп нысандарының жасалуы мүмкін, соның ішінде:

- учаскелік полиция инспекторларының есептері;
- ішкі істер органдары басшыларының белгілі бір уақыт кезеңіндегі атқарылған жұмыс туралы есептері;
- полиция қызметкерлерінің тұрғындармен кездесулері және басқалары.

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар, БАҚ, жеке азаматтардың ішкі істер органдарымен өзара қарым-қатынастары.

Бүгінгі таңда, әлемнің көптеген елдерінің алдында жаһандану, ұлтшылдық, алуан түрлі және қауіпті сипатқа ие, өсіп келе жатқан қылмыстылық және т.б. сияқты күрделі деішнара жаңа мәселелерді шешудің алдында тұр. Сол себепті қоғам мемлекеттік және әкімшілік мекемелердің жұмыс сапасы мен есептілігіне әлдеқайда жоғары талап қояды.

Қоғамдық тәртіпті қолдау, қылмыстарды ашу мен тергеу, мұқтаж жандарға көмек көрсету үшін жауапты ішкі істер органдары әлдеқайда өткір мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Ішкі істер органдарының бұл мәселелерге деген қатынасы қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудың кепілі болып табылады.

Мемлекет пен қоғамда орын алатын тұрақты өзгерістердің нәтижесінде, полиция да ұйымдық қатынаста, сондай-ақ әрбір жекелеген офицердің қызметіне қатысты тұрақты өзгеріп отырады.

Ішкі істер органдарының өз жұмыстарының сапасын арттыруға деген талпыныстарын көре отырып, полицияның жаппай бұқарадан «жабық» немесе «одан тыс» болған, классикалық полиция ұйымынан «қоғамның ішінде» және «жаппай бұқарамен ынтымақтастықта» әрекет ететін, «ашық» полицияға дейінгі даму үдерісінің жүріп жатқандығын айта кеткен жөн.

Мұндай даму айтарлықтай күрделі сипатқа ие болған мәселелердің шешілуіне халықты тарту қажеттілігімен айқындалып отыр, бұл бірқатар нормативтік актілерде көзделген, мысалы үшін, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңында, атап айтқанда, оның 3 бабында ішкі істер органдары қызметінің маңызды қағидаларының қатарында құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекеттестік аталған.

Алдарына қойылған міндеттерді орындау үшін, ішкі істер органдары сондай-ақ, ТМД шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көзделген тәртіпте және шарттарда ынтымақтаса алады. Мұны Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңының 8 бабы дәлелдеп отыр, онда ішкі істер органдарының өзге де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, лауазымды адамдармен және азаматтармен өзара іс-қимылының негізгі ережелері бекітілген.

Қылмыстардың алдын алу мен ашу мақсатында азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте ішкі істер органдарымен құпия ынтымақтаса алады.

Полицияның Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі міндеттерін орындауға ішкі істер органдарының өзге қызметкерлері, курсанттар мен ішкі істер органдары жүйесі білім беру ұйымдарының тыңдаушылары, сондай-ақ ішкі әскерлер тартылады.

Сізге жаттықтырушы ретінде «Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының президентінің жарлығы сияқты нормативтік актілерге және Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамыз етуде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және тиімділігін арттыру мақсатында, оның ішінде жедел-ізвестіру қызметін, қылмысқа қарсы күресте анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының күш-жігері мен өзара іс-қимылын біріктіру үшін қабылданған ережеге айрықша көңіл аудару қажет.

Осылайша «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-1-бабына сәйкес және оның негізінде «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы» ереженің 6 т. заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті бекітеді.

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері:

- 1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- 2) құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға, оның құқықтық реттелуін жетілдіруге бағытталған келісілген ұсыныстар мен іс-қимылдарды пысықтау;
- 3) қылмыстың жай-күйін, оның құрылымы мен серпінін талдау және талқылау, сондай-ақ қылмыстың және өзге де құқық бұзушылықтың даму үрдісін болжау негізінде қылмысқа қарсы күрестің негізгі бағыттарын айқындау болып табылады.

Негізгі міндеттерге сәйкес Үйлестіру кеңесіне мынадай функциялар жүктеледі:

- 1) қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күрестің стратегиясын тұжырымдау, осы жұмысқа мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат ұйымдарын тарту. Неғұрлым қолайсыз жүйенің жұмысында негізгі басымдылықтарды айқындау, осы өңірлерде және тұтастай алғанда елімізде қылмыстардың профилактикасы және алдын алу бойынша кешенді шараларды іске асыру;

- 2) келісілген шешімдердің іске асырылу тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмыстарға тартылатын тікелей құқық қорғау органдары, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың функционалдық мүмкіндіктерін және материалдық-техникалық базасын келісім бойынша пайдалану;

- 3) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғау бағытындағы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарының қызметін, қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларының орындалуын талдау;

- 4) неғұрлым қауіпті және кең таралған қылмыстық қол сұғушылықтарға, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық сыбайластықтардың (қылмыстық ұйымдардың) қызметіне қарсы күрес бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу, келісім беру және орындау;

- 5) анықтау, тергеу, ашу, алдын алу және жолын кесу тәжірибесін зерделеу;

- 6) қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған заңнамаларды қолданудың біркелкі практикасын қалыптастыру. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған заңнамаларды жетілдіру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан

Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

7)Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесімен өзара іс-қимыл жасау, оның құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру мәселелері бойынша тапсырмаларын іске асыру;

8)кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру шараларын әзірлеу және оны келісімді түрде орындауға ынтымақтастық функциялары жүктеледі.

Сонымен қатар, ереженің 5 т. сәйкес, үйлестірудің негізгі нысандары мынадай:

1)қылмыстың және заңдылықтың жай-ку»і туралы жедел және басқа да ақпараттармен өзара алмасу;

2)қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күресті жандандыруға бағытталған үйлестірілген іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру;

3)жекелеген өңірлерде және тұтастай алғанда елімізде қылмыс пен құқықтық тәртіптің жай-күйін бірлесіп талқылау;

4)ведовствоаралық жұмыс топтар құру;

5)қылмысқа қарсы күресті ұйысдастыруда тексеру жүргізу және жергілікті мемлекеттік органдарға практикалық көмек көрсету үшін республика өңіріне бірлесіп сапарға шығу;

6)Үйлестіру кеңесінің отырыстарында құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстары туралы емептерін тыңдау;

7)бірлескен актілер шығару;

8)қылмысқа қарсы күрестің проблемаларын талқылай отырып, баспасөз конференцияларын, <<дөңгелек үстелдерді >> бірлесіп өткізу;

9)қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін өзара пайдалану;

10)қылмысқа қарсы күрес процесінде құқық қорғау органдарының өзіндік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзара көмек көрсету;

11)тәжірибе арқылы қалыптасқан және Үйлестіру кеңесі туралы осы ережеге қайшы келмейтін үйлестірудің өзге де нысандарын пайдалану;

Үйлестіру қызметінің аталған және өзгеде нысандарын таңдауды нақты мән-жайды ескере отырып, оның қатысушылары анықтайды.

Ереженің 6-8 т. Үйлестіру кеңесінің құрамын бекітеді. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қызметі бойынша оның төрағасы болып табылады, және:

1)Үйлестіру кеңесінің қызметіне басшылық жасайды;

2)оның отырыстарында төрағалық етеді;

3)Үйлестіру кеңесі жұмысының келісілген жоспарын бекітеді;

4)Үйлестіру кеңесінің шешімін орындау мәселелері бойынша хатшылықтың есебін тыңдайды;

5) аумақтық үйлестіру кеңестері мен олардың құрамдары туралы ережелерін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Президентін Үйлестіру кеңесінің жұмысы туралы хабардар етеді;

Үйлестіру кеңесі тұрақты мүшелерден және уақытша өкілеттіктер берілген мүшелерден тұрады.

Үйлестіру кеңесінің отырыстарына Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, соттар мен өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері қатыса алады.

Үйлестіру кеңесінің жұмысына қатысушы өзге мемлекеттік органдардың өкілдері өздерінің құзырына жататын күн тәртібі мәселесі бойынша талқылауға және шешім әзірлеуге қатыса алады, үйлестіру ұсыныстарды келісілген тәртіпте енгізуге, құжаттардың жобаларын және талқылау мен бірлесіп шешім қабылдауды талап ететін өзге де материалдарды енгізе алады, жұмыс топтарының құрамына кіре алады және өзге де үйлестіру іс-шараларына қатыса алады.

Үйлестіру кеңесі мен өзге мемлекеттік органдардың өзара қатынасы қызметтің нақты саласындағы қылмысқа қарсы күрестің бағытын айқындау шеңберіндегі өзара іс-қимылға негізделеді.

Үйлестіру кеңесінде қаралатын мәселелерді дайындау және оның жұмысына қатысу үшін, қадағалау және өзге мемлекеттік органдардың өкілдері тартыла алады.

Ереженің 5 бөлімі Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының соттармен өзара іс-қимылы мәселелеріне арналған.

Соттармен өзара іс-қимыл келесідей келісілген нысандарда:

- 1) қылмыстың және соттылықтың жай-күйі туралы өзара хабарлау;
- 2) қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шараларды әзірлеген кезде сот статистикасы мен сот практикасы материалдарының деректерін пайдалану;
- 3) нормативтік –құқықтық актілерді әзірлеуде бірлесіп жұмыс істеу;
- 4) Бірлескен семинарлар мен конференциялар өткізу, кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысқа қатысу;
- 5) Бірлескен ақпараттық хаттарды, анықтамаларды, шолуларды жолдау;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандарды жүргізіледі.

Қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі соттармен өзара іс-қимыл соттардың тәуелсіздігі, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша соттың қызметіне араласпаушылық қағидатын ұстана отырып жүзеге асырылады.

3. Ішкі істер органының қызметін ұйысдастырудағы келуі мен даму тенденциясы, демократиз принциптерін сақтау мен қоғаммен тығыз байланыста болуға негізделген.

Ішкі істер органдарының азаматтардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру және қорғау, егеменді, демократиялық, құқықтық, зайырлы және унитарлы мемлекеттің құрылуына қатысу мақсатында ҚР құрылатын қоғамдық бірлестіктермен, ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдармен) ынтымастығының рөлі зор.

1996 жылғы 31 мамырдағы ҚР № 3-1 «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының 4 бабына сәйкес, мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Қоғамдық және мемлекеттік институттардың қосылуына, мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге және қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттің қаржыландыруына жол берілмейді.

Осы заңның 19 бабына сәйкес, ҚР қоғамдық бірлестіктер:

- Өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
- Соттар мен басқа да мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға;
- Бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
- Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге;
- Баспа қызметін жүзеге асыруға;
- Халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

Құқық қорғау органдарының қоғаммен өзара іс-қимылын жүзеге асыруының жекелеген аспектісі – бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара ынтымақтастық, 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 1 бабына сәйкес Бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс – бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB – сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны.

ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 2 бабына сәйкес, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді

насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар немесе қылмыстық жазалауға алып келетін іс-қимылдарды жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

Тақырып № 9

Полиция және халықтың барынша қауқар топтары

- 1.«Халықтың барынша қауқар топтары» және «кемсіту» түсінігі.
2. Мигрант, босқын және оралмандардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау мәселелері.
3. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттағы ұлттық заңнамалар.
4. Әйел құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттағы ұлттық заңнамалар.

1. «Халықтың барынша қауқар топтары» және «кемсіту»түсінігі.

Халықтың қауқар топтары - жынысы, жасы мен өзге өмірлік жағдаяттарға орай, зорлық, қорлау мен өзге адамгершілікке жатпайтын және заңсыз әрекеттерге әлдеқайда ұшырағыш адамдар тобы. Халықтың мұндай топтарының құқықтары өте жие бұзылып жатады, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тарапынан да орын алады, сондай-ақ мұндай құқықтарды бұзу әлдеқайда оңай. Мұндай санаттарға кәмелетке толмағандар , әйелдер, босқындар, мәжбүрлі қоныс аударушылар мен басқалары жатады.

Кемсіту – саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және қоғамдық өмірдің кез келген өзге салаларында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын іске асыруды жою немесе кемітуді мақсат немесе салдар тұтатын, жынысы, нәсілі, түр-түсі, рулық немесе этникалық шығу тегіне негізделген кез келген айырмашылық, ерекшелік, шектеу немесе артық көру.

Босқын –нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбану болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам.

Көшіп – қонушылар – Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен , сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар.

Көшіп – келушілер – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар.

Оралмандар – Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар.

Мәжбүрлі қоныс аударушылар – өз елдерінің аумағында өз үйлерін немесе әдеттегі тұрғылықты жерлерінен, атап айтқанда қарулы қақтығыс, жаппай зорлық, құқық бұзушылықтардың нәтижесінде немесе олардан аман болу үшін, қалдырып немесе тастап кетуге мәжбүрленген немесе еріксіз көндірілген адамдар немесе адамдар тобы.

Бала – ұлттық заңнамадан өзге көзделмесе, 16 жасқа толмаған кез келген адам жаны.

Зорлық – садистік немесе желікпе бейімділіктеріне орай, тұлғаның (тұлғалардың) белгілі бір мақсаттарын көздейтін, сондай- ақ онсыз дене,көрегенді немесе психологиялық ықпал немесе қысым.

2. Мигрант, босқын және оралмандардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау мәселелері.

Босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың жаһанды мәселесі – қазіргі әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі.

Түрлі төтенше жағдайлар, соның өшінде жаппай тәртіпсіздіктер мен қарулы қақтығыстар, әдетте, қоғамның өміріне, қауіпсіздік пен тәртіпке жойқын бұзушылық ықпал етеді. Мұндай оқиғалардың нәтижесінде , жаппай бұқара халық өз үйлерін тастап кетіп, өз елдерінде немесе аумағынан тыс жерлерден пана іздейді. Өзінің құрылу сәтінен бастап, БҰҰ әлемнің түрлі аудандарындағы халықтың осы санатын қорғау жөніндегі талпыныстарды жасап келеді. 1951 жылы БҰҰ босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасы (БҰҰ БЖКБ) құрылды.

Босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандар, қоғамның өзге қауқар топтары ретінде өздерінің адами қадір-қасиеттері, негізгі құқықтары мен бостандықтарының құрметтелуіне құқылы және олардың ерекше қорғалуына мұқтаж. Халықаралық құқық оларға осындай қорғауды қамтамасыз етеді.

Бірқатар халықаралық құжаттарда босқындармен қатынарудың негізгі нормалары орнатылған және анықталған. Олардың ішіндегі ең маңыздыларына 1951 жылғы 28 шілдедегі БҰҰ босқындар мәртебесі туралы конвенциясы мен 1967 жылғы 31 қаңтардағы босқындарға қатысты хаттама жатады.

Олар атап айтқанда, «босқын» ұғымын бекітеді. Конвенцияда босқындарға тән негізгі құқықтарды қоса алғанда, босқындармен әрекеттесудің кішігірім нормалары сипатталып, босқындардың құқықтық мәртебесі орнатылады.

Келесідей тұлғаларға босқын таныла алмайды:

- Бейбітшілікке қарсы қылмыс жасаған, халықаралық актілерде берілген анықтамасында адамзатқа қарсы қылмыс немесе қылмыстар жасаған;
- Пана берген елден тыс жерде, және осы елге босқын ретінде жіберілгенге дейін бейсаяси сипаттағы ауыр қылмыс жасаған;
- Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін іс-әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі (1 баптың F бөлігі);
- Әрбір босқынның өзі жүрген елге қатысты міндеттері болады. Атап айтқанда, ол қоғамдық тәртіпті қолдау үшін қабылданатын заңдар мен үкімдерге, сондай-ақ шараларға бағынуы тиіс.

Босқындармен қатынарудың негізгі қағидалары және 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда бекітілген нақты ережелер Босқындармен қатынарудың түп-тамырында негізгі саналатын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы бірқатар өзге іргелі құжаттарда көзделген төрт ең маңызды қағида жатыр. Оларға:

- құқықтар теңдігі;
- құқықтардың ажырамастылығы;
- құқықтардың әмбебаптылығы;
- кудалаудан пана іздеу және мұндай пананы пайдалану құқығы.

Босқын мәртебесіне қатысты және осы конвенцияда бекітілген нақты ережелерге мыналар жатады:

Жалпы міндеттемелер. Әрбір босқынның өзі жүрген елге қатысты міндеттері болады. Атап айтқанда, ол қоғамдық тәртіпті қолдау үшін қабылданатын заңдар мен үкімдерге, сондай-ақ шараларға бағынуы тиіс (2 бап).

Кемсітуге жол бермеу. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 2 бабына сәйкес, «Әр адам нәсіліне, терісінің түсіне (өңіне), жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа сеніміне, ұлтына немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлктік, сословиелік немесе басқа жағдайына қатысты қандай да бір айырмашылықтарсыз осы Декларацияда жария етілген барлық құқықтар мен барлық бостандықтарға ие болуға тиіс».

Босқын мәртебесі туралы конвенцияның ережелері босқындарға нәсілі, діні немесе шыққан еліне қатысты қандай да бір кемсітусіз қолданылуы тиіс. (3 бап)

Сотқа жүгіну құқығы. Әрбір босқынның барлық келісуші мемлекеттердің аумағында соттарға еркін жүгіну құқығы бар. Әдеттегі тұрғылықты жері орналасқан келісуші мемлекеттің аумағында әрбір босқын атап айтқанда, заңгерлік көмек және сот шығындарының төленуін

камтамасыз етуден босату мәселелері бойынша, азаматтар жүгінетін жағдайлармен тең жағдайда сотқа жүгіну құқығына ие болады (16 бап).

Еркін жүріп-тұру. Әлбетте, босқындар үшін Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (13,14 баптар) және өзге халықаралық актілерде бекітілген еркін жүріп-тұру бостандығы, қудалаудан пана іздеу және осындай пананы пайдалану құқығы туралы ережелердің маңызы зор.

Әрбір келісуші мемлекет өзінің аумағында заңды жүріп-тұратын босқындарға, дәл осындай жағдайларда шетелдіктерге қатысты қолданылатын барлық ережелер сақталған жағдайда, өз аумағында тұру және еркін жүріп-тұру жерін таңдау құқығын беретін болады (26 бап).

Бірлесу құқығы. Бейсаяси сипатқа ие және пайда алуды мақсат ететін бірлестіктерге, және кәсіби одақтарға қатысты келісуші мемлекеттер өздерінің аумағында тұрып жатқан босқындарға дәл осындай жағдайларда шетел мемлекеті азаматының жағдайына сәйкес келетін әлдеқайда жағымды жағдай жасайтын болады (15 бап).

Жеке куәлік. Келісуші мемлекеттер өз аумақтарында жүрген және заңды жол жүру құжаттары жоқ босқындарға жеке куәліктерді беретін болады (27 бап).

Жол жүру құжаттары. Келісуші мемлекеттер өз аумақтарында заңды тұратын босқындарға өз аумақтарынан тыс жерлерге бару үшін жол жүру құжаттарын береді, себебі бұған мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптің негізгі себептері кедергі болмайды; мұндай құжаттарға осы конвенцияға қоса салынған ережелер қолданылатын болады (28 бап).

Пана алудан үмітті, пана беретін елде заңсыз жүрген босқындар. Келісуші мемлекеттер, өмірлеріне немесе бостандықтарына қауіп төнген аумақтан тікелей келген босқындар осы мемлекеттердің аумағына рұқсатсыз кірсе немесе жүріп-тұрса, мұндай босқындар кідіріссіз билік алдында өздері келіп, заңсыз кіруі немесе жүріп-тұруының қанағаттанарлық түсініктемелерін берген жағдайда, осындай босқындардың заңсыз кіруі немесе заңсыз жүріп-тұруына салым салмайтын болады (31 бап).

Жер аудару. Келісуші мемлекеттер өз аумақтарында заңды тұрып жатқан босқындарды мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп түсініктерінен өзге жағдайларда елден жер аудармайды. Мұндай босқындарды жер аудару сот тәртібінде шығарылған шешімдерді орындау үшін ғана жүзеге асырылатын болады (32 бап).

Босқындарды жер аударуға немесе мәжбүрлі түрде қайтаруға (келген еліне) тыйым салу. Келісуші мемлекеттер босқындарды олардың нәсілі, діні, азаматтығы, белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстығы немесе саяси сенімдерінің салдарынан өміріне немесе бостандығына қауіп төнетін елге ешбір жолдармен жер аудармайды немесе қайтармайды. Осы қаулы, алайда, негізді себептердің күшіне орай өздері жүріп-тұратын елдің қауіпсіздігіне төнетін қауіп ретінде қарастырылатын босқындарға, немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін күшіне енген сот үкімімен сотталған және ел үшін қоғамдық қауіп төндіретін сотталғандарға қатысты қолданылмайды (33 бап).

Осылайша, босқындарға қатысты адам құқықтарының кең ауқымының сақталуын қамтамасыз ету қарастырылған: экономикалық, әлеуметтік және мәдени, сондай-ақ азаматтық және саяси құқықтар. Алайда, дәл осы азаматтық және саяси құқықтар құқық қорғау қызметі мен қоғамдық тәртіпті қолдауға қатысты әлдеқайда қауқар құқықтардың санатына жатады, және олардың сақталуы көбінесе мұндай қызметтің қалайша жүзеге асырылатындығына тәуелді.

Саяси және экономикалық дағдарыстар, сондай-ақ әскери қақтығыстар көп жағдайда зорлық немесе қудалаудан қорғанатын халықтың көші-қонымен сипатталады. Мұндай тұлғаларға қатысты құқық олардың халықаралық шекарадан өткен-өтпегендеріне қарай құбылады.

Өткен болса, босқындар саналып, босқындардың құқықтарын реттейтін құқықтық нормаларға бағынады. Кері жағдайда, олар мәжбүрлі немесе ішкі қоныс аударушылар болып саналады. БҰҰ гуманитарлық істерді үйлестіру кеңсесімен ұсынылған мәліметтердің негізінде, қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша шамамен 25 млн. мәжбүрлі қоныс аударушылар әлемнің 25 елінде жүр.

Әдетте, мәжбүрлі қоныс аударушылар, көп жағдайда қоныс аударуды мемлекеттің өзі туындатқандығына қарамастан, ішкі ұлттық заңнамамен қорғалады. Алайда, мұндай тұлғаларды қорғаудың заңнамалық құралдары бар:

- бейбіт уақытта олар өз елдерінің ішкі заңнамасымен және адам құқықтары мен бостандықтарны арналған халықаралық нормаларымен қорғалады;
- қарулы қақтығыстар кезеңінде азаматтық тұлғалар ретінде халықаралық гуманитарлық құқық нормаларының қорғауында болады.

Бұл адамдар бұрынғысынша өз елдерінің аумағында жүргендіктен, оларға босқындарды қорғаудың қолданыстағы жүйесінің әрекеті таралмайды. Соған қарамастан, ішкі істер органдарының қызметкерлері бұл адамдарға қатысты адам құқықтары саласындағы қағидалар мен ережелердің толық көлемде қолданылатындығын есте сақтаулары тиіс.

Ішкі қоныс аударған тұлғалар өте қауқар топтар саналады, сондай-ақ қандай да бір айырмашылықтарсыз немесе қандай да бір кемсітүсіз өз құқықтарын толыққанды жүзеге асыруға құқылы.

Ешбір халықаралық ұйым өз мемлекеттерінің аумағында жүрген тұлғаларды тиімді қорғау мен нақты көмек көрсету үшін қажетті құралдарға немесе мандатқа ие емес, ал бұл ретте, олардың басым көпшілігі босқындар сияқты көмек пен қорғауға зәру.

БҰҰ Бас ассамблеясы мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек көрсету мүмкіндігін беру үшін, БҰҰ БЖКБ мандатын бірнеше мәрте кеңейткен болатын БҰҰ БЖКБ мүдделі үкіметтің келісімін алып, мұндай тұлғалар үшін материалдық көмек көрсету бағдарламаларын ұйымдастыра алады. Сонымен қатар, оның қолында мұндай жағдайда қалған тұлғаларды қорғаудың ешбір тұрақты заңгерлік құралдары жоқ.

1992 жылы БҰҰ Бас хатшысының жанынан көшірілген адамдардың (мәжбүрлі қоныс аударушылардың) арнайы өкілі тағайындалды. 1998 жылы көшірілген адамдардың (мәжбүрлі қоныс аударушылардың) мәселелері жөніндегі арнайы кеңесші БҰҰ гуманитарлық мәселелерді үйлестіру жөніндегі басқарма жанынан тағайындалды.

Босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілілер мен оралмандардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілілер мен оралмандардың құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктерімен қатар, ішкі тетіктер де бар.

Демократиялық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілілер мен оралмандардың құқықтарын қорғауға қатысты барлық негізгі құжаттарды ратификациялап, бірқатар халықаралық қағидаларды ішкі заңнамаға енгізді.

- Осы саладағы маңызды нормативтік акт 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 216 – IV «Босқындар туралы» заң (29.12.2010ж. өзгертулермен және толықтырулармен) болып табылады, ол пана іздейтін тұлғаларды Қазақстан Республикасындағы босқындар танудың негіздері мен тәртібін анықтайды, босқындардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың экономикалық, әлеуметтік және құқықтық кепілдемелерін орнатады, босқынның құқықтық мәртебесі анықтайды.

ҚР «Босқындар туралы» заңының 1 бабында «босқын» ұғымына анықтама берілген:

Босқын – нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси наным бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам.

ҚР «Босқындар туралы» заңына сәйкес, босқындарға қатысты саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органдарына мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының үкіметі;
- Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын уәкілетті орган;
- Қазақстан Республикасының уәкілетті органы;
- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары.

ҚР «Босқындар туралы» заңының 9 бабында ҚР аумағында босқын мәртебесін алған тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі берілген.

Босқынның:

- панаға;

- тиісті уәкілетті органдардан шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат сұратуға;
- уәкілетті органның босқын мәртебесін ұзартудан бас тарту туралы, одан айыру немесе оны тоқтату туралы шешіміне шағымдануға;
- шыққан еліне өз еркімен қайтуға немесе кез-келген үшінші елге қоныс аударуға;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызмет көрсетілуіне;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек ету бостандығына немесе кәсіпкерлік қызметке;
- мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарын сот арқылы қорғауға;
- өзімен алып келген, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жиған мүлкін қоныстану үшін өзіне құқық берілген басқа елге әкетуге;
- босқын куәлігін және жол жүру құжатын алуға құқығы бар;
- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және халықаралық шарттарымен шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар үшін орнатылған өзге құқықтар мен бостандықтар.

және:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
- Қазақстан Республикасы аумағының шегінен шығып кету ниеті туралы уәкілетті органға хабарлауға;
- Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғылықты жерін ауыстырған кезде уәкілетті органда есептен және ішкі істер органдарында тіркеуден шығуға және жаңа тұрғылықты жеріне келген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісінше есепке тұруға және тіркелуге міндетті.

ҚР «Босқындар туралы» заңында тұлғаны босқын мәртебесінен айыру және босқын мәртебесін тоқтату мүмкіндігі қарастырылған. Заңның 13 бабына сәйкес, егер адам:

- босқын мәртебесі берілуі үшін негіз болған көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа не жалған құжаттарды ұсынса;
- бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамадағы осындай қылмысы үшін сотталған болса;
- Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде жасаған саяси емес сипаттағы ауыр қылмысы үшін сотталған болса;
- Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының және халықаралық ұйымдардың мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін әрекеттер жасағаны үшін сотталған болса;

- террористік, экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысқаны үшін сотталған болса, босқын мәртебесінен айырылады.

Заңның 14 бабына сәйкес, егер адам:

- 1) Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің азаматтығын алса және өзі азаматы болған мемлекеттің қорғауын пайдаланса;
- 2) өзінің босқын деп тануға негіз болған мән-жайлар өзгергендіктен, бұдан әрі өзі азаматы болып табылатын елдің қорғауын пайдаланудан бас тарта алмайтын болса;
- 3) өзінің бұрынғы мемлекетінің жоғалтқан азаматтығын өз еркімен қайта қабылдаса;
- 4) өзі азаматы болған елдің қорғауын өз еркімен қайта пайдаланса;
- 5) өзіне босқын мәртебесін беру негіздері болмағандықтан, шыққан еліне қайтып оралуға тілек білдірсе;
- 6) қудалау қауіпінің салдарынан тастап шыққан немесе кетіп қалған еліне өз еркімен қайта оралса;
- 7) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетсе, босқын мәртебесі тоқтатылады.

Сондай-ақ босқын мәртебесі ұзартылмаған жағдайда, оның мерзімі өткен соң тоқтатылады.

ҚР «Босқындар мәртебесі туралы» заңының 11 бабына сәйкес, босқын мәртебесі берілген адамға уәкілетті орган босқын куәлігін береді.

Босқын куәлігі - босқынның жеке басын куәландыратын және мәртебесін растайтын, уәкілетті орган беретін құжат.

ҚР көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың жағдайы мен мәртебесі Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» заңымен (27.04.2012 ж. жағдай бойынша өзг. және толық.) реттеледі, оның 1 бабында осы ұғымдарға анықтама берілген, ал 4 бабында халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары мен міндеттері бекітілген:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарға және халықаралық шарттарға сәйкес көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беруге;
 2. ұлттық мүддені қорғау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;
 3. жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін ұштастыруға;
 4. пайдаланылатын ақпараттың жаңартылуы және бірнеше рет қайталануы негізінде көші-қон процестерін реттеудің ашықтығына;
 5. мемлекеттің көшіп келудің әрқилы түрлерін реттеудегі сараланған тәсіліне негізделеді.
2. Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

- өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін ескере отырып, оралмандарды ұтымды орналастыруды ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тарту;

- ішкі еңбек нарығын шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау жолымен қорғау;

- Қазақстанның халықаралық еңбек нарығына ықпалдасуын қамтамасыз ету;

- халықтың жаппай көші-қонына әкеп соқтыруы мүмкін жанжалдардың алдын-алу және оларды болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын дамыту;

- ішкі көші-қон ағынын оңтайландыру, көшіп-қонушылардың ел аумағында ұтымды қоныстандырылуын қамтамасыз ету;

- шетелде тұратын бұрынғы отандастармен және этникалық қазақтармен өзара қарым-қатынасты, оның ішінде мәдени ынтымақтастық пен ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы өзара қарым-қатынасты қолдау және дамыту;

- этникалық қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуына жәрдемдесу;

- көші-қон процестерін реттеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық, заңсыз көшіп келудің алдын-алу және жолын кесу болып табылады.

Босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары мен осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, барлық полиция қызметкерлеріне:

- өздеріңіз қызмет ететін телім аумағында босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандарға қатысты кемсіту, ксенофобия, нәсілшілдік әрекеттерінің кез келген орын алуына қырағылық танытуға;

- көші-қон басшылығымен және босқындарға көмек көрсететін әлеуметтік қызметтермен тығыз ынтымақтастықта болуға;

- босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандар көптеп шоғырланған жерлерде әрбір босқын немесе мәжбүрлі қоныс аударушы жер аудару мен өзге жағымсыз салдардан қорықпай, көмек алу және қорғану үшін ішкі істер органдарына жүгіну жөніндегі өз құқықтарын білулеріне жәрдемдесуге;

- босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың баспаналары мен лагерьлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кеңес беріледі.

Басшылық деңгейіндегі және бақылау органдарының қызметкерлеріне:

- босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың ерекше қауқарлығымен және оларды қорғау қажеттілігімен байланысты нақты бұйрықтар беруге;

- нәсілшілдікпен күрес, сондай-ақ кез келген негіздер бойынша ксенофобия мен кемсітуге бағытталған зорлық пен қорқытудың алдын алу мақсатында, қоғам өкілдерімен ынтымақтасу бағдарламаларын әзірлеуге;
- босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың көптеп шоғырлану орындарын патрульдеуді ұйымдастыру және ол жерлерде полиция учаскелерін құру мәселесін қарастыруға;
- қызметкерлері босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандардың құқықтарын қорғау мақсатында әрекет ететін, әлеуметтік қызмет саласында дағдыланған, қажетті заңгерлік және тіл дайындығынан өткен арнайы бөлімшелер құруға;
- көмекке зәру босқындар, көшіп-қонушылар, көшіп келушілер мен оралмандарға түрлі қызметтер көрсететін әлеуметтік қызметтермен байланысып отыруға кеңес беріледі.

3. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттағы ұлттық заңнамалар.

Бүгінгі таңда бала құқықтары, оның өмірін қорғау, дамыту, білім беру, тәрбиелеу мәселелері жалпы әлемдік қауымдастық үшін, сондай-ақ ұлттық деңгейде де жалпы адамзаттық және басым сипатқа ие болып отыр.

Бүкіл әлемде балалар қазіргі өмір жағдайларына бейімделмеген, қазір де бұрынғысынша жыл сайын 10 миллионнан астам бала өмірлерін аман алып қалу мүмкіндігінің барына қарамастан көз жұмып жатады, 100 миллион бала мектепке бармайды (олардың 60 % - қыздар), 150 миллион бала тамаққа жарымаудан зардап шегеді, АИТВ/ЖИТС асқан жеделдікпен таралып келеді. Әлі де болса, кедейлік, оқшаулық пен кемсіту бар, ал әлеуметтік қызметтер жеткілікті түрде инвестициялар алмайды. Бұрынғысынша, миллиондаған баланың балалық дәурені зиянды және шамадан тыс жұмыспен, саудамен және тұрғылықты ел аумағынан заңсыз әкетумен, қарулы қақтығыстардың салдарымен және асыра пайдалану, елемеу, өз пайдасын асыру мен зорлық көрсетудің өзге нысандарымен томсартылып отыр.

Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері халықтың осы барынша қауқар топтарына айрықша көңіл бөліп қараулары, барлық балаларды қатыгез іс-әрекеттерден қорғау қажеттілігіне сенімді болып, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстылықтың алдын алудың барлық мүмкін шараларын қабылдаулары тиіс.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттар.

Бала құқықтарының басымдығы, оның құқықтарын қорғау идеясының бекітілуі адамдардың, соның ішінді құқық қорғау органдарының қызметкерлері өз өкілеттіліктерінің күшіне орай кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін өзге лауазымды тұлғалардың бала құқықтары туралы және осы құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету тетіктері туралы қаншалықты

жақсы хабардар етілгендеріне айтарлықтай дәрежеде тәуелді. Ең алдымен, олар осы саладағы халықаралық стандарттармен таныстырылулары тиіс.

Халықаралық тәжірибеде кәмелетке толмағандар ересектер үшін жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, және сәйкесінше, оларға барлық халықаралық нормативтік актілердің әрекеті таралады. Осылайша, мысалға, олар ересек адамдар сияқты өз бетінше қамауға алына алмайды, ал қамауға алынған жағдайда, оларға адамгершіл қатынас танытып, азаптауға жол бермеу қажет. Сонымен қатар, оларға қатысты полиция қызметкерлерінің тарапынан күш қолдануға қойылатын барлық шектеулер де таралады. Алайда, бұл санаттың ерекше қауқарлығын ескере отырып, халықаралық қауымдастық бала құқықтарын реттейтін және қорғайтын жеке құжат қабылдады. Бала құқықтарының жан-жақты қорғалуын көздейтін, осындай іргелі құжат 1989 жылғы Бала құқықтары туралы конвенция болып табылады. Конвенция Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 08.08.1994 ж. қаулысымен ратификацияланды.

2000 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияның екі факультативтік хаттамасы қосылуға ашық деп жарияланды. «балаларды қарулы қақтығыстарға тарту туралы» және « Балаларды саудалау, балалар зинақорлығы және балалар порнографиясы туралы» екі факультативтік хаттамасы ҚР 04.07.2001 № 221-2 заңымен бір уақытта ратификацияланды. Конвенцияның ережелері бала құқықтарын қамтамасыз етулері тиіс төрт негізгі талапқа саяды: тіршілік үшін күрес, даму, қорғау, қоғам өміріне белсенді қатысуды қамтамасыз ету.

Конвенция бірқатар маңызды әлеуметтік құқықтық қағидаларды бекітеді. Олардың ішіндегі бастысы – баланы толыққанды және толыққұқылы тұлға ретінде тану. Бұл балаларды өз ата-аналарының немесе қамқоршыларының бір «бөлігі» ретінде емес, өз құқықтарының иесі ретінде мойындау.

Бала құқықтары туралы конвенцияның 1 бабына сәйкес: бала – ұлттық заңнамамен кәмелетке толудың әлдеқайда ертерек жасы көзделмесе, 18 – жасқа толмаған кез келген адам жаны.

Баланы құқықтың дербес субъектісі ретінде мойындай отырып, конвенция баптарының, мұндай қағида бойынша нақты жіктелмегендігіне қарамасстан, азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтардың бүкіл кешенін қамтиды. Конвенцияның мәні – бір құқықтың жүзеге асырылуының өзге құқықтарды жүзеге асырудан ажыратылмайтындығын бекіту болып табылады.

Алайда, бұл бала құқықтарының тізбесі емес, мемлекеттер балаға қатысты мойындауға дайын міндеттердің ауқымды тізімі. Бұл міндеттер тікелей болуы мүмкін, мысалы, білім алу мүмкіндігін беру немесе кәмелетке толмағандарға қатысты сот әділділігінің орнатылуын қамтамасыз ету, немесе ата-аналарына, отбасының өзге мүшелеріне немесе қамқоршыларға өздерінің негізгі рөлдерін ойнап, тәрбиелеушілер мен қорғаушылардың міндеттерін орындауға мүмкіндік бере отырып, жанама болуы да мүмкін,

яғни, конвенцияның мазмұны ешбір дәрежеде отбасының мән-маңызын төмендетпейді.

Ол бала мүдделерінің мемлекет, қоғам, дін мен отбасының қажеттіліктерінің алдындағы басымдылығын жариялайды.

Конвенцияда қарастырылған, құқықтық тәртіпті қорғау органдары мен олардың қызметкерлеріне қатысты мәселелер мынадай түрде жіктеле алады. «Құқықтарды қорғау», «Пайдаланудан қорғау» және «Ерекше жағдайлардағы қорғау».

Бала құқықтарын қорғау:

- Қатысушы мемлекеттер әрбір баланың өмір сүруге деген ажырамас құқығы бар екенін таниды. Қатысушы мемлекеттер барынша мүмкін дәрежеде баланың тірі қалуын және денсаулығының мықты болып өсуін қамтамасыз етеді (6- бап).

- Қатысушы мемлекеттер заңмен көзделгендей, баланың жеке басының даралығын, бұған азаматтығын, есімін және отбасылық байланыстарын сақтау құқығын қоса алғанда, оған заңсыз араласуға жол бермей, құрметтеуге міндеттенеді (8-бап).

- Бала өз пікірін еркін білдіруге құқылы, бұл құқыққа шекараларға қарамастан ауызша, жазбаша немесе басылым нысанында, көркем өнер шығармасы нысанында не болмаса баланың өз таңдауы бойынша басқа да құралдардың көмегімен әр түрлі ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және беру еркіндігі кіреді (13-бап).

Осы Конвенцияда баяндалған құқықтарды жүзеге асыруға кепілдік беру және жәрдемдесу мақсаттарында қатысушы мемлекеттер ата-аналарға және заңды қамқоршыларға балаларды тәрбиелеу жөніндегі олардың өз міндеттерін орындауына тиісті көмек көрсетеді және балалар мекемелерінің желісін дамытуды қамтамасыз етеді. Бала заңның осындай араласу немесе қол сұғушылықтардан қорғауына құқылы (18 – бап).

- Ешбір бала азапталмауы, немесе қадір – қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын, қатыгездік жолмен жәбірленбеуі немесе жазаланбауы, сондай-ақ өлім жазасына және түрмеге өмірлік қамауға алынбауы тиіс.

- Ешбір бала бас бостандығынан заңсыз немесе еріксіз айырмалуы тиіс, бас бостандығынан айырылған әр бала өз жасындағылардан талап етулері ескеріле отырып, өз жеке басының ажырамас қадір-қасиеті ретінде адамгершілікті көзқарасты және құрметтеуді пайдаланады, бас бостандығынан айырылған баланың еш кідіріссіз құқықтық және басқа да тиісті көмекке қол жеткізуге, сондай-ақ сот немесе басқа да құзыретті, тәуелсіз және әділетті органдар алдында өз бас бостандығынан айырылу заңдығына дауласуға құқығы бар (37 – бап).

Мұндай қорғау шаралары полиция қызметкерлерінің алдын алу және анықтау, олар туралы хабарлау, істі қарауға табыстау және тергеу жүргізу үшін, сондай-ақ сот рәсімін қозғау үшін тиісті рәсімдерді қамтиды.

- Қатысушы мемлекеттер әр баланы экономикалық қанаудан қорғау, осы бапты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін заң шығарушылық, әкімшілік және әлеуметтік шаралар, сондай-ақ білім беру саласында шаралар қолданады (32- бап).

- Қатысушы мемлекеттер:

а) балаларды есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз қабылдаудан қорғау;

б) заңға қарсы заттарды өндіруге және олардың саудасына балаларды пайдалануға жол бермеу үшін тиісті заң шығарушылық, әкімшілік, әлеуметтік шараларды, сондай-ақ білім беру саласындағы шараларды қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдайды (33 – бап).

- Қатысушы мемлекеттер баланы нәсіпқұмарлық қамаудың және нәсіпқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғауға міндетті. Осы мақсатқа қатысушы мемлекеттер, ішінара:

а) баланы кез келген нәсіпқұмарлық қатынастарға көндіруге немесе мәжбүр етуге;

б) бала еңбегін жезөкшелік немесе басқа да заңсыз нәсіпқұмарлық тәжірибесіне қанап пайдалану мақсатында;

с) бала еңбегін порнография мен порнографиялық басылымдарда қанап пайдалану мақсаттарына жол бермеу үшін ұлттық, екі жақты және көп жақты деңгейде барлық қажетті шараларды қабылдайды (34 – бап).

- Қатысушы мемлекеттер бала әл-ауқаты аспектісіне залал келтіретін қанаудың басқа да барлық нысандарынан қорғайды (36 – бап).

Бұдан айыру қатысушы мемлекет қабылдаған қандай да бір шешіммен туындайтын жағдайларда, мысалы қамауға алынған, түрмеге жабылған, жер аударылған, депортацияланған немесе ата-анасының, біреуінің не болмаса екеуінің де не баланың қайтыс болған кезінде болғанда, мұндай қатысушы мемлекет ата-анаға, балаға немесе, егер қажет болса, отбасының басқа да мүшесіне олардың өтініші бойынша отбасы мүшесінің / мүшелерінің қай жерде жүргеніне қатысты қажетті ақпаратты, егер мұндай ақпарат беру баланың, әл-ауқатына нұқсан келтірмейтін болса, беретін болады.

- Бірде бір бала оның жеке өміріне, отбасылық өміріне, баспанасына қол сұғылмау немесе хат жазысып-алысу құпиясына ие болмаса оның ар-намысы мен абыройына заңсыз араласушылықты болдырмау құқығын жүзеге асыруда ерікті түрде немесе заңсыз араласу объектісі бола алмайды. Бала осындай араласу немесе қол сұғушылықтан заңның қорғауына құқылы (16 – бап).

- Этникалық, діни немесе тілі жөнінен немесе жергілікті халық адамдары жөнінен азшылық болған мемлекеттерде, сондай-ақ азшылық топқа немесе жергілікті халыққа жататын бала өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтынып, оның салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауға тиіс (30 – бап).

- Қатысушы мемлекеттер, босқын дәрежесіне ие болғысы келген немесе қолданылып жүрген халықаралық немесе ішкі құқық және рәсімдерге сәйкес

босқын болып саналатын балаға, мейлі оны ата-анасы немесе кез келген басқа адам ертіп жүрсе де, немесе оларсыз жүрсе де, осы Конвенцияда және адам құқығы жөніндегі халықаралық басқа да құжаттарда немесе гуманитарлық құжаттарда баян етілген құқықтарды пайдалануда осы құжаттарға қатысушы болып табылатын атталған мемлекеттер тиісті қорғау және гуманитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдананды (22- бап).

- Қатысушы мемлекеттер балаларды ұрлау, бала саудасына немесе балаларды кез келген мақсатпен және кез келген түрде контрабандылау әрекеттеріне жол бермеу үшін ұлттық, екі жақты және көп жақты деңгейде шаралар қолданады (35 – бап).

Барлық полиция қызметкерлері ең үздік әдістер туралы олар халықаралық нормаларда көзделген түрде жалпы түсінікке ие болулары тиіс. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды қорғау мәселелерімен арнайы айналысатын немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты іс-қимылдар жүргізетін полиция қызметкерлері, ең үздік әдістер туралы бәрін білуге міндетті.

Полиция органдарының күнделікті жұмысында кәмелетке толмағандарды күту мен қорғау мәселелеріне қатысты айтарлықтай тәжірибе жинақталды. Мұндай білімдер мен тәжірибені өздері қызмет етеін мекеме жұмысын жетілдіруге ұмтылатын қызметкерлер пайдаланулары тиіс.

Конвенцияны қабылдаған мемлекеттер барлық балаларға қатысты адам құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін жауапты. Мұны БҰҰ бала құқықтары жөніндегі комитет қадағалайды – бұл құрылуы конвенцияның 43 бабынла көзделген, сайланбалы халықаралық орган. Комитет конвенциямен орнатылған міндеттердің орындалуына қарай қатысушы мемлекеттермен қол жеткізілген жетістіктерді әрбір қатысушы мемлекет әр бес жыл сайын ұсынып тұратын баяндамалар жүйесі арқылы қарастырады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27 – бабында былай делінген «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы және міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті».

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы мен құқық бұзушылықтарға баруының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, аталған мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың күштерін үйлестіру, кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары туралы істерді қарастыру және кәмелетке толмағандарды ұстау жағдайларын және тәрбиелеу жұмыстарының жүргізілуін қадағалау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 24 мамырындағы № 415 қаулысымен Қазақстан

Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия мен жергілікті атқару билігінің органдарындағы комиссиялар құрылды.

Тыңдаушылардың назарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 11 маусымындағы № 789 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар туралы ереже» сияқты нормативтік құжатқа аударудың маңызы зор.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу үшін, 2004 жылдың 9 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы қабылданды.

4. Әйел құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттағы ұлттық заңнамалар.

Қазіргі заманда қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріндегі әлдеқайда өзекті мәселелердің бірі жыныстардың теңдігі мен теңсіздігі мәселесі болып отыр. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 1 бабында былай делінген: «Барлық адамдар өзінің қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша ерікті және тең болып туылады», алайда, бұл қағида әрдайым іске асырыла бермейді.

Бүкіл демократиялық әлемде әйелдер кәмелетке толмағандармен және босқындармен қатар, халықаралық және мемлекетшілік қорғауды қажет ететін, қоғамның барынша қауқар топтарын құрайды.

Әлбетте өткен ғасырда әйелдердің қоғамдағы жағдайына қатысты айтарлықтай өзгерістер болып өтті. Көптеген елдерде әйелдер билік органдарына сайлау және сайлану құқығына қол жеткізіп, экономикалық және әлеуметтік тәуелсіздік алды. Бірқатар елдерде жынысы бойынша кесітуге тыйым салатын заңдар қабылданды.

Алайда, бұрынғысынша, бүкіл әлемде әйелдер мен ерлердің әлеуметтік және экономикалық жағдайының арасында үлкен айырмашылық сақталуда, бұл ретте әйелдер түрлі өмірлік жағдайларда барынша қауқар топтар саналады. Осылайша, әйелдер жер шарының кедей тұрғындарының үлкен бөлігін құрайды, сондай-ақ олардың арасындағы сауатсыздық деңгей де басым. Әйел адамның жұмыс күні ерлермен салыстырғанда әлдеқайда ұзағырақ (Азия мен Африканың кей елдерінде 13 сағатқа), бұл ретте әйелдердің алатын жалақысы да аз. ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша жыл сайын 1 млн. астам қыз балалар қыз болып дүниеге келгендіктерінен сәби шақтарында көз жұмады. Көптеген елдерде әйелдер ерлермен тең құқықтарға ие емес, полиция учаскелерінде де, сот отырыстарында да оларға тиісті деңгейде қатынас танытылмайды. Әйелдерді ресми танылмаған, бірақ іс жүзінде бар үй шаруашылығы немесе нәпсілік мақсаттарда халықаралық

күлдікке сатады және сатып алады. Түрлі елдердегі отбасылық зорлық адам төзгісіз нысандарға ие болып келеді. Әдетте, әйелдер қарулы қақтығыстар кезіндегі босқындар мен қоныс аударушылардың басым бөлігін құрайды.

Бұл мәселелердің ауқымын түсіну, мемлекетшілік деңгейдегі мәселенің шешілуі үшін айрықша маңызды. Полиция қызметкерлеріне құқықтық тәртіпті қолдау қызметінің мәті-мәнінде әйелдердің негізгі құқықтарын қорғаумен байланысты мәселе туралы ақпараттандыру мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері өз қызметтерін кемсітуге жол бермеу қағидасына қатаң сәйкестікте атқаруға міндетті, олар зорлықтың алдын алуға және оның салдарын жеңілдетуге міндетті, әйелдердің мәселелерін шешу кезінде олар әйелдердің ерекше мәртебесінің қорғалуын және ерекше қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын қамтамасыз етулері тиіс.

Әйел құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттар

Көптеген халықаралық құжаттар халықтың барынша қауқар топтары ретінде әйелдерді ерекше қорғау қағидасын бекітеді.

1993 жылы Адам құқықтары жөніндегі бүкіләлемдік конференцияда БҰҰ қатысушы – мемлекеттер барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары адамның барлық жалпыға бірдей құқықтарының ажырамас бөлігі болып табылатындығын мәлімдеді. Әйелдердің ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейде саяси, азаматтық, экономикалық, қоғамдық және мәдени өмірге толық және тең қатысуы, сондай-ақ жынысы бойынша кемсідудің барлық нысандарын жою халықаралық қауымдастықтың бірінші кезектегі мақсаттары болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі түрлі шарттарда қатысушы-мемлекеттерге қандай да бір кемсітусіз, соның ішінде жынысы бойынша, осы шарттарда бекітілген құқықтардың сақталуы туралы талаптар қойылады. Атап айтқанда, мұндай ереже Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 2 бабында көзделген, ал 3 бабында қатысушы мемлекеттер барлық азаматтық және саяси құқықтарды пайдалану құқығы ерлер мен әйелдерге тең болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді делінген.

Әйелдерді қорғау үшін, кемсітуге жол бермеудің екі аспектісінің маңызы айрықша зор, атап айтқанда:

- заң алдындағы теңдік құқығы;
- заңның тең қорғауына құқығы.

Бұл құқықтары туралы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 7 бабында «Заң алдында жұрттың бәрі тең және ешбір айырмашылықсыз заңмен тең қорғалуға құқығы бар. Барлық адамдардың осы Декларацияны бұзатын қандай да бір кемсітушіліктен және мұндай кемсітушілікке қандай да бір арандатушылықтан тең қорғалуына құқығы бар», сондай –ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 26 бабында және өзге халықаралық құжаттарда айтылған.

Әйелдерді қылмыстық қол сұғушылықтар мен кемсітудің кез келген нысандары мен түрлерінен қорғауға бағытталған маңызды халықаралық-құқықтық акт – Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция болып табылады, ол БҰҰ 1979 жылы қабылданып, 1981 жылы күшіне енді, Қазақстан Республикасының 29.06.1998 жылғы № 248-1 заңымен ратификацияланды.

Конвенция әйелдерге қатысты кемсітуді тақтатуға бағытталған өзге халықаралық құқықтық актілердің ережелерін кеңейтеді.

Конвенцияның 1 – бабында «әйелдерге қатысты кемсіту» ұғымына анықтама берілген.

Әйелдерге қатысты кемсіту – әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асырылуын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу.

Конвенцияның 2 бабына сәйкес, қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты барлық нысандағы кемсітулерді айыптайды, әйелдерге қатысты кемсітілулерді жою саясатын кідіріссіз барлық тиісті тәсілдермен жүргізуге келіседі және бұл мақсатта мыналарға міндеттенеді:

а) ерлер мен әйелдердің тең құқықтық принципін өз ұлттық конституцияларына немесе басқа да тиісті заңнамасына қосуға, егер де бұл әлі жасалмаса және заңның басқа да тиісті құралдардың көмегімен осы принципті жүзеге асыруға;

б) әйелдерге қатысты кез келген кемсітуге тыйым салатын тиісті заңнамалық және керек жерде санкцияны қоса алғандағы басқа да шараларды қабылдауға;

с) әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңгерлік қорғауды қалыптастыруға және құзырлы ұлттық соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер көмегімен әйелдерді кез-келген кемсіту актісіне қарсы тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

д) әйелдерге қатысты қандай да бір кемсіту актілерін немесе іс-қимылдарын жасаудан қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы міндеттемелерге сәйкес әрекет ететіне кепілдік беруге;

е) қандай да бір тұлға, ұйым немесе кәсіпорын тарапынан әйелдерге қатысты кемсітуді жоюдың барлық тиісті шараларын қабылдауға;

ж) әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптарды және практиканы өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық шараны қабылдауға;

з) өзінің қылмыстық заңнамасының әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын барлық қағидаларын жоюға.

Осы конвенцияның жүзеге асырылуын қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын тыңдау арқылы, түрлі елдердегі әйелдердің жағдайын

зерделейтін әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитет қадағалайды. (Әйелдерді қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитет (АҚШ – Нью-Йорк))

1999 жылғы 10 желтоқсанда конвенцияның факультативтік хаттамасы қол қоюға ашық деп жарияланды, онда комитеттің дербес немесе мемлекетаралық шағымдарды қарастыру рәсімі ұсынылған.

Халықаралық тәжірибиеде халықтың қауқар топтары ретінде әйелдерге қатысты белгілі бір қағидалар қалыптастырылды:

- әйелдер саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және кез келген өзге саладағы адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын іске асыру мен қорғауға қатысты тең құқықтарды пайдаланады;

- сотталған немесе ұсталған әйелдер кемсітілмеулері тиіс және зорлықтың немесе пайдаланудың барлық нысандарынан қарғалулары тиіс;

- ұсталған тұлғаларды қадағалау және оларды тінтуді әйел жынысты полиция қызметкерлері мен қызметкерлер құрамы жүзеге асырулары тиіс;

- босстандығынан айыру орындарында әйелдер ерлерден бөлек ұсталулары тиіс;

- жүкті және бала емізетін әйелдерге босстандығынан айыру орындарында барлық қажетті жағдайлар жасалулары тиіс.

Әйелдер отбасындағы зорлық құрбандары ретінде Әйелдерге қатысты жұптас-ерлерінің тарапынан зорлық көрсету әйел құқықтарының өрескел бұзылуы болып табылады, халықаралық заңнама аясында бұл мәселеге үлкен көңіл бөлінеді.

1993 жылғы қабылданған Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация «әйелдерге қатысты зорлық – зомбылық» терминін «әйелдерге дене, жыныстық немесе психологиялық нұқсан немесе азап келтіретін немесе келтіруі мүмкін, жыныстық белгілері бойынша жасалған кез келген зорлық көрсету актісі, сондай-ақ осындай актілерді жасау қорқынышы, қоғамдық немесе жеке өмірде болсын мәжбүрлеу немесе босстандығынан өз бетінше айырудан» тұратын іс – әрекет әйелдерге қатысты зорлықтың өзіндік ерекшеліктері бар, яғни ерекше шаралардың қолданылуын талап етеді. Әйелдер мен жас қыздарға қатысты зорлық актілері адам құқықтарының өрескел бұзылуы болып табылады, және олардың дене және психологиялық денсаулығына ауыр нұқсан келтіреді.

БҰҰ аясында қатысушы – мемлекеттерге кеңес берілген Отбасындағы зорлық – зомбылық туралы үлгілік заңнама әзірленген болатын, алайда бүгінгі таңда небары бірнеше мемлекет қана осы мәселеге арналған арнайы заңнамаға ие, Қазақстан Республикасы бұл ерекше мемлекеттердің қатарында емес.

Мұндай зорлық орын алатын болса, бұл мемлекеттің адамның жеке басына қол сұқпаушылық құқығының және өз юрисдикциясындағы тұлғаның немесе тұлғалардың өмір сүру құқығының тиісті түрде қорғалуын қамтамасыз етпейді.

Әлбетте мемлекеттер осы екі іргелі құқықтардың сақталуын полицияның көмегімен қамтамасыз ете алады, және дәл осы себепті, отбасындағы зорлық адам құқықтары саласындағы дайындық курстарында зерделеуге арналған маңызды тақырып болып табылады. Алайда полиция қызметкерлерінің отбасындағы зорлық әрекеттеріне берген жауапты қимылдары – полиция органдарының саясаты, тәжірибе, басшылық жәнпәне басқарма, кәсіби дайындық және өзге мекемелермен және топтармен өзара әрекеттесумен тікелей байланысты полиция жұмысының техникалық жағы ғана.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасау жұптас –еркектердің тарапынан әйелдерге қатысты дене, психологиялық немесе нәпсілік қиянат етуді білдіреді, бұл қылмыс болып табылады және отбасы аясында жасалса да, қылмыс ретінде танылуы тиіс.

Мұндай қиянат ету түрлі нысандарда – аздаған дене жарақаттарын келтіруден өлтіруге дейін орын алады. Ол, сондай-ақ бірнеше реттік ауызша балағаттау, қамауда ұстау, материалдық ресурстардан айыру, соққыға жығу, нәпсілік қол сұғушылықтар, күйеуінің өз әйелін зорлауы, жезөкшелікпен айналасуға мәжбүрлеу, әйелдерге зиян келтіретін практиканың дәстүрлі түрлері, некеден тыс зорлау, жезөкшелікпен айналасуға мәжбүрлеу, әйелдерді саудалау, қанаумен байланысты зорлық көрсетуден тұрады.

Әйелдерге қатысты зорлық өзінің барлық нысандарында адам құқықтары мен әйелдердің негізгі бостандықтарын бұзу болып табылады, сондай –ақ оларға мұндай құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға кедергі келтіреді немесе жол бермейді.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың ауқымын бағалау өте қиын, себебі бұл құбылыс әдетте жасырын сипатқа ие болады, алайда ол дамыған, сондай-ақ дамушы елдердегі көптеген отбасыларға тән. Зорлық түрлі әлеуметтік топтарға жататын отбасыларында орын алады және қандай да бір мәдени шекаралармен шектелмейді. Жер шарының отбасында зорлық болмайтын ешбір бөлігі жоқ шығар.

Отбасындағы зорлықтың салдары – бұл өлім, денесін жарақаттау, психологиялық қиыншылықтар және отбасының басқа мүшелеріне, ең біріншіден балаларға төнетін қауіп.

Жасалған әрекет (әйелдерге зорлық көрсету) қылмыстық жазалауды қарастыратын болса, әдетте, екі рәсім қолданылады, оларға сәйкес:

- кінәліге қылмыстық іс жасағаны үшін айып тағылады, бұл тергеу барысында анықталып, айғақтармен дәлелденеді;
- кінәліге құрбандарды ары қарайғы қатыгез іс-әрекеттерден немесе зорлықтан қорғау туралы сот қаулысының шығарылуын көздейтін заңнама қолданылуы мүмкін. Мұндай хаттаманы бұзу қылмыстық іс ретінде бағаланады, бұл ретте полиция кінәліні қамауға алуға құқылы.

Полиция қызметкерлері әйелдерге қатысты кез келген зорлық-зомбылық актілерінің алдын алу мен тергеуге және оларды жасағаны үшін кінәлілерді, мейлі олар лауазымды тұлғалар немесе жекелеген азаматтар болса да,

қоғамдық жерлерінде немесе ресми мекемелерде ұстауға бар күшін салулары тиіс.

Полиция қызметкерлері әйелдерге қатысты зорлық-зомблықтың алдын алу үшін ресми деңгейде шешуші шаралар қабылдауға және полицияның қате іс – қимылдарының салдарынан немесе құқықтық тәртіпті қолдау қызметінің гендерлік аспектілерін елемей себепті, мұндай зорлық – зомблықтың болашақта қайталанбауын қамтамасыз етулері тиіс.

Әйел құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы

Қазақстан Республикасының Конституциясының 14 бабы кемсітуге жол бермеу қағидасын бекіте отырып « Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп мәлімдейді.

Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты кемсітуге тыйым салынған, оларға ерлермен тең құқықтар берілген, соған қарамастан, әйелдердің ерлермен салыстырғанда, өз құқықтарын іске асырудың шектеулі мүмкіндіктеріне ие болатын жағдайлары да орын алып тұрады. Әлбетте, ерлер мен әйелдердің іс жүзіндегі теңдігіне қол жеткізу үшін, бірқатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени кедергілерден өту қажет.

Әйелдердің қоғамдық өмір мен мемлекетті басқаруға кең ауқымды қатысуын, әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің артуын, ұлттық гендік қордың сауықтырылуы, адамгершілік негіздері, бейбітшілік пен бірлікті нығайтудағы әйелдің рөлін белсендетуді қамтамасыз ету мақсатында, 2009 жылдың 8 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңы қабылданды, онда ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері аталған:

1) мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және дамыту;

3) ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға бағытталған тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу, қабылдау және іске асыру;

4) ел халқы арасында ерлер мен әйелдердің тең құқылық мәдениетін тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу;

5) халықаралық құқықтық жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын және халықаралық міндеттемелерді орындау;

6) саясатты, әлеуметтік – еңбек және отбасы қатынастарын қоса алғанда, тыныс – тіршіліктің барлық салаларында жыныстық теңдікті

қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси мәдениеті деңгейін көтеру болып табылады.

Тақырып № 10

Төтенше жағдайларда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі полиция қызметі

1. «Төтенше жағдай» және «әскери жағдай» түсінігі.
2. Төтенше жағдайда құқық қорғау органдарының іс-қимылдарын реттейтін халықаралық стандарттары.
3. Төтенше жағдайларда адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін жалпы негіздер.

1. «Төтенше жағдай» және «әскери жағдай» түсінігі.

1) жергілікті жердің коменданты - Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатураның қызметіне басшылық жасайтын және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдарды бірыңғай басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам;

2) жергілікті жердің комендатурасы - төтенше жағдай енгізілген жерлерде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын уақытша арнаулы орган;

3) коменданттық сағат - арнайы берілген рұқсаттамасыз және жеке басын куәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық жерлерде не үйлерінен тысқары жерлерде жүруге тыйым салынатын тәулік мезгілі;

4) төтенше жағдай - азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметіне, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим болып табылатын уақытша шара;

5) төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары - Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерінің аумағы;

6) Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия - төтенше жағдай енгізу кезеңіне Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен құрылатын арнаулы мемлекеттік басқару органы.

7) агрессия - шет мемлекеттің (мемлекеттер тобының не коалициясының) Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық қол сұғылмаушылығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы қарулы күш қолдануы

немесе оған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен сыйыспайтын қандай да болсын басқадай әрекет жасауы.

2. Төтенше жағдайда құқық қорғау органдарының іс-қимылдарын реттейтін халықаралық стандарттары.

БҰҰ қызметінің негізгі бағыттары — жер бетінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтап, мемлекеттердің сан алуан саладағы ынтымақтастығына жәрдемдесу, адам құқылары мен бостандықтарын қорғап, халықар. құқықты жүйелеу және оның прогрессивті дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қауіпсіздік кеңесі – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күреседі. Оның шығарған барлық шешімдеріне БҰҰ мүшелері бағынуы тиіс. БҰҰ Жарғысының 24-бабына сәйкес Қауіпсіздік Кеңесіне халықар. бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жауапкершілігі жүк-телген. Бұл органның ерекшелігі — Кеңестің 5 тұрақты мүшесі ғана шешім қабылдау кезінде бірауыздылық қағидасын қатаң ұстанады; егер олардың біреуі ұсынылған жобаға қарсы дауыс берсе, шешім қабылданбайды.

Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне БҰҰ-ның барлық мүшелері бағынуға міндетті. Оның 5 тұрақты мүшесі (Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай) вето қою құқына ие. Осы бес елдің біреуі қарсы болса-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің ешқандай шешімі қабылданбайды. Бұл елдер – ядролық қаруға және оны жеткізу тәсілдеріне алғаш ие болған елдер. Бүгінгі таңда ядролық қаруға ие елдердің қатары қалыңдаған сайын Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің санын көбейту мәселесі ауық-ауық көтеріліп тұр.

Қауіпсіздік Кеңесі нақты шешім қабылдай алмады, қолданған санкциялары нәтиже берген жоқ.

3. Төтенше жағдайларда адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін жалпы негіздер.

Төтенше жағдай енгізудің шарттары, негіздері:

1. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

2. Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, осы баптың 1-тармағының талаптары сақталған жағдайда:

1) шекаралас мемлекеттер аумақтарынан Мемлекеттік шекара арқылы жаппай өту; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге ұмтылу; терроризм актілері; Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып, билікті күштеп басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттер; қарулы қақтығыстарға тарту мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан болатын арандатушылық іс-

әрекеттер; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзу; жаппай тәртіпсіздіктер, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар; экстремистік топтардың жекелеген жерлерді, аса маңызды объектілерді қоршап алуы немесе басып алуы; заңсыз әскери құралымдар құру және олардың қызметі;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар мен індеттер, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Дүлей зілзаланың немесе кең көлемді аварияның (апаттың) нақты қаупі де төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

Төтенше жағдайды енгізу тәртібі.

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдайды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Қазақстан Республикасының Президенті тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

2. Төтенше жағдай қалыптасқан жағдайды өзге шаралар қолданумен реттеу мүмкін болмаған жағдайда енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми баспа басылымдарында дереу жариялануға тиіс және барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығында:

1) осы Заңның талаптарына сәйкес төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар;

2) төтенше жағдайды енгізу қажеттігінің негіздемесі;

3) төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары;

4) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдар;

5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;

6) төтенше жағдайды енгізу кезеңінде құрылатын мемлекеттік басқарудың арнайы органдары және олардың өкілеттігі;

7) төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар);

8) төтенше жағдайды енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі қамтылады.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі - 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс. Төтенше жағдай енгізілген мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі.

Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы белгіленген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады.

Қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті жарлығының негізінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мынадай міндеттерді орындауға:

1) төтенше жағдай енгізілген жерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін сақтауға;

2) ерекше режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін объектілерді күзетуге;

3) арнайы құралдарды, қаруды қолдану, сондай-ақ әскери және басқа да техниканы пайдалану арқылы күш көрсету әрекеттері орын алған жанжалдарға қатысқан тайталасушы тараптарды айыруға;

4) заңсыз қарулы құралымдар қызметінің жолын кесу ісіне қатысуға;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және адамдар өмірін құтқару ісіне қатысуға тартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мақсатында ғана төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге тартылады.

Төтенше жағдай енгізілген кезде оның күшінде болу кезеңіне мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуін

күшейту;

2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың жанындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру;

4) төтенше жағдай енгізілген жерге немесе Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, сондай-ақ олардан шығуға шектеу белгілеу;

5) жиналыстарға, митингілер мен демонстрацияларға, шерулер мен тосқауылдарға тұруға, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салу немесе шек қою;

6) ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тыйым салу;

7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды пайдаланатын заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру;

8) егер төтенше мән-жайларға байланысты материалдық және мәдени құндылықтардың жойылуының, ұрлануының немесе бүлінуінің нақты қаупі болса, оларды қауіпсіз аудандарға көшіру;

9) төтенше жағдай енгізілген жерде ол күшінде болатын бүкіл кезеңі ішінде сайлаулар мен республикалық референдумдер өткізуге тыйым салу көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңының 4-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілген жағдайда, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) коменданттық сағат енгізу;

2) баспа басылымдарының міндетті даналары мен радио және телехабарларының материалдарын сұратып алу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе тоқтату;

4) көшіру-көбейту техникасын, радио және телехабарларын беру аппаратурасын, дыбыс және бейнежазба техникасын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу, сондай-ақ дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды уақытша алып қою;

5) азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды сатудың, сатып алудың және бөлудің ерекше тәртібін орнату;

6) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және қаржылай қаражаттың бірден бірге өтуін қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруына шек қою;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға шек қою немесе тыйым салу, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың,

психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режим белгілеу;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардан қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңының Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңының 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген ретте, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) тұрғындарды оларға міндетті түрде уақытша тұрғын үй-жайлар бере отырып қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру;

2) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық резервті пайдалану, заңды тұлғалардың ресурстарын тарту, олардың жұмыс режимін өзгерту және төтенше жағдай кезінде қажетті өнімдер шығаруға қайта бағдарлау;

4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, еңбекке жарамды тұрғындарды және жеке тұлғалардың көлік құралдарын аталған жұмыстарды жүргізуге тарту көзделеді.

Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беріледі, материалдық зиянның орны толтырылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шекте қажетті көмек беріледі.

Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою қажеттіліктері үшін мүліктері мен ресурстары пайдаланылған жеке және заңды тұлғаларға материалдық залалды сонымен бірдей өтеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолдануының, әскери техниканы пайдалануының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттары мен шектері төтенше жағдай кезінде өзгертілмеуге тиіс.

Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ұстау тәртібі.

1. Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери патрульдер - коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын куәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстайды. Ұсталған адамдар және олардың өздерімен бірге болған заттары мен көлік құралдарының тексерілуі мүмкін.

2. Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының ұстау туралы шешімі жөнінде жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым берілуі мүмкін.

3. Төтенше жағдай енгізілген жерде адамдар мен жануарлардың қауіпті жұқпалы ауруларының таралу қаупінің туындауы салдарынан карантин енгізілген жағдайда, төтенше жағдай режимін бұзған, көрсетілген жерлерде тұрмайтын және басқа да жағдайларда бұл аумақтың шегінен міндетті түрде шығарылуға тиіс жеке тұлғалар оларды байқауға алудың денсаулық сақтау органдары белгілеген мерзімі аяқталғанға дейін жалпы негізде ұсталып, кідіріледі.

4. Ұсталып кідірітілген адамдарды ұстау тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарымен белгіленеді.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде ғана қолданылады және төтенше жағдайдың тоқтатылуымен бір мезгілде ол туралы арнайы хабарландырусыз-ақ күшін жояды.

Төтенше жағдайдың күшінде болуын тоқтату төтенше жағдай режимін бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің тоқтатылуына негіз болады.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысушы органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды заңсыз қолдануы және әскери техниканы заңсыз пайдалануы, сондай-ақ лауазымды адамдардың қызметтік өкілеттігін асыра пайдалануы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Соғыс жағдайын енгізу:

1. Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жағдайлары не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатер Қазақстан Республикасының

бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болып табылады.

2. Соғыс жағдайы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен енгізіледі.

3. Соғыс жағдайы енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Президенті, егер бұрын жарияланбаған болса, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялайды.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығында:

- соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болған мән-жайлар;
- енгізілген шаралардың және азаматтар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеулердің тізбесі;
- соғыс жағдайы енгізілетін аумақтың шекаралары;
- соғыс жағдайын орнату мен қолдау үшін тартылатын күштер мен құралдар;
- соғыс жағдайы қолданыла бастайтын уақыт белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің соғыс жағдайын енгізу туралы жарлығының толық мәтіні дереу радио мен теледидар арқылы таратылуға, сондай-ақ ресми түрде жариялануға тиіс.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Парламентін соғыс жағдайының енгізілгені және ішінара немесе жалпы мобилизация жарияланғаны туралы дереу хабардар етеді.

7. Мемлекетті агрессияға тойтарыс беруге әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілейді.

Соғыс жағдайының кезеңі:

1. Соғыс жағдайының кезеңі соғыс жағдайы енгізілген уақыттан басталады және соғыс жағдайының күші жойылған уақытпен аяқталады.

2. Соғыс жағдайы күшінде болған кезеңде азаматтардың және басқа да адамдардың, Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 3-тармағында аталған баптарда көзделген құқықтар мен бостандықтарды қоспағанда, құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың қызметін шектеу, сондай-ақ оларға осы Заңда белгіленген қосымша міндеттер жүктеу көзделеді.

3. Соғыс жағдайы енгізілген жерлерде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери басқару органдарының өкілеттіктері кеңейтіледі, оларға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы барлық функциялары көшеді.

4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік органдары соғыс жағдайы қолданылатын кезеңде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агрессияға тойтарыс беру үшін қолданылады.

5. Соғыс жағдайы күшінде болған кезеңде азаматтық және аумақтық қорғаныс шаралары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Соғыс жағдайы енгізілген аумақта мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

1) Республиканың мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарын, сондай-ақ экономикасын соғыс жағдайы талаптарына сай жұмыс істеуге көшіру;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдыра өрістетугін жүргізу;

3) Қарулы Күштердің мүдделеріне сай міндеттерді орындау үшін арнайы құралымдар жасақтау, экономиканың іркілссіз жұмысы мен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету;

4) азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын өткізу;

5) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар запасына салынған тыйымды алып тастау және оны пайдалану;

6) қоғамдық тәртіптің, сондай-ақ республикалық объектілер бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық объектілер бойынша - жергілікті атқарушы органдар белгілейтін тізбелерге сәйкес мемлекеттік және әскери объектілердің, халықтың тыныс-тіршілігін, көлік пен коммуникациялардың жұмысын қамтамасыз ететін объектілердің, адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін аса қауіпті объектілердің күзетін күшейту;

7) көлік, коммуникациялар және энергетика, сондай-ақ адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін аса қауіпті объектілер жұмысының ерекше режимін белгілеу;

8) халықты, шаруашылық, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілерді эвакуациялау, сондай-ақ азаматтарды және басқа адамдарды өмір сүруге қауіпті аудандардан, уақытша немесе тұрақты тұруы және орналасуы үшін оларға міндетті түрде тұрғын үй-жай және тұрғын үйге жатпайтын үй-жай бере отырып, басқа аудандарға уақытша көшіру;

9) жеке және заңды тұлғалардан қорғаныс мұқтажы үшін қажетті мүлікті, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайда реквизициялау, оларға реквизицияланған мүлік құнын мемлекеттің өтеуі;

10) соғыс жағдайы енгізілген аумаққа кірудің және одан шығудың ерекше режимін белгілеу және қамтамасыз ету, сондай-ақ жүріп-тұру еркіндігін шектеу;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін

камтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту;

12) соғыс жағдайы енгізілген жерде болатын орын мен тұратын орынды таңдауға тыйымдар мен шектеулер белгілеу;

13) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, бой көрсетулер, ереуілдер өткізуге тыйым салу немесе шектеу;

14) коменданттық сағат белгілеу және әскери басқару органдары мен мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша азаматтардың және басқа да адамдардың құжаттарын тексеруді жүзеге асыруына, олардың жеке басына тексеру жүргізуіне, заттарын, тұрғын үйі мен көлігін тексеріп қарауына, сондай-ақ азаматтарды, басқа да адамдарды және көлік құралдарын ұстап, іркүді жүзеге асыруына құқық беру;

15) қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш және улы заттар сатуға тыйым салу, құрамында есірткі және өзге де күшті әсер ететін заттар бар дәрі-дәрмек пен медициналық препараттар, алкоголь өнімдері айналымының ерекше режимін белгілеу;

16) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге шығуына тыйым салу немесе шектеу;

17) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпиялылық режимін күшейтуге бағытталған қосымша шаралар енгізу;

18) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес соғыс жағдайын камтамасыз етуге қажетті өзге де шаралар.

Соғыс жағдайы кезеңінде мемлекеттің қорғаныс мүддесіндегі қажеттерін, сондай-ақ халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті өнімдер өндіруге, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға арналған жағдайларды камтамасыз ету мақсатында экономикалық және қаржылық қызметті жүзеге асыруға; тауарлардың, ақшаның және қызмет көрсетудің бірден бірге еркін өтуіне; ақпаратты іздеуге, алуға, беруге, өндіруге және таратуға; банкроттық рәсімдерін қолданудың тәртібі мен шарттарына; еңбек қызметінің режиміне арналған уақытша шектеулер қоюға байланысты шаралар қолданылуы мүмкін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында да, оның жекелеген жерлерінде де қаржы, салық, кеден және банк жүйелерінің жұмыс ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

Соғыс жағдайы режимін камтамасыз ету кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша мынадай негізгі міндеттерді орындау үшін:

1) соғыс жағдайы енгізілген аумаққа кірудің және ол аумақтан шығудың ерекше режимін сақтау, сондай-ақ ондағы жүріп-тұру еркіндігін шектеу;

2) халықты құтқару мен эвакуациялауға, авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарға, санитариялық-эпидемияға қарсы, эпизоотияға қарсы және басқа да шараларды өткізуге қатысу;

3) мемлекеттік және әскери объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін, көлік пен коммуникациялардың жұмысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға аса қауіпті объектілерді күзету;

4) қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, соғыс жағдайы шараларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысу;

5) заңсыз қарулы құралымдардың, террористердің, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен әскери басқару органдарында қызметі Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталғандығы туралы анық мәліметтер бар қоғамдық және діни бірлестіктер, шетелдік және халықаралық ұйымдар әрекеттерінің жолын кесу үшін Қарулы Күштер қолданылады, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар тартылады.

Соғыс жағдайы шараларын қамтамасыз ету үшін қолданылатын мемлекеттік органдардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін тартылып отырған әскери қызметшілерге және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау кезінде қару-жарақ, әскери техника, арнайы құралдар алып жүру, сақтау, қолдану, сондай-ақ дене күшін қолдану құқығы беріледі.

Аталған адамдар дене күшін, арнайы құралдарды, қару-жарақты және соғыс техникасын қолдануға байланысты келтірілген зиян үшін, егер келтірілген зиян төнген қауіптің сипаты мен дәрежесіне сәйкес болса, жауапты болмайды.

Соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін тартылған әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметкерлері дене күшін, арнайы құралдарды, қару-жарақты немесе соғыс техникасын:

1) мемлекеттік және әскери объектілерге, азаматтарға және басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, сондай-ақ азаматтардың және басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қарсылықты болғызбау үшін;

3) өздерімен бірге қару-жарақты, оқ-дәрілерді, жарылғыш, химиялық немесе улы заттарды алып жүрген адамдарды, егер олар: қылмыс жасау үстінде қолға түссе; әскери қызметшілердің немесе мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамаса; әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді жүзеге асыруына кедергі келтірсе, оларды ұстау үшін;

4) күзетілетін объектілер мен әскерлердің орналасқан жерлеріне заңсыз еніп кету әрекеттерінің жолын кесу үшін;

5) ғимараттарды, көлік құралдары мен жүктерді азат ету үшін, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер мен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың жолын кесу үшін;

6) жүргізушісі заңды талаптарды орындамаған көлік құралын тоқтату үшін;

7) дабыл немесе көмекке шақыру белгісін беру үшін;

8) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де жағдайларда қолдануға құқылы.

3. Дене күшін, арнайы құралдарды, қару-жарақты және соғыс техникасын өкілеттіктен асыра қолдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа апарып соғады.

Қазақстан Республикасының Президенті соғыс жағдайы кезеңінде:

1) соғыс жағдайын қамтамасыз етуді ұйымдастыру ісіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың келісілген жұмысын және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) соғыс жағдайы енгізілген аумақта соғыс жағдайы шараларының қолданылу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың осы шараларды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін бекітеді;

4) соғыс жағдайының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес төтенше мемлекеттік бюджетті қабылдап, енгізеді және ол туралы Қазақстан Республикасының Парламентін дереу хабардар етеді;

6) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, мемлекеттік органдарды соғыс жағдайын қамтамасыз ету үшін қолдану тәртібін белгілейді және осы Заңға сәйкес олардың міндеттерін айқындайды;

7) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, бой көрсетулер, ереуілдер өткізуге тыйымдар немесе шектеулер белгілейді;

8) әскери қызмет өткерудің ерекшеліктерін анықтайды;

9) көліктің, коммуникациялардың және энергетиканың, сондай-ақ адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға аса қауіпті объектілердің ерекше жұмыс режимін белгілейді;

10) қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдар құрады;

11) соғыс жағдайы күшінде болған кезеңде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Республика Үкіметінің құрылымын белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

Азаматтар және басқа да адамдар Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Заңның, өзге де нормативтік құқықтық актілердің

және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың соғыс жағдайы мәселелері жөніндегі талаптарын орындауға міндетті.

Соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы азаматтар мен басқа да адамдар:

1) соғыс жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының талаптарын орындауға және оларға жәрдемдесуге;

2) тұрып жатқан жеріндегі әскери басқару органдарына және мемлекеттік органдарға шақырту бойынша келуге;

3) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарын орындауға;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қорғаныс сипатындағы жұмыстарға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өздерінің меншігіндегі қорғаныс қажетіне керекті мүлікті беруге;

6) өздеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Нормативтік құқықтық актілер

1. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Всеобщая декларация прав человека 10.12.1948 г.
3. 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқығы туралы Жалпыға бірдей Декларациясы
4. 1966 жылы қабылданған Адам құқығы туралы халықаралық пакті
5. 1979 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған Азаматтық және саяси құқықтық халықаралық пакті
6. 1979 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі
7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1007-ХІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
8. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (2014ж.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
9. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. 26 желтоқсандағы № 2733 Конституциялық Заңы (2015ж.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
10. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы 2000 ж. 20 шілдедегі № 83-ІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы (2014ж.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
11. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы (2014ж.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
12. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық Заңы (2014ж.29.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
13. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық Заңы (2014ж. 29.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
14. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық Заңы (2015ж.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
15. «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясі, 25.10.1990ж.

- 16.Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі (2016ж.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 17.2011 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы (2016 ж.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 18.Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы 1991 ж. 20 желтоқсандағы № 1017-XII Қазақстан Республикасының Заңы (2016ж.09.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
19. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015ж.04.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 20.Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 Қазақстан Республикасының Заңы (2004ж.20.12. берілген өзгерістермен)
21. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (2016ж.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
22. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы (2016ж.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 23.2002 жылғы 15 шілдедегі қабылданған Саяси партиялар туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2015ж.16.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 24.2002 жылғы 8 тамыздағы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2016ж.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
25. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы (2015ж.02.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Конституционное право Республики Казахстан: Сборник нормативных правовых актов / Сост. Н.В. Сидорова, С.Г. Пен. – Караганда: КЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2010.
2. Шеретов С.Г. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы, 2006.
3. Комментарий Конституции Республики Казахстан. – Алматы, 2004.
4. М.Кемали. Адам құқықтарының және оларды қорғаудың тетіктері. Оқулық. «NURPRESS», Алматы, 2012.
5. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Конституциялыққұқығы. - Алматы, 2004.
6. Права человека: итоги века, тенденции, перспективы. Под ред. Е.А. Лукашевой. Москва: Норма, 2002.

7. Международные договоры РК по оказанию правовой помощи. Алматы: Данекер, 2000.
8. Т.Д.Абишев, Д.Д.Ахметов. Адам құқықтарын қорғау полиция қызметі мен міндеті ретінде. – Алматы, 2012.
9. Г.Қ.Искакова, Н.С.Газизова, А.Б.Сембаева ҚР-ғы адам құқығы. Астана, 2008.
10. Г.Бекхожина. (аударма) Адам құқықтары туралы халықаралық Билль.- Алматы. 1998
11. Сарсембаев М.А. Адам құқығы. Оқу құралы. Алматы, 1999
12. Бекназар-Юзбашев Т.Б. Права человека и международное право. М., 1996г.
13. Права человека и механизм их защиты: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «NURPRESS», 2012.
14. Бекназар-Юзбашев Т.Б. Права человека и международное право. М., 1996г.
15. М.Кемали. Адам құқықтарының және оларды қорғаудың тетіктері. Оқулық. «NURPRESS», Алматы, 2012.
16. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Конституциялық құқығы. - Алматы, 2004.
17. Г.Қ.Искакова, Н.С.Газизова, А.Б.Сембаева ҚР-ғы адам құқығы. Астана, 2008.
18. М.А. Сарсембаев Адам құқығы. Оқу құралы. Алматы, 1999.
19. А.Х.Саидов, Адамның жалпы танылған құқықтары. М., 2002ж.

